

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ  
«ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ»

**ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ  
ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК**

Республикалық дөңгелек үстел материалдар жинағы

Сборник материалов республиканского круглого стола

**ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО  
В КАЗАХСКОЙ ТРАДИЦИИ И ИСЛАМЕ**

Алматы 2024

ӘОК 28:314  
КБЖ 86.2:60.7  
Қ 17

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған*

ҚР ҰҒА академигі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор  
**С.Т. Сейдүмановтың** жалпы редакциясымен

### **Рецензенттер**

*Жандосова Ш.М., PhD, қауымдастырылған профессор  
Бағашаров Қ.С., PhD, қауымдастырылған профессор*

**Қ 17 Қазақ дәстүріндегі және исламдағы гендерлік теңдік:**  
Республикалық дөңгелек үстел материалдар жинағы – Сборник  
материалов республиканского круглого стола: **Гендерное равенство в  
казахской традиции и исламе.** – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия,  
саясаттану және дінтану институты», 2024. – 140 б.

ISBN – 978-601-304-145-2

Республикалық дөңгелек үстел материалдар жинағы қазақстандық  
қоғамның гендерлік теңдігінің тарихи дәстүріне негізделген діни, мәдени  
бірегейлікті сақтау, қазіргі қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелерді  
анықтау, гендерлік саясатты жетілдіру және тағы басқа өзекті мәселелерді  
талдауға арналған.

Республикалық дөңгелек үстел материалдарының жинағы  
гуманитарлық саладағы мамандар, оқытушыларға, докторанттарға,  
магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ осы мәселелерге  
қызығушылық танытқан оқырмандардың кең ауқымына арналған.

*Республикалық дөңгелек үстел Қазақстан Республикасы Ғылым және  
жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің (АР19676979 «Исламдағы  
гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік») гранттық  
қаржыландыруы аясында дайындалды және жарияланды.*

**ӘОК 28:314  
КБЖ 86.2:60.7**

ISBN – 978-601-304-145-2 © ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану  
және дінтану институты» ШЖҚ РМК, 2024

## МАЗМҰНЫ

<i>Сатеришинов Б.М.</i> Қазақтың этномәдени дәстүріндегі әйел болмысы және ислам.....	5
<i>Тоқтарбекова Л.Н., Сейтахметова Н.Л.</i> Қазіргі қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелер.....	13
<i>Шағырбай А.Д.</i> Алаш қозғалысының идеологиялық негіздерінің кейбір қырлары.....	22
<i>Жандосова Ш.М.</i> Гендерное равенство в Казахстане: достижения и вызовы в контексте исламского феминизма.....	28
<i>Бектенова М.К.</i> Қазіргі әлемдегі ислам феминизмі мәселесі.....	39
<i>Алтайқызы А.</i> Исламдық некедегі әйелдің әлеуметтік және құқықтық орны.....	48
<i>Қасабекова Е.Қ.</i> Қазақ халқының рухани әлеміндегі гендерлік теңдік мәселесі.....	55
<i>Қасымхан Қ.</i> Әйел теңдігі: түркі-ислам мәдениеті тұрғыдан зерттеу.....	62
<i>Бурибеков О.</i> Қазақ қоғамындағы әйелдердің тарихи контекстегі рөлі.....	70
<i>Мырзабеков Ж.Е.</i> Қазақстандағы діни ахуалдың өзекті мәселелері.....	76
<i>Тұмашбай Т., Мырзабеков Ж.Е.</i> Ұрпақтар сабақтастығы және қазақ қызының харизмалығы.....	86
<i>Спанов М.Ж., Аманбайқызы М.</i> Яссауи хикметіндегі сопылық ілімнің ерекшелігі.....	97
<i>Спанов М.Ж.</i> Әл-Фараби философиясындағы кемел басшы талаптары.....	107

<i>Мейманхожа Н.Р.</i> Діни ағартушылықтағы көрнекті тұлғалар: Мәшһүр Жүсіп пен Ғұмар Қараштың пайымдары.....	115
<i>Махамедова Б.Ж.</i> С.Бақбергеновтың әңгімелеріндегі әйелдер бейнесі және олардың рухани маңызы.....	121
<i>Исаева М.И., Ешпанова Д.Д.</i> Гендерлік теңдікті қоғаудың құқықтық механизмдері.....	130

*Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы*  
*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану*  
*институтының бас ғылыми қызметкері, философия*  
*ғылымдарының докторы, профессор*

## **ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРІНДЕГІ ӘЙЕЛ БОЛМЫСЫ ЖӘНЕ ИСЛАМ**

Жалпы алғанда, қазақтың дәстүрлі отбасылық мәдениетінде исламдық элементтер айқын болғанымен, бірақ шешуші, әрі басым факторға жеті аталық үрдіс жатады. Бұл жағынан алғанда қазақы отбасылық мәдениеттің тек жалпы мұсылмандық мәдениеттен ғана емес, сонымен қатар өзіне жақын көршілес өзбек, түркімен, парсы жұрттарынан айырмашылығы көп болды. Себебі, аталған этностарда кузендік некеге тыйым салынбаған.

Жеті аталық үрдіс – қазақтардың неке және отбасылық қатынастарының құрылымының өзегін алып жатыр. Бүкіл әдет-ғұрып құқығының неке және отбасы саласын реттеуге бағытталған нормалары мен институттарының негізгі және басты ұстыны жеті атаға дейін қыз алыспау деп аталады. Яғни жақын туыстар арасында қана араластыруға (инцестке) жол бермеу неке және отбасы қатынасын реттеуге арналған әдет-ғұрып құқығының басты мақсаты және мәні еді. Өзге институттар мен нормалар (қалың мал, көп әйел алу, әмеңгерлік және т.б.) осы ұстынның аумағында және бақылауында іске асты, оның ықпалынан шықпауға, талабын мойындауға мәжбүр және міндетті болды. Қазақтың осы байырғы шежірелік дәстүрі бойынша жеті ұрпақ бір ата, ал он үш ата бір ру деп есептелді.

Қазақ арасында некенің негізгі формасы дара неке (моногамия) болды, ал көп әйел алушылық (әдетте бұл шариатқа сәйкес төртеумен шектелді) – полигамия бай-шонжарлар арасында ғана орын алды. Некеге қатысты негізгі салттың бірі – «қалың мал». Оның мөлшері құдаласушылардың орын-мәртебе, дәулеті мен әл-ауқат күйіне қарай әркелкі болды. Күйеу жақ қалыңмалдан тыс қыздың әке-шешесіне «ілу», «сұтақы», «қоймал» беретін болды. Қалың беріп үйленуге шамасы жетпеген кедейлерге ағайын-туғандары мен руластары көмектескен. Қазақтардың дәстүрлі неке салтында ажырасу «сұмдық іс» деп есептелді, ал егер әйелі күйеуінің көзіне шөп салып, ажырасудың «талақ» деп аталатын бұл себебі тіпті масқара болатын. Сондықтан қазақ арасында некеден ажырасу өте сирек болатын.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде келін бүкіл рудың протекциясында болды. «Әмеңгерлік» салты бойынша, ері қайтыс болған жас әйел ерге тиюді тілесе, қайтыс болған күйеуінің інісіне, яки ағасына не болмаса жақын туыстарының біріне немесе руласына тиюі тиіс. Бұл жөнінде «ерден кетсе де, елден кетпес» деген ереже бар. Ері өлген әйелге күйеуінен қалған мүліктің алтыдан бірі беріледі.

Әйел тіршілікті өмірге әкелуші ана, отбасының күре тамыры, шаңырақтың тірегі, ұрпақтың тәрбиешісі, қамқоршысы, жарық дүниенің жақсылықтарын жасаушысы адам баласына тек ізгілік, жақсылық тілеуші тұлға болғадықтан қазақ қоғамында қатты құрметтелді. Ол сәбидің шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап («туғанда дүние есігін ашады өлең» деп дана Абай айтқандай), дүниеден өтердегі жерлеу дәстүріне дейінгі салт-санадан айқын аңғарылады. Әрбір салттың тұтқасында әйел заты жүреді және соның барысынан-ақ қазақы әйелдің болмысы аңғарылады.

Адам өміріндегі ең бір қызықты да, қуанышты да ұмытылмас бір белең – оның үйленіп, жеке отау тігуі болса, қазақ халқының ұлын үйлендіріп қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Рет-ретімен келер болсақ, «қыз көру», «жар таңдау», дәстүрлерінде қыздың сұлулығы мен сымбатына (сұңғақ бойлы, оймақ ауызды, күлім көзді, жайдары мінезді, алма мойынды, ақша бетті, ақ тамақты, аршын төсті, бұраң белді, сүмбіл шашты, ақ мандайлы, сүрме қасты, ұзын кірпікті, ақ білекті, маржан тісті, қыр мұрынды және т.б.), тектілігіне («көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық») ақылдылығына («алған жарың ақылды болса, жұмақтағы хормен тең, жаман болса, маңдайға біткен сормен тең»), іскерлігіне («өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» демекші, сиыр сауу, қой қосақтау, қонақ күту, шай құю, құрт қайнату, тамақ пісіру, кесте тігу, шілтер тоқу, киіз басу, киім тігу т.б.) байланысты талаптар қойылады. Осының бәрі «қыз сынын» білдіреді.

Одан ары «қыз айттыру», «құда түсу» дәстүрлеріне келер болсақ, «қарқаралы қыз» делінетін басы бос божеткенге «қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды» деп, қыздың «қарғыбауына» деп бір жорға мен сырға, сақина сияқты белгі тастап кеткеннен кейін ол «сақиналы қыз» атанады. Қыз айттыруға баратын «жаушы» келісіп келгеннен кейін, жігіт жағы «құдалыққа» аттанады, қыз аулында «құйрық-бауыр жегеннен» соң «шашу» шашылып, «құда тартылып», киіп қайтады. «Сыйға сый, сыраға бал» демекші, ендігі кезекте жігіт жағы «есік-төр көріп кетіндер» деп қарсы той жасап, қыздың қалыңмалын төлейді.

Күйеу баланың ресми түрде қалыңдығымен кездесуге баруын «ұрын бару» дейді, ауыл жастары «қынаменде» ойынсауығын ұйымдастырады, «қыз қашар» тойы тойланады.

Осы ұрын тойдың өзінде, «күйеу қашырар», «желі тартар», «ит ырылдатар», «бақан салар», «үйге кірер», кемпір өлді», «шымылдық ашар», «төсек салар», «қол ұстатар», «қыз құшақтатар», «шаш сипар», «көрпе қимылдатар» сияқты кәделерден өтіп барып, қалыңдығымен оңашаланады [1, 101-122 б.]. «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз той болмайды» демекші, қалыңдықтың туған туысқандары қызын ешқашан жасаусыз үйінен шығармаған. Себебі қызына жасау беру – ата-ананың мойнындағы бірінші борышы болып есептеледі.

«Қыз ұзату» тойында балдызы «ат байлар», сыйлығын алады, отау тігер алдында мал сойылып «құдай жолы» жасалады, отау тігу барысында «кереге керер», «шаңырақ көтерер», «уық шаншар», «туырлық жабар», «үзік жабар», «бау-шу байлар» кәделері үлестіріледі. Ауыл жастары таң атқанша «Балтам тап», «хан», «Көрші», «Мыршым» ойындарын ойнап, ертесіне арқан тартысып, қыз қуысып, жамбы атысып, күрес пен бәйгені тамашалайды. Қыз «сыңсу» айтып елінен аттанғаннан кейін, жігіттің ауылында «келін түсіру» тойы басталады. Жас келінді таныстыру үшін «беташар» айтылады, артынша «Жар-жар» айтылып «Тойбастармен » тойға жиналады. Мінеки, бір «қыз ұзатып, келін түсіру» тойының өзінде қаншама мән-мағынаға толы жөн-жоралғылар бар.

Одан арғы ұрпақ ұлағаты да әйелдер қауымының мойнында болған. Қамқор ене келін түскен кезде-ақ ұл немерелі болуы үшін оған ырымдап алғаш сойылған малдың ұлтабарын жегізеді. Келіннің бойына бала біткенін білісімен үлкен үйдің оң керегесіне ақ орамал тағады, осылайша келіннің жүкті екенін бүкіл ауыл біледі. Жас келіннің асқа тәбеті шаппай, құсып жүргенін байқаған көршілерін шақырып, енесі «құрсак шашу» тойын жасайды, бұл томалаққа тәжірибелі аналар өз үйлерінен бір-бір дәм пісіріп, оның «жерік асын» табуға тырысады. Әйелдің



жүкті кезінде ескерілетін халықтық түсінікке негізделген толып жатқан ырымдар бар.

Әрбір қазақ ауылында екіқабат әйелдерді босандыруды машық қылған, қолдары жеңіл кемпірлер болған. Мұндай «аққол аналар» (акушер) келіншектің қай күні босанатынын тап басып айтып отырған. Босандыру барысында халық медицинасының небір үлгілері аңғарылады. «Шілдехана» тойын тек жастар өткізеді. Босанған келіннің күтіміне арналып сойылған малды «қалжа» дейді. Бала туылғанда бір құлын аталады, оны «бәсіре» дейді, үш күннен кешіктірмей баланың құлағына азан шақырып, атын қояды. Баланы бесікке бөлерде «тышты ма» ырымы жасалады. Бөбектің қауіп-қатерлі қырық күні өткен соң, суға шомылдырып, шашын, тырнағын алдырып, «қырқынан шығарады». Туғанына екі-үш айт өткеннен кейін нәресте айналадағы дыбыстарға елендей бастағаннан әрбір ана бесігін тербете отырып, ыңылдап «бесік жырын» айтады, ана жүрегі мейірімге, махаббатқа толып, «өскенде кім боласың?» деп, ана көңілі алдағы ашық күндерге қарай алып ұшады. Осылайша, «ананың ішкі монологын» естіп, «сүтпен кірген мінез, сүйекпен кетеді». Тоғыз-он айында бала қаз тұрып жүруге талпынғанда «тұсаукесері» тойланады. Бүлдіршіннің тілі жеке-жеке сөздерді айтуға икемделе бастаған кезде тілі тез шығу үшін дәстүрлі «тілашар тойы» ырымын жасайды. Баланың тілін сындырып, сөздік қорын молайту үшін анасы төрт түлікті шақыру одағайлары – «пұшайт-пұшайт», «шөре-шөре», «кұрау-кұрау», «аухау-аухау», кәуіс-кәуістен» бастап, әртүрлі тақпақтар мен санамақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар үйретеді. Ұл бала жеті жасқа келгеннен бастап, сүндетке отырғызылып, бірте-бірте ана тәрбиесінен гөрі әке тәрбиесіне қарай ойысады.

Қазақтың дәстүрлі жерлеу салтын сөз еткенде, естірту, көңіл айту және жоқтау ғұрыптары ерекше орын алады.

Әсіресе, жоқтауды әйелдер айтатын және оның халық аузында небір тамаша үлгілері болды.

Әрине, «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Бірақ заманға лайық болудың жөні осы екен деп, тойды жаппай ішкілікпен өткізу, қазаны естіртуді тас төбеден ұрғандай телеграммамен жіберу, мәйітті музыкалатып шығарып салу, тіпті бейіттің басында мылтық ату сияқты жөн-жосықта не мән-мағына бар?

XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақтардың ислам діні айрықша өрістеген көршілес халықтармен сыртқы саяси байланысының нығаюына байланысты шарифат қазақтың қалыпты құқығына айтарлықтай әсер етті.

Әйелдердің негізгі әлеуметтік тағдыры олардың өнімді болуымен дәйектеліп, әйелдің ерекше рөлі ана болумен түсіндірілген, ислам оған мешітке бармай-ақ мінажат етуге рұқсат берген. Әйел ағзасының қалыптасуына байланысты физиологиялық және психологиялық өзгерістерді ескеріп, етеккір кезінде және яки босанғаннан кейін қырық күн бойы қан келуіне байланысты құлшылық ету мен ауыз бекітуден босатылған. Сондай-ақ егер әйелдің немесе баланың денсаулығына зиян келтіретін болса екіқабат және бала емізу кезінде ауыз бекіту босатылған. Егер жіберілген күндер міндетті ауыз бекіту уақыты болса (рамазан айы), онда әйелге жіберілген күндерін өз еркінше өтеуіне мүмкіндік береді. Әйелдердің мешітке бару құқығы бар, бірақ олар жұма намазындағы ортақ дұға оқуға қатынасуға міндетті емес, бірақ бұл рәсім ер адамдар үшін міндетті.

Қазақтар арасына таралған ислам дінінің нәтижесінде, исламға дейінгі нанымдағы әртүрлі әдет-ғұрып пен дәстүрімен жаңа дін күрделі әрекеттестікке түсті. Қазақстанда исламның таралуының ерекшелігі, оның рухани бейімделу қабілеттілігі, жергілікті салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа кірігу икемділігі болды. Ислам әдет-ғұрпы мен қазақтың салт-

дәстүрінің өзара байланыс мен өзара әрекеттестігін аша отырып, ескерте кететін бір жайт ислам құқығының (шариғат) кәдімгі құқықпен (әдет-ғұрып) байланысы Қазақстанда орын алған исламның маңызды бір ерекшелігін біріктіреді.

Орта Азияның басқа елдеріндегі әйелдердің жағдайына қарағанда, қазақ әйелдерінің жағдайы анағұрлым демократияшыл сипатқа ие болуының негізін қазақтардың ислам дінін ұстануының басқа мұсылмандарға тән фанатизммен ерекшеленбеуінде деп А.Левшин тұжырым жасаған [2, с. 53]. Қазақстанның басқа шығыс мемлекеттерінен айырмасы, ол мұсылман әлемінен шетірек тұрғандықтан, орталық және оңтүстік бөлігіне қарағанда, ондағы исламшылдық тың аса қатаң емес екендігі жиі байқалады. Сонымен қатар, ислам оның барлық аймағына бірден жайылған жоқ, бірнеше ғасырларға созылған біртіндеп дамыған үдеріс болды. Сахарадағы мұсылмандықтың таралуын қазақтың көрнекті ғалымы Ш. Уәлиханов жазған. Орын алған оқиғаның болашақ куәгері ретінде және XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамының рухани аясының өзгеруін «Сахарадағы мұсылмандық» атты мақаласында: «Мұсылмандық біздің тәніміз бен қанымызға әлі сіңісе қойған жоқ. Ол бізге болашақта халықтың бөлініп кетуіне соқтырады. Қазір біздің Сахарада қосдіндік кезең Русьте болған қасиетті Нестор кезеңі сияқты» деп атап көрсетті [3, с. 71].

Сөйтіп, XV-XVIII ғасырлардағы мұсылман сана-сезімінің нығаюына қарамастан, Орта Азиядағы басқа әйелдер арасындағы қазақ әйелінің қоғамдағы орының ерекше артықшылығы, біріншіден, Қазақстанға исламның кешірек таралуы және оның діни мұсылман орталықтарынан алыс орналасуы; екіншіден, Қазақстан аумағындағы исламның таралу үдерісінің өзгешелігі, көбіне қазақтардың көшпенді өмір салтымен байланысты; үшіншіден, тіпті ислам Қазақстан-

ның барлық аумақтарында орныққаннан кейін де, ондағы діни өмір мұсылмандыққа дейінгі сенім мен исламның өзара әсері мен өзара әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан әр алуан діни пішінмен бейнеленді. Сондықтан, шариғатты ендіруде бірыңғай құқықтық тәртіп орнату жорамалданғанына қарамастан, Қазақстанда қазақтардың құқықтық қарым-қатынасы сахарада қалыптасқан кәдімгі құқық – әдет-ғұрып немесе әдет-ғұрыпты шариғатпен ұзақ ұштастырумен сипатталды.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған (Грант АР19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»).*

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Ы. Алтынсарин. Очерки обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства. Записки Оренбург. отд. РГО, вып. 1. – Оренбург, 1870.

2 Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Санкт-Петербург, 1832. – Ч. III. – С. 53.

3 Ч.Ч. Валиханов. О мусульманстве в Степи / Собрание сочинений в пяти томах. том 4. Главная редакция Казахской советской энциклопедии. – Алма-Ата, 1985. – С. 71.

***Тоқтарбекова Лаура Ниязбекқызы***

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD*

***Сейтахметова Наталья Львовна***

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының бас ғылыми қызметкері,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының  
докторы, профессор*

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазіргі қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелер – әлеуметтік және мәдени өзгерістердің нәтижесінде қоғамның әртүрлі салаларында маңызды рөл атқаратын күрделі әрі өзекті тақырыптардың бірі. Гендерлік теңдікке қол жеткізу жаһандық маңызға ие болғанымен, әрбір елдің өзіне тән мәдени және тарихи ерекшеліктеріне байланысты бұл мәселенің көріністері мен шешу жолдары да әртүрлі. Өйткені әр халықтың исламға дейінгі өзіндік ділі мен дәстүрі және мәдениеті болғандықтан, зерттеушілердің ойынша, әр мемлекеттегі гендерлік мәселелер алдымен дәстүрі мен мәдени ерекшеліктеріне байланысты орын алады. Осы тұрғыда Батыс зерттеушілері «ислам» мен «гендерлік теңдік» немесе «ислам» мен «феминизм» бір-бірімен қатар тұрмайтын, бір-біріне кереғар ұғымдар деген жаңсақ пікірде. Өйткені олардың пікірінше, исламда гендерлік теңдікке орын жоқ. Сондықтан қазіргі кезде көптеген мұсылман, ислам феминистері гендерлік теңдік мәселелерін алдымен

діннен емес, сол жердің дәстүрімен мен мәдениетінен бастап қарастыру керектігін алға тартады, әр мемлекеттің кейсі әр түрлі бір-біріне ұқсас емес.

Қазақ халқының дәстүрі патриархалдық сипатта болғанымен, әйелдерге үлкен құрмет көрсетілген. Қазақ қоғамында отбасы және ру басшысы ретінде ер адамдар басымдықта болғанымен, әйелдердің де белгілі бір құқықтары мен міндеттері болды. Қазақ дәстүрінде әйел отбасы ұйытқысы, ана ретінде жоғары бағаланған. Ана болу – әйелдің ең басты міндеті ретінде қарастырылғанымен, ол тек отбасылық өмірмен шектелмеген. Мысалы, қазақ тарихында әйел-ана бейнесі маңызды орын алады, батырлық пен билікке де қол жеткізген тұлғалар аз емес.

Әйелдер отбасында негізгі рөлді атқарумен қатар, қоғамда да белгілі бір дәрежеде құқықтары болған. Олар ел ішіндегі маңызды мәселелерге араласып, кейбір әйелдер би және шешен ретінде беделге ие болды. Бұл жағдай қазақ мәдениетінде әйелдердің гендерлік теңдікке жақын құқықтарға ие болғанын аңғартады.

Дәстүріміздегі үлкенге деген құрмет бұл ең алдымен, ата-анаға құрметтен басталатыны бәріне белгілі, ананы сыйлау, қыз балаға физикалық жаза қолдануға жол бермеу – өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу кодексінің негізгі бір ережелері саналатын ұлттық сана-сезімнің қалыптасуының негізі. Әйел-ана бейнесі «Анасын көріп, қызын ал», «Ағайынның алтын сарайынан ананың жыртқы лашығы артық», «Әкесіз жетім – жартылай жетім, шешесіз жетім – бүтін жетім», «Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың» және т.б. қазақ мақал-мәтелдерінен көрініс табады.

Қазақтың ұлттық алтыбақан, «қыз қуу» ойындары қазақ қыздарының еркіндігі мен теңқұқылығын көрсетеді.

Көшпенді қазақ дәстүрінде әйел адамға қатысты ырым-тыйымдар да көптеп кездеседі. Үлкен мен жастың, әйел мен ер адамның арасындағы қарым-қатынастың жоғарғы мәдениетінің бір үлгісі - жасы үлкендерге, отағасына ілтипат пен құрмет, кішіге ізет көрсету. Қазақ әйелдерді ер адамның, әсіресе жасы үлкеннің алдынан кесіп өтуге болмайтын тыйым да осы құрметтің нәтижесі. Тұрмысқа шыққан жас келіншекке де арналған белгілі бір этика ережелері қарастырылған, соған сәйкес оған қатты сөйлеуге, күлуге, қайын атасының көзіне тіке қарауға, оның және жұбайының бауырларының атын атауға тыйым салынған, сондықтан жас келіншек қайындарына мінездері мен қоғамдағы орындарына байланысты «Би аға», «Мырза жігіт», «Ерке бала», «Сылқым», «Кенжем» және т.б. деген ат теліген. Алайда бұны біз тыйым емес терең философиялық маңызы бар қазақи қарым-қатынас құралы деп танымыз. Сонымен қазақ дәстүрінде қолөнер және әшекейлер арқылы әйел адамның отбасындағы статусын байқауға болады. Мысалы, қазақ дәстүрінде қыздың анасы жігіттің анасына арнайы жасап сыйлайтын «құдағи жүзік», қазіргі кезде бұл жүзікті екі жақтың аналары бір-біріне сәндік әшекей ретінде тарту етеді, бірақ бұл бұйымды тарту ету тарихы, мәнісі тереңде. Ұзатылып кеткен қыз бала бір жыл бойынша кесте тіккен, кестеде безендірілген әрбір сурет оның жаңа отбасындағы жағдайы, енесімен қарым-қатынасын және отбасылық өмірінің ахуалы туралы хабар берген. Бір жылдан кейін қызын көруге барған ана қызының кестесіне қарап, оның хал-ахуалын білген, егер қызы жаңа отбасына сіңісіп, жағдайы жақсы болған жағдайда ғана анасы құдағиына арнайы күмістен «құдағи жүзік» жасатып, сыйға тартқан. «Құдағи жүзікті көрген адам оның иесі сыйлы, қадірлі, аналық мейіріммен келінді тәрбиелеген құрметті ана екенін бірден білетін болған» [1].

Қазақ қоғамындағы әйел адамның мәртебесі, оның қоғамдағы орыны, қыз балаға қатысты туындаған өзекті мәселелер Алаш арыстарының еңбектеріне де арқау болғаны сөзсіз. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» дастандары, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, Бейімбет Майлинның «Шұғаның белгісі», Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» және т.б. көптеген туындыларда әйел теңдігі мәселесін көтерген.

Алаш зиялыларының 1917 жылы 21 шілдеде Орынборда өткен жалпы қазақ съезінде әйелдердің қоғамдағы өмірі туралы шешім қабылдап:

- «- әйелдер мен ерлердің саяси құқықтары тең болуы керек;
- әйелдер өздеріне серігін таңдауға ерікті;
- некеге тұру жасы 16-ға дейін ұзартылуы;
- молданың 16-ға толмаған қыздың, 18-ге толмаған жігіттің некесін қиюға құқығы жоқ;
- неке екі жақтың келісуімен қиылады;
- жесір әйелдерді күйеуінің туысқандарына зорлап қосуға болмайды;
- бірінші әйелі келісім бермесе, екінші әйел алуға болмайды» [2, 406 б.] деген тұжырымдар жасаған.

Байқап отырғанымыздай, бұл қабылданған шешімдерді қазіргі кезде де әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызын жоя қоймаған және де өз тәжірибемізде пайдалануымызға болады. Өйткені елдегі негізгі мәселелер әлеуметтік-құқықтық мәселелер төңірегінде орын алған.

Қазақ қоғамында ер адамдарға қоғамдағы басымдық рөлді беріп, әйелдерге көбінесе отбасылық және үй шаруашылығындағы міндеттерді жүктеумен сипаттал-



ды. Кеңес Одағы кезеңінде әйелдерге білім алу және еңбек нарығына қатысу мүмкіндігі берілгенімен, патриархалдық құндылықтар да сақталды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Қазақстанда әйелдерге қатысты құқықтық қорғау мен гендерлік теңдік мәселелері көтеріліп, заңнамалық негіздер құрылды.

Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде гендерлік теңдік бойынша 2024 жаһандық гендерлік алшақтық индексіне 146 елдің ішінде 76-орынға ие болып, гендерлік теңдікті өлшеуге арналған есеп бойынша көш бастап тұр. Еліміз «білім деңгейі» санаты бойынша ең жоғары және «өмір сүру және денсаулық» бағыты бойынша жоғары балл алды. Дегенмен, есеп «саяси мүмкіндіктер» және «экономикалық қатысу және мүмкіндіктер» салаларында ілгерілеу әлі де шектеулі екенін көрсетеді [3].

Қазақстандан көптеген дүниежүзілік ұйымдарға мүше болып, көптеген дүниежүзілік конвенцияларды қабылдағанымен, елімізде гендерлік теңсіздік, әсіресе жалақыға, жұмысқа және мансап мүмкіндіктеріне қол жеткізуге қатысты алшақтықтар сақталуда.

1. Білім беру жүйесінде гендерлік айырмашылықтар айтарлықтай байқалмаса да, кейбір кәсіби салаларда әйелдердің және ерлердің шоғырлануы байқалады. Мысалы, техникалық және инженерлік мамандықтарда ер адамдар басым болса, педагогикалық және медициналық мамандықтарда әйелдердің үлесі жоғары.

2. Әйелдер ер адамдарға қарағанда төменгі жалақылы салаларда жұмыс істейді және басқарушы қызметтерге сирек ие болады. «Gender pay gap» деп аталатын құбылыс Қазақстанда да байқалады, яғни әйелдердің орташа жалақысы ерлерге қарағанда төмен болып келеді. Әлеуметтік зерттеу нәтижесі бойынша 2022 жылы гендерлік жалақы айырмашылығы ерлердің пайдасына 25,2% құрады [4].

3. Қазақстанда әйелдердің саясатқа қатысуы шектеулі. Парламенттегі әйелдердің үлесі әлі де төмен, ал басқарушы лауазымдарда әйелдер сирек кездеседі. Мұның бір себебі – саяси және бизнес салаларында әйелдерге деген стереотиптер мен әлеуметтік кедергілер.

4. Гендерлік зорлық-зомбылық – Қазақстандағы гендерлік мәселелердің ең күрделі аспектілерінің бірі. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың бірнеше түрі бар: тұрмыстық зорлық-зомбылық, жыныстық қысым көрсету, және еріксіз некеге тұру. Құқықтық жүйенің жеткіліксіздігі мен қоғамдағы патриархалдық ұстанымдар бұл проблеманың толықтай шешілуіне кедергі болып тұр.

Ал осы орын алған алшақтықты қысқарту үшін:

- Білім беру жүйесінде гендерлік теңдікті насихаттау,
- қызметте тең мүмкіндіктер беру,
- саясатта әйелдердің үлесін арттыру (парламентте әйелдер үшін бөлек квота қарастыру),
- зорлық-зомбылыққа қарсы құқықтық реформаларды күшейту қажет.

Қазіргі замандағы гендерлік теңдік мәселесі қазақ дәстүрі мен ислам құндылықтары арасында белгілі бір қиындықтарды тудырады. Зайырлы қоғамда әйелдер мен ерлердің құқықтары тең болуы қажет деген қағида кеңінен қолдау тапса, кейбір дәстүрлі ұстанымдар мен исламдық көзқарастар бұл мәселеге консервативті түрде қарайды.

Елімізде исламның гендерлік мәселелерге қатысты көзқарастары екі түрлі бағытта дамып отыр. Бір жағынан, дәстүрлі исламдық ұстанымдарды қолдайтын топтар әйелдерге қатысты патриархалдық көзқарасты ұстанады. Олар әйелдердің негізгі рөлі отбасылық міндеттерге бағытталған деп санайды. Екінші жағынан, заманауи исламдық феминистер мен прогрессивті мұсылмандар гендерлік теңдікке қол

жеткізуді қолдап, әйелдердің білім алуын, қоғамдық өмірге қатысуын және өз құқықтарын қорғауын жақтайды.

Қазақстандағы діндар қоғамда әйелдердің рөліне қатысты көзқарастар әртүрлі болып келеді. Қалалық жерлерде зайырлы принциптерге сүйенетін гендерлік теңдік мәселелері көбірек қолдау тапса, ауылдық жерлерде исламдық құндылықтар басымдыққа ие болып отыр. Осыған байланысты, қазіргі қазақ қоғамында гендерлік мәселелерді шешуде исламның рөлі маңызды болып қала береді.

Алайда ислам діні әйелдер мен ерлердің тең дәрежеде жаратылғанын және олардың бір-бірін толықтыратынын айтады. Құранда әйелдер мен ерлердің бірдей адамзат ретінде жаратылғандығы және Алланың алдында тең екендігі атап көрсетіледі.

- Исламда әйелдерге білім алу, меншікке ие болу және өз құқықтарын қорғау құқығы берілген. Құранда әйелдердің ерлермен тең екендігі айтылады. Ислам әйелдерге өз мүлкіне иелік етуге, өз таңдауы бойынша некеге тұруға және ажырасуға мүмкіндік береді.

- Әйелдер мен ерлердің тең құқығы болғанымен, олардың әлеуметтік рөлдері әртүрлі болып саналады. Ер адамдар отбасының қамқоршысы болып саналып, материалдық қамтамасыз етуді өз мойнына алады, ал әйелдердің негізгі рөлі отбасыға және бала тәрбиесіне байланыстырылады.

Осы айтылғандарға байланысты біз қазақ дәстүрі мен ислам гендерлік рөлдерді қалыптастыруда белгілі бір ұқсастықтарға ие екенін байқаймыз. Екі жүйеде де әйелдерге құрметпен қарау, отбасы институтының мықты болуы және ер адамдардың жетекші рөліне басымдық беріледі.

Қазақ дәстүрінде де, исламда да отбасы негізгі құндылық ретінде қарастырылады. Отбасын сақтау және нығайту – қоғамдағы негізгі міндеттердің бірі. Әйелдер мен ерлердің рөлі отбасын қорғауға және ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған.

Қазақ халқы «ана – тіршіліктің бастауы» деп есептеген, бұл әйелге деген ерекше құрметті көрсетеді. Исламда да «Жұмақ – аналардың аяғының астында» деп әйелдің рөліне жоғары баға берген.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерге және ислам дініне негізделген. Бұл екі фактор қоғамдағы гендерлік рөлдер мен әйелдер мен ерлердің құқықтарын анықтауда маңызды рөл атқарды. Қазақ дәстүрінде де, исламда да әйелдер мен ерлердің міндеттері мен құқықтары нақты белгіленген. Алайда, қазіргі қоғамда гендерлік теңдік мәселесі өзекті болып, осы екі ұғымға жаңа көзқарас қажет етілуде.

Қазақ халқы әрқашан қыз баласын тұмсықтығы шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай мәпелеп өсірген. «Қызы бар үйдің – қызығы бар», «қызы бар үйде береке бар», «қыздың қабағында – құт бар», «келіні жақсының – керегесі алтын», «жақсы әйел – ырыс» деген мақал-мәтелдер қазақ дәстүріндегі әйел адамның орны қоғамда қаншалықты маңызды екендігін білдіреді. «Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дегендей әйел адам әлеуметтік-қоғамдық өмірдің тепе-теңдігін сақтаушы, тірегі деп көп айтамыз.

Әрине, біз өткен тарихымызбен мақтанамыз, әрбір ғылыми жұмыстарымызда тарихқа сілтеме жасаймыз, алайда, тарихи естелікпен өмір сүрмей, қазіргі таңдағы орын алған нақты мәселелермен күресу керекпіз. Неге бұрынғы кезде қазақ әйелдерінің беделі, мәртебесі қоғамда да, отбасында да биік болып, қазір сол дәстүрден ажырап қалдық? деген сауалдарға жауап іздегеніміз дұрыс.

Сонымен қатар қоғамда гендер ұғымы кейбір әлеуметтік ортада қате түсінілетінін көптеген әлеуметтік сауалнамалардың нәтижесінен байқаймыз, кейбір ер адамдар үшін гендер ұғымы үшінші жыныс ұғымымен пара-пар.

Сондықтан алдымен гендер ұғымын дұрыс түсінбейінше, қоғам гендерлік теңдік, әйелдің қоғамдағы орны, беделін түсінуін қабылдай алмайды, сондай-ақ гендерлік теңдік отбасы институты үшін өте қауіпті деген жаңсақ көзқараста қала береді.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған (Грант АР19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»).*

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 «Құдағи жүзікті» кім тағуы керек? // <https://ernur.kz/dastur/kudaghi-zhuzikti-kim-taghuu-kerek>

2 Міржақып. Жалпы қазақ сөзінің қаулысы // «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1998. – Бб. 405–407.

3 Kazakhstan // <https://eca.unwomen.org/en/where-we-are/kazakhstan>

4 Gender pay gap // [https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=18&slug=-14&cat\\_id=7&lang=en](https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=18&slug=-14&cat_id=7&lang=en)

*Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы*  
*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану*  
*институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD*

## **АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Алаш қозғалысының құрылу тарихына байланысты белгілі ғалым тарих ғылымдарын докторы, профессор М.Қойгелді өз еңбектерінде 1905 жыл деп келтірсе, Түркиялық ғалым қандасымыз А.Қара Алаш қозғалысы 1913 жыл дегенді алға тартады. Бұл даталарға байланысты ғалымдардың өз деректері бар. «Сондай-ақ, қоғамда Алаш қозғалысын «Алаш» партиясымен, Алашорда үкіметімен бір құбылыс ретінде қабылдап, жалпы қозғалыстың тарихын 1917 жылмен байланыстыратын көзқарастар да байқалып қалады. Енді осыларға тоқталайық. Профессор Ә.Қара «Алаш қозғалысының соңғы түйіні – Мұстафа Шоқай» мақаласында қозғалыстың бастауы жөнінде: «Алаш қозғалысы қай жылдарды қамтиды? Егер бұл сұраққа Мұстафа Шоқайды қоспай жауап қайтарар болсақ, ол 1913-1918 жылдарды қамтиды. Оның «Қазақ» газетімен тығыз байланысты екенін айтсақ қате болмас. Өйткені Алаш көсемдері сол журнал маңайында 1913 жылы жиналып, халықтың басын қосты. Кейін бұл басқосу Алаш Партиясы мен Алаш Орда үкіметін дүниеге келтірді. Ал большевиктердің қысымымен 1918 жылы партия, үкімет және газет тарқап кетеді. Демек Алаш қозғалысы Шоқайды қоспай айтсақ бес жылдық бір мерзімді ғана қамтиды» [4, 55 б.] деп жазады. Алаш қозғалысының тарихына жіті үңілсек, онда шетелдік ғалыммен келісу қиын. 1913

жыл Алаш қозғалысының үні болған, қозғалысқа қарқын қосқан, қозғалыстың жалпыұлттық сипатқа ие болуына аса айрықша үлес қосқан «Қазақ» сынды тарихи басылымның шыға бастаған жылы. Оны қозғалыстың басталу мерзімімен тікелей байланыстыруға болмайды. Сондай-ақ, оның қозғалыс тарихын 1918 жыл деп осы жылы «партия, үкімет және газет тарқап кетеді» дегеніне де қосылмаймыз. Аталған жылы «Қазақ» газеті шығуын тоқтатқанымен Алашорда үкіметі тарқаған жоқ. Ал «Алаш» партиясына келсек, 1917 жылы Бірінші, жалпықазақ сиезінде Құрылтайға депутаттар ұсынған бұл партия осы жылдың күзінде бағдарламасының жобасын дайындағанымен, екінші, жалпықазақ сиезінен кейін Алаш қозғалысы тарихында партия емес, Алашорда үкіметі алдыңғы қатарға шықты. Семейдегі Алашорданың кіндік үкіметі 1919 жылы жұмысын тоқтатқанымен, Алашорданың Батыс бөлімшесі 1920 жылдың басына дейін өмір сүрді» [1]. Қозғалыстың құрылу тарихына байланысты осындай деректер бар. Келесі мәселе олардың көтерген идеяларына тоқталсақ.

«Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді.

- Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игерілмейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, жер – Отан, ал Отанды сағуға да, жекеменшікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың қаны мен тері төгілген деген тұжырымға саяды.

- Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуы бойынша: «Оның әрбір түйір

тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын. Яғни, бұл «өз жерінің игілігін әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат» деген емеурінді танытады.

- Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс».

Тағы да сол Абайдың: Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң: атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса – антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек» дегендегі бірлік – осы экономикалық бірлік. Ал біздегі сатылмайтын құндылық – тек жалданып тірлік құру» ғана болып қалды.

- Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдануына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы тиіс» болатын. Қазір Елбасымыздың ұстанып отырған ұлтжанды саясаты да осы Алаш тарландарының идеясына үндес келіп отыр.

- Бесінші, түпкі мақсат, тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Яғни, тағы да сол Х.Досмұхамедовтің пайымдануына жүгінсек, «тәуелсіз сот құрылымы болады, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидаттар (заң) жасалады [2]. Жоғарыда аталған бес тұжырым Алаш қозғалысының бес қағидасы ретінде іргетасы қаланған мықты ұйым болды. Бұл деректерге қосымша Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері



PhD докторы Г.И. Нүсіпова пікірінше: «Алаш көсемдерінің қазақ халқының тілі мен діні, әлеуметтік саяси құрылымы, өздеріне тән салт-дәстүрлерінің бұзылуына қарсы күреске шақырған ой тұжырымдарының философиялық жүйелері осындай еді. Олар қазақ 91 қоғамындағы қатынастардың қайшылықтарын талдап, ғылыми тұрғыда сараптама жасап қазақстандық ғылымға зор үлестерін қосты. Бұдан сол замандағы қазақ философиясы мен саяси-әлеуметтік ойлардың бірқатар еркіндікте дамығандығын көруге болады. Еркіндіктің құндылықты ұғымын талдағанда әр халықта, әртүрлі тарихи кезеңде еркіндік құндылық ретінде оңай, айқын жолмен келмегенін көрсетеді. Қазақтар үшін еркіндік әрқашан онтологиялық мәнге ие болды. Еркіндік идеясы – Алаш ойшылдарының философиялық көзқарастарының негізі. Еркіндікті олар жарып шығу, ұмтылыс, өз болмысына қарсы тұру қабілеті, адамның санасында өз болмысының шегінен асып кету қабілеті деп түсінді. Олар еркіндікті идеал үшін шындыққа қарсы шығу мүмкіндігі деп түсіндірді. Шынайы еркіндік әрқашан жақсылықты таңдаудан басталады, нәтижесінде тек адамның ғана емес, жалпы қоғамның да адамгершілігін нығайтады және дамытады» [3, 82 б.]. Жоғарыда аталғандармен қатар қоғамдағы адамгершілікке жат құндылықтарды да айыптады. Сол кезеңдерде көреалмаушылық секілді дүниелерде орын алғаны белгілі. Бұл туралы «Алашордашылар арасында неліктен жік шыққандығы, түптеп келгенде, қазақ зиялыларының сол дәуірде бір-бірін не үшін ұстап бергендігін және т.б. түсіне аламыз. Демек халық ақиқатын таба алмай, қайсысы теріс екендігін білмей, әуре сарсаңға түскендігін көре аламыз. Бұл жайтты, 1911 жылғы Айқап журналының №1 нөмеріндегі мына пікірлерден туындатуымызға болады: «Өзі қайда барарын біле алмайды, адасып тұрған халықты бұдан жаман ада-

стырып, басшыларымыздың екі жаққа тартуына қайғырып, тездетіп бір ынтымаққа келуін тілейміз» [4]. Сол кезеңдерде ғайбат, кісі ақысын жеу, ұрлық деген секілді жағымсыз әрекеттер қоғамда белең алған. Қоғамда түрлі құндылықтар ортаға шығып отырғанын көріп отырмыз. Мұндай жағымсыз көріністермен күресуге ұлы ақынымыз А.Құнанбайұлы да қара сөздерін халыққа арнады. Ол өзінің қара сөздерінде:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті [5]

Бұл сөздердегі терең философиялық ойлар адамзаттың бәрін сүйюге бағытталады. Тек бір ұлт емес тұтас адамзатты сүйюге шақырған ақын сол кездегі жоғары мәдениеттің үлгісін көрсетіп кетті. Қырық бес қара сөзден тұратын насихатты қанша уақыт өтсе де оқып көңілге тоқу оңай болып жатқан жоқ. Қоғамды дұрыс жолға бағыттаушылардың сөздері әсерсіз қалып отыр. Себебі өздерінің іс әрекеті айтқан сөздерімен сәйкес келмейді. Мұндай қоғамда өзгеріс жасау оңайға соқпайды. Мұның бәрі рухани тазалықты талап ететін категориялар. Барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Түркі халықтарының тарихына көз жүргіртсек, халықты басқарған тұлғалардың тақуалығы мен олардың әулие кеңесшілердің болғанын көреміз. Осы арқылы халыққа тура жол көрсетіп ауызбіршілікте іс атқарған. Алаш қозғалысына осындай бірлік жетіспеген болып көрінеді. Бүгінгі таңдағы жас зерттеушілерді Алаш қозғалысының өкілдерінің діни көзқарасы қай арнада болды деген мәселе толғандырса керек? Оларда халыққа тура жол көрсетіп ақ тудың астындағы еркіндік пен халықтың мызғымас ауызбіршілігі үшін өмірлерін сол жолға арнады. Бүгінгі қоғам үшін өткеннен дәріс алып жарқын болашаққа қадам жасау ол рухани жаңғыруды

талап етеді. Рухани жаңғыру дегеніміз өзіміздің түп негізімізге оралу. Алаш қозғалысының негізгі идеологиясыда осы бағытта өрбиді. Жаһандану дәуірінде жаханға жұтылып кетпеу үшін ұлттық болмасымызды, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, дінімізді сақтап қалу маңызды. Сырттан келіп жатқан мәдениеттерді көзсіз қабылдау бізге қауіп төндіреді. Ақпараттар тасқындаған заманда халықта «ішкі сүзгі» болуы қажет. Сол арқылы біз ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап қаламыз.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған (Грант АР19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»).*

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 <https://qamshy.kz/article/28920-alash-qozghalysy-bastaluy-tutastyghy-qatysushylary>
- 2 <https://qazaquni.kz/alash/13813-alash-oz-alyisi-2>
- 3 Нүсіпова Г.И. Қазақ философиясындағы еркіндік идеясы // Адам әлемі, № 1, 2019. - 75-87 б.
- 4 Азамат Алашұлы. Көшіп жүру керек деушілердің пікірі // Энциклопедия Айқап. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. –366 б.
- 5 А.Құнанбайұлы.Қара сөздер. –Алматы: «Өнер» баспасы, 2020. –124 б.

**Жандосова Шолпан Мулькимановна**  
*главный научный сотрудник Института философии,  
политологии и религиоведения КН МНВО РК, PhD,  
ассоциированный профессор*

## **ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО В КАЗАХСТАНЕ: ДОСТИЖЕНИЯ И ВЫЗОВЫ В КОНТЕКСТЕ ИСЛАМСКОГО ФЕМИНИЗМА**

Проблема гендерного равенства в политической сфере является одной из ключевых тем современного общественного дискурса. Особую актуальность данный вопрос приобретает в контексте развития демократических институтов и обеспечения равных прав и возможностей для всех граждан. Исторический анализ свидетельствует о значительном влиянии женщин на политические, культурные и экономические процессы, несмотря на традиционное доминирование мужчин в сфере государственного управления.

Одним из важных аспектов данной проблематики является развитие исламского феминизма, представляющего собой синтез религиозных убеждений и борьбы за права женщин [1]. Данное явление приобрело особую значимость в контексте многонациональных и поликонфессиональных государств, таких как Казахстан.

Термин «исламский феминизм» получил широкое распространение в научных кругах в начале 1990-х годов. Ключевую роль в его концептуализации сыграли иранские, турецкие и южноафриканские исследователи, в частности Афсанех Наймабадех и Зиба Мир-Хоссейни. К середине 1990-х годов данное понятие активно использовалось в различных частях исламского мира [2].

В Казахстане развитие исламского феминизма можно условно разделить на несколько этапов. Начальный этап пришелся на период обретения страной независимости в 1991 году. В это время активистки исламского феминизма начали поднимать вопросы гендерного равенства в контексте исламской традиции и формулировать свои взгляды на права женщин. 1990-е годы характеризовались формированием исламского феминизма как отдельного движения, что происходило на фоне общественных и культурных трансформаций, включая возрождение исламской идентичности после длительного периода советской секуляризации.

В этот период были созданы первые исламские феминистские организации, которые начали проводить образовательные мероприятия и информационные кампании. Среди наиболее заметных организаций того времени можно выделить Лигу женщин-мусульманок (1992), Феминистскую лигу (1993), лигу «Женщина и право» (1993), Международную ассоциацию «Лиана» (1993), Международную ассоциацию «Женщины Востока» (1994) и ассоциацию «Женщины-предприниматели Казахстана» (1994) и другие [3]. Деятельность этих организаций была направлена на защиту прав женщин, содействие их участию в экономической и культурной жизни, а также улучшение социального положения женщин.

Важной особенностью данного этапа стал поиск идентичности для исламских феминисток, стремившихся совместить исламские убеждения с борьбой за права женщин. Исследователь Ю. Акалай предложил фундаментальное определение исламского феминизма как феминизма, интегрированного в контекст ислама, где Коран играет центральную роль в качестве основного текста [4]. Согласно данной концепции, сущность исламского феминизма заключается в принципе абсолютного равенства всех мусульман, независимо от пола, как в общественной, так и в частной сфере.

Следующий этап развития исламского феминизма в Казахстане пришелся на 2000-е годы и характеризовался ростом активности исламских феминистских организаций и групп. В этот период произошло расширение сферы влияния исламских феминистских организаций, которые начали работать по всей территории страны. Это позволило привлечь к их инициативам большее количество женщин.

Организации стали проводить образовательные программы и семинары, ориентированные на женщин и молодежь. Целью этих мероприятий было повышение осведомленности о гендерных вопросах, а также обучение навыкам лидерства и социальной активности. Исламские феминистки начали устанавливать диалог с местными органами власти, представителями государственных и общественных организаций для совместного решения гендерных проблем и вопросов. Важной чертой этого этапа стало укрепление связей и сотрудничество с международными женскими и феминистскими организациями, что способствовало обмену опытом и ресурсами. Исламский феминизм активно использовал возможности интернета и социальных медиа для коммуникации и мобилизации, что позволило создавать онлайн-сообщества и привлекать внимание к своим идеям и инициативам.

В рамках этого этапа начали формироваться специальные платформы и сети исламских женщин, которые совместно рассматривали гендерные вопросы в контексте ислама и разрабатывали стратегии для их решения. Этот период характеризовался более широким признанием и влиянием исламских феминистских организаций в Казахстане и их активным участием в продвижении гендерной справедливости и прав женщин в обществе.

Последующий этап развития исламского феминизма в Казахстане характеризовался усилением сотрудничества

с местными органами власти, начавшимся в 2010-х годах. Ключевым событием этого периода стало создание в 2012 году Национального женского совета, который стал платформой для диалога между женскими организациями, включая исламские феминистские, и государственными органами.

В 2014 году Национальный женский совет совместно с исламскими феминистскими организациями и женскими активистками провел мероприятие по обсуждению и разработке политики по вопросам гендерного равенства и прав женщин в Казахстане. Это событие способствовало более активному вовлечению исламских феминисток в процесс формирования государственной политики в области гендерного равенства.

Значимым шагом стало подписание в 2016 году «Национального плана действий по реализации Концепции семейной и гендерной политики Республики Казахстан на 2016-2020 гг.». Исламские феминистки принимали активное участие в разработке этого плана, привлекая внимание к вопросам гендерного равенства в контексте исламских традиций.

В 2017 году Национальный женский совет и исламские феминистские организации провели обучающие семинары и тренинги для сотрудников государственных органов, направленные на повышение осведомленности о гендерных вопросах. Это способствовало более глубокому пониманию проблематики гендерного равенства среди государственных служащих и созданию более эффективных механизмов взаимодействия между государственными структурами и женскими организациями.

В 2019 году представители исламского феминизма в Казахстане стали активно участвовать в мероприятиях, организованных в рамках ООН, по вопросам гендерного равенства и прав женщин. Это свидетельствует о растущей вовлеченности казахстанских исламских феминисток в международ-

ные инициативы и их стремлении интегрировать свой опыт в глобальный контекст борьбы за права женщин.

На современном этапе исламский феминизм в Казахстане продолжает активную деятельность и играет существенную роль в поддержке борьбы за равноправие полов и права женщин. В 2020 году был принят «Национальный план по реализации Концепции семейной и гендерной политики Республики Казахстан до 2030 года», в разработке которого исламские феминистки принимали активное участие. Этот документ стал важным шагом в институционализации гендерной политики в стране и признании роли различных женских движений, включая исламский феминизм, в формировании государственной политики.

В период с 2021 по 2023 год исламские феминистки продолжают активно взаимодействовать с местными и международными организациями и участвовать в диалоге с государственными органами. Они также активно используют социальные медиа и онлайн-платформы для обсуждения гендерных вопросов и мобилизации общества. Это свидетельствует об адаптации движения к современным технологическим реалиям и стремлении расширить свою аудиторию.

В Казахстане в настоящее время действует ряд женских организаций и инициатив, таких как Национальное объединение женщин Казахстана и Фонд поддержки женщин-предпринимателей. Эти организации работают над защитой прав женщин, поддержкой их предпринимательской деятельности и продвижением гендерной равноправности. Исламские феминистские группы активно сотрудничают с этими организациями, что способствует созданию более широкой коалиции за права женщин в стране.

Важно отметить роль международных организаций в продвижении гендерного равенства в Казахстане и других стра-



нах. Гендерная политика Программы развития ООН (ПРООН) играет ключевую роль в обеспечении равенства полов и содействии устойчивому развитию. ПРООН признает, что неравенство между полами является одним из основных вызовов для достижения устойчивого развития и борьбы с бедностью. Организация активно поддерживает участие женщин в политической и общественной жизни, работая над созданием условий, которые позволят женщинам принимать решения на всех уровнях и влиять на формирование политики.

Несмотря на значительный прогресс в области гендерного равенства, достигнутый за последние десятилетия, в политической сфере сохраняется значительный гендерный дисбаланс. Женщины активно участвуют в избирательных процессах, имея равные права с мужчинами на участие в выборах. Однако в политической сфере, включая депутатский корпус, политическое лидерство и высшие государственные должности, представительство женщин остается недостаточным. По глобальным оценкам, общая доля женщин в политической сфере мира составляет приблизительно 10-20% [5].

С 2015 года по настоящее время были достигнуты значительные изменения и успехи в контексте улучшения положения женщин. Наблюдается снижение уровня неграмотности среди женщин, снижение материнской смертности, а также более быстрый экономический рост во многих странах. Увеличилось число девочек, посещающих школы, расширился контингент трудоустроенных женщин, а также их представительство на выборных должностях и в высших руководящих органах.

Важным показателем прогресса в области гендерного равенства является включение гарантий гендерного равенства в национальные конституции. Практически все национальные конституции, принятые после 1995 года, включают такие га-

рантии, в то время как лишь 79% конституций, утвержденных ранее, предусматривали подобную защиту. Наблюдается увеличение активного участия женщин в средствах массовой информации в мировом масштабе. Однако, по данным исследований, только 24% героев новостных лент являются женщинами, что указывает на сохраняющийся гендерный дисбаланс в медиасфере [6].

В контексте международных организаций также наблюдается прогресс в области гендерного равенства. Средний уровень представительства женщин в парламентах стран-членов ОБСЕ (Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе), которая насчитывает 57 государств, в настоящее время составляет 25,7%. Однако этот показатель существенно варьируется в разных странах-членах организации, колеблясь от 40% до приблизительно 10%.

Одним из ключевых инструментов оценки прогресса в области гендерного равенства является Глобальный Индекс Гендерного Разрыва (ГИГР), который анализирует четыре основные сферы: образование, здоровье, политические права, участие в экономической жизни и карьерные возможности. Максимальное значение этого индекса составляет 1. В 2022 году Казахстан занял 79-е место с показателем 0,720 в этом рейтинге. Следует отметить, что за последние шесть лет этот показатель снизился с уровня 0,732 в 2016 году, что свидетельствует о наличии определенных негативных тенденций в области гендерного равенства в стране.

Другим важным показателем является Индекс Гендерного Неравенства, ежегодно определяемый Программой развития ООН. В 2022 году Казахстан занял 43-е место из 162 стран по этому индексу, что говорит о довольно высоком уровне равноправия в стране. Однако за последние пять лет ситуация в области прав женщин остается относительно ста-

бильной, что указывает на необходимость дальнейших усилий для достижения полного гендерного равенства.

По данным Азиатского Банка Развития, женщины в Казахстане активно участвуют в экономической жизни, однако их участие в политической сфере остается недостаточно высоким. Это свидетельствует о необходимости дальнейших усилий по продвижению женщин в сферу принятия политических решений. Несмотря на достигнутый прогресс, проблемы, связанные с низким уровнем представительства женщин в политике, не ограничиваются лишь индексом политического представительства. Существует ряд других серьезных проблем, требующих внимания и решения.

Одной из ключевых проблем остается гендерный разрыв в оплате труда. По имеющимся данным, за одинаковый объем труда женщинам выплачивают на 35% меньше, чем мужчинам. Это свидетельствует о сохраняющейся экономической дискриминации женщин, которая, в свою очередь, может ограничивать их возможности для участия в политической жизни.

Другой важной проблемой является недостаточное представительство женщин на высших руководящих должностях. Несмотря на равные квалификации, вакансии на высших руководящих постах чаще занимают мужчины. Анализ результатов выборов 2016 года в Казахстане показывает, что доля женщин в Мажилисе (нижняя палата парламента) составляла менее трети – 27%, из 107 депутатов женщины занимали всего 29 мест. В местных органах власти участие женщин также было недостаточно представлено. Эти данные свидетельствуют о сохраняющемся гендерном дисбалансе в политической сфере страны.

Образовательные программы, направленные на развитие лидерских качеств у женщин и девушек, также могут сыграть

важную роль в преодолении гендерного неравенства. Такие программы должны включать не только развитие навыков, но и работу над преодолением внутренних барьеров и стереотипов, которые могут препятствовать женщинам в достижении лидерских позиций.

Важным аспектом является изменение общественного сознания и преодоление гендерных стереотипов. Здесь ключевую роль могут сыграть средства массовой информации и система образования. Необходимо продвигать позитивные образы женщин-лидеров, рассказывать об их достижениях и вкладе в развитие общества.

Особое внимание следует уделить роли мужчин в продвижении гендерного равенства. Важно формировать понимание того, что равноправие полов выгодно для всего общества, а не только для женщин. Вовлечение мужчин в движение за гендерное равенство может стать ключевым фактором успеха в преодолении существующих барьеров.

В контексте исламского феминизма важно продолжать работу по интерпретации религиозных текстов с позиций гендерного равенства. Это может помочь преодолеть культурные барьеры и стереотипы, которые часто используются для оправдания гендерной дискриминации.

Международное сотрудничество и обмен опытом также играют важную роль в продвижении гендерного равенства. Казахстан может извлечь пользу из опыта других стран, успешно реализовавших программы по увеличению политического участия женщин.

Достижение гендерного равенства в политической сфере – это длительный процесс, требующий постоянных усилий и внимания со стороны государства, гражданского общества и международного сообщества. Успехи, достигнутые в Казахстане и других странах, демонстрируют, что прогресс в этой

области возможен. Однако сохраняющиеся проблемы указывают на необходимость дальнейшей работы и инновационных подходов к обеспечению равных прав и возможностей для женщин в политической сфере.

Важно также отметить, что продвижение гендерного равенства в политике не должно рассматриваться изолированно от других аспектов общественной жизни. Экономическое равенство, доступ к образованию, здравоохранению и другим социальным благам также играют ключевую роль в обеспечении равных возможностей для женщин в политической сфере.

Таким образом, для достижения реального гендерного равенства в политике необходим системный подход, учитывающий все аспекты социальной, экономической и культурной жизни общества. Только такой комплексный подход может обеспечить устойчивые изменения и создать условия для полноценного участия женщин в политических процессах на всех уровнях.

*Статья подготовлена в рамках грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (AP19676979 «Гендерное равенство в исламе: исламский феминизм и традиционализм»).*

### Список литературы

1 Dalaman Z. B. 2021. “From Secular Muslim Feminisim to Islamic Feminism(s) and New Generation Islamic Feminists in Egypt, Iran and Turkey ”. *Border Crossing*. 11(1), pp. 77–91. URL: <https://bordercrossing.uk/bc/article/view/1042>

2 З.В. Шевченко. 2016. Словарь гендерных терминов. Черкасы: Черкасский Национальный университет им. Богдана Хмельницкого. URL: <https://books.google.hu/books?id=J8tBDwAAQBAJ&pg=PA277&lpg=PA277&dq=%D0%97%D1%96%D0%BD%D1%>

8C%D0%BA%D0%BE,+%D0%A1.(2010).+%D0%A4%D0%B5%D0%BC%D1%96%D0%BD%D1%96%D0%B7+%D0%B2+%D1%96%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BC%D1%96:+%D1%96%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80%D1%96%D1%8F+%D1%82%D0%B0+%D1%81%D1%83%D1%87%D0%B0%D1%81%D0%BD%D1%96%D1%81%D1%82%D1%8C.&source=bl&ots=SA6pNn\_TAj&sig=ACfU3U0A1PcPsTTkEn4fhIDWK6G461-YPg&hl=ru&sa=X&ved=2ahUKEwiRwr26-deBAxUSNuWKHcbbBOIQ6AF6BAgXEAM#v=onepage&q=%D0%97%D1%96%D0%BD%D1%8C%D0%BA%D0%BE%2C%20%D0%A1.%20(2010).%20%D0%A4%D0%B5%D0%BC%D1%96%D0%BD%D1%96%D0%B7%20%D0%B2%20%D1%96%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BC%D1%96%3A%20%D1%96%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80%D1%96%D1%8F%20%D1%82%D0%B0%20%D1%81%D1%83%D1%87%D0%B0%D1%81%D0%BD%D1%96%D1%81%D1%82%D1%8C.&f=false

3 Мухетдинов Д.В. 2019. Исламская феминистская экзегеза Амины Вадуд. Ислам в современном мире. №15(4). С. 81-98. URL:<https://doi.org/10.22311/2074-1529-2019-15-4-81-98>

4 Akalay Y. 2021. Re-reading the Relationship between Secular and Islamic Feminism(s) in Morocco: The Third Way as an Alternative Feminist Paradigm. *Feministische Studien*. P. 17-35. URL: <https://www.degruyter.com/document/doi/10.1515/fs-2021-0002/html>

5 Жабина Ж., Чермухамбетов Е.Н. 2022. Состояние мусульманской уммы казахстана: ислам и этничность. Казахский университет международных отношений и мировых языков. URL: <https://bulletin-irr.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/download/160/130>

6 Ennaji M. 2020. Mernissi's impact on Islamic feminism: a critique of the religious approach. *British Journal of Middle Eastern Studies*. P. 629-651. URL: <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/13530194.2020.1840963>

***Бектенова Мадина Кенесарыевна***

*Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы  
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының  
жетекші ғылыми қызметкері, PhD*

## **ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ИСЛАМ ФЕМИНИЗМІ МӘСЕЛЕСІ**

Ислам феминизмі төңірегінде жылдар бойы даулар мен ғылыми пікірталастар тоқтаған жоқ. Феминизмнің күшеюіне және гендерлік теңдікке шақыру үрдістерінің көбеюіне байланысты бүкіл әлемдегі мұсылман әйелдер жергілікті патриархат пен батыстық дискурс енгізген нормаларды қабылдаудан гөрі исламдағы әйелдің орнын анықтауға тырысады. Ғылыми қауымдастық үшін қазіргі қоғамда болып жатқан көп вариантты мәдени және әлеуметтік процестер жағдайында ислам феминизмінің динамикасы мен өзгеруін зерттеу маңызды.

Ислами феминистік қозғалыс әйелдерге бағытталған исламизмнің жаңа тұжырымдамасы бар жаңа гендерлік модель құруға тырысады. Айта кету керек, ислами феминистік қозғалыстар ислам феминистерінің әлеуметтік-саяси мәртебесіне, олардың қызметіне және олар өмір сүретін ортаға негізделген әртүрлі тәсілдерді қалыптастырған әйелдер қозғалысы ретінде қарастырылуы керек. Алайда, осы ізденістердің барлығында феминизм әйелдер үшін әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз етуге бағытталғанын мойындау маңызды. Сондықтан ғалымдар бір мақсатты бөлісетін әртүрлі феминизмдер мен дауыстар бірге жұмыс істей алатын өрістерді құру қажет екенін атап көрсетеді.

Ислам дәстүрі мен мәдениетіндегі феминизм мен гендерлік теңдік тақырыбы әйелдің ислам қоғамындағы рөлін қайта қарастырумен ғана емес, заманның сын-қатерлеріне қарай өзгертін әлеуметтік мәртебесінің қалай өзгертініне байланысты. Егер феминизмнің еуропалық дискурсы ХІХ ғасырдан бастап-ақ нақты идеологияға және әйелдің ерлер алдындағы теңсіздігі туралы үйреншікті көзқарасқа қарсы тұру идеологиясына айналса, әйелдің исламдық тақырыбы ХХ ғасырда ислам дәстүрімен бекітілген әйел мәртебесін әлеуметтік және мәдени шындыққа қайтару дискурсы ретінде көтеріледі. Постколониялық, антропологиялық феминизмді зерттеушілер арасында мұсылман әйелдерінің гендерлік қозғалыстары туралы ол жәй дәстүршіл реакция ретінде емес, мұсылман әйелдерінің көбіне жабық және интеллектуалды кедей өмірі туралы түсініктің сәтсіздігін көрсететін балама батыстық, модернизациялық модель пікір ретінде дамыды. Өйткені мұсылман әйелдер қоғамдық салада алға тартқан зияткерлік сын-қатерлері олардың белсенді қоғамдық ұстанымы мен олар өмір сүріп жатқан елдердің әлеуметтік процестеріне әсер ету ниетінің үлгісіне айналды.

Саба Махмуд [1] Осы әйелдер қозғалыстары туралы ойлана отырып, агенттік категориясын бостандық және үстемдікке қарсы тұру ретінде дамытады, бірақ тек қарсылық ретінде емес, яғни модернизацияланған немесе зайырлы қоғамдарды қарқынды модернизациялау процесінде мұсылман әйелдер алған құқықтар мен бостандықтар шеңберінде әрекет ету қабілеті тұрғысынан.

Әйелдер қозғалыстары әртүрлі көзқарастардың айналасында қалыптасуы мүмкін, өйткені әйелдер өздерінің әйелдік сәйкестігіне сүйене отырып, өздерін жариялау үшін бір-бірімен ынтымақтасады. Басқаша айтқанда, әйелдердің барлық қозғалыстары феминистік болуы шарт емес.



Әлеуметтік қозғалыстар, әсіресе әйелдер қозғалыстары, жалпы алғанда, әлеуметтік қайта құруларға бағытталған, алайда бұл жолда олар әдетте танылу, қатысу, өкілдік ету және мүмкіндіктерді кеңейту секілді құқықтық және саяси мәселелерге тап болады.

Мұсылмандығы үстем қоғамдарында «зайырлы мұсылман феминизмі» және «ислам феминизмі» деп аталатын екі негізгі феминистік парадигма болды. Олар діни, таптық, этникалық және ұлттық байланыстардың өзгермелі комбинацияларынан жаңа субъектілер мен сәйкестіктер қалыптасқан тарихи контексттерде дамыды. Бір жағынан, зайырлы мұсылман феминизмі зайырлы ұлтшылдарды, ислам модернистерін, гуманитарлық/құқық қорғаушыларды және демократтарды қамтитын батысқа бағытталған либералды феминизмнің бірінші толқынына қосылды. Екінші жағынан, ислам феминизмі Құранды негізгі мәтін ретінде қабылдай отырып, біртұтас немесе негізінен діни негізделген дискурста көрінісін тауып отыр.

Зайырлы мұсылман әйелдер, жалпы алғанда, ислам мен феминизмнің бір-бірімен қайшылықтары көп екенін мойындап, мейнстримді феминизмнің құндылықтары мен дискурстарын қорғайды, сондықтан әйелдердің бұл тобын «зайырлы мұсылман феминистері» деп атауға болады. Басқа жағынан алып қарасақ, ислам мен феминизм арасындағы байланысты орнатуға тырысып, сонымен бірге ислам құндылықтары мен ережелеріне сәйкес өмір сүретін жаңа дискурс құруға тырысатын мұсылман әйелдер «ислам феминистері» болып табылады [2].

Исламдық әйелдер ұйымдарын батыстық көзқараспен түсіндіру әрқашан көп кездесетін қателік болды, нәтижесінде мұсылман елдерінде тұратын әйелдер туралы зерттеулердегі исламның әсері мен мемлекеттің рөлі ескерілмеді [3].

Сәйкесінше әйелдердің нақты проблемалары елеусіз қалады. Әйелдер қозғалыстарын ислам мемлекеттерінде жоқ дін немесе мәдениет ретінде талқылаудан гөрі, әйелдердің өзін жеке тұлға ретінде қарастырып, пайымдау қажет. Осылайша, феминистік қозғалысты жақсы түсіну үшін бұл әйелдердің қалай ұйымдастырылғанын және қандай мәселелерді шешуге тырысатынын зерттеу қажет.

Исламтану зерттеулеріндегі өзекті әдістердің бірі – философиялық және құран герменевтикасы әдісі, сондай-ақ ислам рационализмі әдісі, оларды қолдану әйелдердің рөлі мен құқықтарын тікелей ислам дәстүрінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ислам феминизмінің қазіргі өкілдері Құран мәтіндерін тәпсірлеудегі патриархалдық және ымырасыз тәсілді қатты сынға алып, мұндай түсіндірулердің мәні ең қасиетті мәтіннің ниетін емес, аудармашының субъективті таңдауын көрсетеді деп тұжырымдайды.

Реформистік ойдың жаңа толқыны мен ислам феминизмін феминистік зерттеудің өкілдері Құран герменевтикасының патриархалды емес әдіснамасына сүйенуді жөн көреді.

Феминизм дамуының қазіргі кезеңінің қалыптасуы үшін маңызды интеллектуалдық-философиялық ойдың бағыты Бинт аш-Шати (Айша Абд ар-Рахман), Фатима Мернисси, Риффат Хасан, Айша Хидаятулла сияқты зерттеушілер айтқан феминизм дискурсы болып табылады [4].

Фатима Мернисси Батыс феминизмі қолданған этноцентристік тәсілді бұзып, мұсылман әйелдер өздерінің діни тәжірибелеріне қауіп төндірмей қатыса алатын жаһандық әйелдер қозғалысына қажетті әртүрлілікті бірінші орынға қойды. Фатима Мернисси хадистерге мұқият талдау жүргізді, нәтижесінде ол ислам қоғамдарындағы патриархалдық құрылым жалған хадистердің және әдетте сенімді деп саналатын, бірақ Құранға қайшы келетін әйел атаулыны

жаратпаушы хадистердің танымалдылығына байланысты орнағанын көрсете алды.

Риффата Хасанның зерттеулері прогрессивті исламның мысалы болып табылады. Оның айтуынша, Құран «Адам құқықтарының ұлы хартиясы» болып табылады, ол адам құқықтары мен барлығына теңдікті белгілейді, ал қазіргі кезде көптеген мұсылман қоғамдарындағы әйелдердің теңсіздігі мәдени салдармен байланысты. Хасанның тұжырамдауынша, Құран сонымен қатар өмір сүру, сыйластық, әділеттілік, бостандық, білім, күнкөріс, жұмыс және жеке өмірге қол сұқпаушылық құқықтарын да қорғайды. Ол Құранның мағынасын герменевтика арқылы анықтау керек – оның сөздерінің жазылған кездегі мағынасын зерттеу керек деп есептей отырып, Құранның қатал емес түсіндірмесін қолдайды.

XX ғасырдың аяғынан бастап АҚШ-тағы Құранның көрнекті феминистік оқуларын қорытындылай келе, Айша Хидаятулла осы дамып келе жатқан ғылыми зерттеу саласына айтарлықтай үлес қосады, сонымен бірге қолданылған әдістер мен тәсілдерді сындарлы, бірақ кейде радикалды түрде сынға алады. Оның пікірінше, көптеген интерпретациялар феминистік әділеттілік туралы мәлімдемелерге сүйенеді, алайда олар мәтінмен толық қолдау таппайды, сол үшін олардың экзегетикалық негіздерін қайта қарауды ұсынады.

Асма Барлас, Марго Бадран, Зиба Мир-Хоссейни және Амина Вадуд сияқты исламтанушы әйелдер [5] тоқыраған емес, үздіксіз әлеуметтік реформалардың траекториясын алға тартқан Құранның эгалитарлы рухын ұстануды қолдайды. Ислам феминистері Құран оларға ғасырлар бұрын дін негіздерін дұрыс түсінбеу салдарынан жоғалған құқықтарды бергеніне сенімді. Бүгінде исламды заңдылықтың қайнар көзі ретінде қарастыратын және дәстүр ішінен патриархатқа қарсы тұратын феминизмнің осы түрін білдіретін әйелдер

діни мәтіндерге сүйене отырып, өз құқықтары үшін күресуде. Гендерлік теңдік үшін күрес мұсылман контекстінде дін мен саясат арасындағы күрделі диалектикаға оранған әлеуметтік әділеттілік пен демократия үшін кеңірек күрестің бөлігі болып табылады.

Бірақ мұсылмандар үшін ерекше проблема – Зиба Мир-Хоссейнидің пікірінше, отбасылық құқық пен гендерлік нормалардың қайнар көзі әлі күнге дейін ішінара реформаланған және кодификацияланған заңдарда немесе мәдени нормалар мен тәжірибелерде көрсетілген фикһтың классикалық қаулылары болып табылады. Бұл ережелер отбасының патриархалдық моделін қолдайды, әйелдерге екінші дәрежелі азаматтар ретінде қарайды және оларды ерлер билігіне бағындырады.

Амина Вадуд, исламдағы феминизм мен гендерлік әділеттілік саласындағы ең танымал әйел – прогрессивті мұсылман ғалымы, мешітті әйелдердің діни орындарға қол жеткізудегі ер адамдармен бірдей теңдік құқығын ілгерілетуде белсенділік орны ретінде тиімді пайдаланды. Оның герменевтикалық көзқарасына келетін болсақ, Вадуд тек Құранды түсіндірумен айналысады және мәтіннің дәстүрлі патриархалдық түсіндірмелерін ғана емес, сонымен қатар әйелдерге қатысты зорлық–зомбылық пен кемсітушілікті насихаттайтын кейбір Құран аяттарын сөзбе-сөз қолдануды жоққа шығарады [6, с. 192-200]. Одан бөлек, ол таухид принципіне негізделген және «әлеуметтік өзара әрекеттесудің барлық деңгейлерінде гендерлік жіктелуді жоюға түрткі» болуға арналған модельді – таухид парадигмасын әзірледі [6, с. 32]. Сондай-ақ, ол мешітте де, ислам мәтіндерін түсіндіруде де теңдікті талап етіп, герменевтикадағы ерлердің үстемдігіне қарсы шығып, рәсімдер мен білім аспектілерінде әйелдерге орын береді [6, с. 8].

Теңдік үшін күресте мұсылман әйелдерінің алдында тұрған басты мәселелердің бірі – теңдікке тән қазіргі әділеттілік идеялары мен шариғат туралы қалыптасқан түсінікті реттейтін заңдардың негізін қалайтындар арасындағы алшақтықты қалай мағыналы және жүйелі түрде жою. Бұрынғы реформаторлардың жұмысын зерттеп, дамыта отырып, ислам феминистері адамның ислам туралы түсінігі икемді екенін, ислам уақыт, орын және тәжірибе тұрғысынан өзгерістерге мүмкіндік беретінін және ислам принциптерін плюрализмді де, демократияны да бірдей ынталандыра алады деп түсіндіруге болатынын тұжырымдайды. Бірақ олар гендерлік теңдік, адам құқықтары және демократия сияқты заманауи тұжырымдамалардың исламдық шежіресін іздеудің орнына, діннің қалай түсінілетініне және діни білімнің қалай жасалатынына назар аударады.

Асма Барлас герменевтикалық дәстүрде Қасиетті жазбаларды тұрақты патриархалдық немесе авторитарлық оқуды ұстанатындарды да, оның күш-жігерін бекер деп санайтын дәстүрінен тыс адамдарды да сынайды. А. Барлас герменевтикасы мәтінге артықшылық береді, бірақ ол қатаң текстуалды болып есептелмейді.

Марго Бадран XX ғасырдың басындағы зайырлы және XXI ғасырдың басындағы діни феминизмнің екі толқынын әйелдер арасында білім берудің таралуымен байланыстырады. М. Бадран атап өткендей, «ислам феминизмінде» трансформация (реформация емес) идеясы бар. Ол исламға қатысты әдетті, яғни патриархалдық әдет-ғұрыптарды реформалау идеясында емес, бірақ ішінде әдеттің өзі басынан бастап бар исламның өзін трансформациялауда негізделген. Бұл трансформацияның жолы Құран түпнұсқалары мағыналарына жүгіну, осы мағыналарды білу, сондай-ақ оларды әрі қарай қолдану арқылы жатыр [7].

Жалпы, ислам феминизмінің өкілдері ғалымдар мен зерттеушілер ғана емес, сонымен қатар әртүрлі феминистік қозғалыстар мен әйелдер құқығын қорғау ұйымдарының мүшелері. Осылайша, олар тек зайырлы ғана емес, сонымен қатар конфессияшілік контекстінде де әйелдер теңдігі мәселелері туралы ғылыми және практикалық білім иелері болып есептеледі.

Ислам феминистері исламға қарсы емес, керісінше, олар жыныстық теңсіздік шариғат нормаларын ер адамдардың түсіндіруіне байланысты пайда болды дейді. Олар әйел затын жеккөруші пәтуаларды әйелдерге құрметпен қарайтын ислам дәстүрінің мәнінен бөліп алып, әйелдерге қатысты қолданыстағы жүрген түсіндірмелерді сынайды.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған (Грант АР19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»).*

### ***Пайдаланған әдебиеттер***

1 Mahmood S. Feminist theory, embodiment, and the docile agent: Some reflections on the Egyptian Islamic revival // Cultural Anthropology. – 2001. – Vol. 16, No. 2 (May, 2001). – Pp. 202-236.

2 Dalaman Zeynep Banu From Secular Muslim Feminism to Islamic Feminism(s) and New Generation Islamic Feminists in Egypt, Iran and Turkey // Border Crossing January-June 2021. – Volume: 11, No: 1. – Pp. 77- 91.

3 Kandiyoti D. Cariyeler, Bacılar, Yurttaşlar: Kimlikler ve Toplumsal Dönüşümler. – İstanbul, Metis Yayınları, 1997. – 248s.

4 Al-Shati B. The Wives of Prophet Muhammad. Gorgias Press LLC, 2006. – 252p.; Mernissi F. Islam And Democracy: Fear Of The Modern World. Basic Books, 2009. – 225p.; Mernissi, F. (1991). Women and Islam: A Historical and Theological Inquiry. Oxford: Blackwell.; Hassan R. (1995). Women's Rights and Islam: from the I. C. P. D.

to Beijing.; Hidayatullah A. *Feminist Edges of the Qur'an*. Oxford University Press, 2014. – 288p.; Hidayatullah, A. (2014). *Feminist Interpretation of the Qur'an in a Comparative Feminist Setting*, *Journal of Feminist Studies in Religion* Vol. 30, (No. 2), pp. 115-129.

5 Barlas, A. (2002), (2019). 'Believing Women' in Islam: Unreading Patriarchal Interpretations of the Quran. Austin, TX: University of Texas Press; Barlas A. (2001). *The Qur'an and Hermeneutics: Reading the Qur'an's Opposition to Patriarchy*. *Journal of Qur'anic Studies* 3(2) pp. 15–38.; Badran, M. (2006). *Islamic Feminism Revisited*. *Countercurrents.org*. <https://www.countercurrents.org/genbadran100206.htm>.; Badran M. (2009). *Feminism in Islam: Secular and Religious Convergences*. Oxford: Oneworld Publications., 400 p.; Mir-Hosseini Z., (2006). 'Muslim Women's Quest for Equality: Between Islamic Law and Feminism', *Critical Inquiry* 32 (summer 2006), pp. 629-45; Mir-Hosseini, Z., (2011). 'Beyond 'Islam' vs 'Feminism'', *IDS Bulletin* Volume 42 Number 1 January 2011. P. 66-77.; Wadud, A. (1991, 1999) *Qur'an and Woman: Reading the Qur'an from a Woman's Perspective*, Kuala Lumpur: Penerbit Fajar Bakati, 1991 and New York: Oxford University Press, 1999; Wadud A. *Towards a Qur'anic Hermeneutics of Social Justice: Race, Class and Gender* // *Journal of Law and Religion*. 1995–1996. 12(1). P. 37–50.;

6 Wadud, A. (2006) *Inside the Gender Jihad: Women's Reform in Islam*, Oxford: Oneworld. – 325 p.

7 Badran M. *Islamic Feminism on the Move* // in M. Badran, *Feminism in Islam: Secular and Religious Convergences*. - Oxford: Oneworld, 2009. pp. 323-338.

*Алтайқызы Айкерім*

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD*

## **ИСЛАМДЫҚ НЕКЕДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРНЫ**

Исламдағы неке мен отбасы – ислам құқығы – «фиqh» және діни өсиеттер негізінде тұлға аралық қарым-қатынасты реттейтін орталық әлеуметтік институттар. «Никyah» деп аталатын исламдық неке отбасын құру, мәдени және рухани құндылықтарды жеткізу, өзара құқықтар мен міндеттерді орындау мақсатында ер мен әйелдің арасында жасалған шарт – «ақд» – болып саналады. Зайырлы құқықтық жүйелерден айырмашылығы, исламдағы неке екі жақты сипатқа ие: бір жағынан «фиqh» ережелерімен реттелетін құқықтық келісім болса, екінші жағынан рухани-өнегелік мәні бар «ғибадат» болып табылады.

Шариғат әрбір ерлі-зайыптыларға белгілі бір міндеттер белгілейді. Басшылық – «қаууамун» – құқығы бар күйеуі әйелін материалдық жағынан қамтамасыз етуге – «нафақа», оны баспанамен, тамақпен және киіммен қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның ар-намысы мен абыройын қорғауға міндетті. Әйел өз кезегінде неке адалдығын сақтауға және күйеуіне үй шаруашылығын жүргізуде және балаларды тәрбиелеуде қолдау көрсетуге міндетті. Ерлі-зайыптылардың екеуі де бір-бірімен қарым-қатынасында «сабыр» мен мейірімділікті – «тəхаммулды» – танытып, үйлесімділік пен рухани жетілдіруге ұмтылуы қажет.

Исламдағы отбасы балаларды әлеуметтендіру, діни және мәдени нормаларды жеткізу, сондай-ақ өмірдің қиын



сәттерінде отбасы мүшелеріне қолдау мен көмек көрсету сияқты көптеген әлеуметтік функцияларды орындайды. Маңызды аспект – өмір бойы сақталуын талап ететін туыстық байланыстарды – «силат ар-рахим» – сақтау. Ислам дәстүріндегі бала тәрбиесі (тарбия) тек дін негіздерін (фиqh, тауһид, ақлақ) үйретуді ғана емес, жоғары адамгершілік қасиеттерді дарытып, толыққанды қоғамдық өмірге дайындауды да қамтиды.

Исламдық некедегі әйелдің әлеуметтік және құқықтық орны туралы сөз болғанда замануи мұсылман қоғамдарында, оның ішінде қазақстандықтардың арасында екі үлкен мәселе туындайды. Біріншіден, «полигамиялық неке». Көп әйел алу – «тааддуд аз-зауджат» [1] – институтына исламда Құран мен Сүннетте белгіленген белгілі бір шарттарды сақтай отырып рұқсат етілген. Ер адам төртке дейін әйел ала алады, бірақ ол барлық жұбайларға материалдық және рухани жағынан әділ және бірдей – «мусауа» – қарым-қатынас жасай алатын болса ғана. Исламда полигамияға жол берілсе де, ерекше жағдайларда ғана құпталады, сонымен қатар, әлеуметтік және экономикалық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған, әсіресе соғыс немесе басқа да апаттар салдарынан ерлердің тапшылығы жағдайында. Алайда тәжірибеде дінде бекітілген шарттар орындалмай, әйел құқығын бұзушылық фактілері жиі кездеседі. Олардың қатарында күрделі қаржылық мәселелер бар. Мәселен, діни некелер заң жүзінде тіркелмегендіктен, ажырасу кезінде әйелдер мал-мүліксіз қалу кейстері.

Ислам құқығында ажырасу – «талақ» қатаң белгіленген ережелермен реттеледі. Ер адам «талақ» сөзін үш рет айту арқылы ажырасуға құқылы, ал әйел күйеуі өз міндеттерін орындамаған жағдайда сот – «қади» арқылы талақ – «хула» беруді талап ете алады. Ажырасқаннан кейін ерлі-

зайыптылардың екеуі де белгілі бір ережелерді сақтауы керек, мысалы «идда» – әйел қайта үйлене алмайтын күту кезеңі. Осыған байланысты, қазақстандық қоғамның тәжірибесінде жасалатын діни некелер заңдық күші болмағандықтан әйелдердің құқығы мен әлеуметтік мүмкіндіктері шектеледі.

QMonitor платформасының ұйымдастыруымен «Құранның артына тығылып... Қазақ отбасының азып-тозуына дін қалай ықпал етеді (Прикрываясь Кораном... Как религия способствует деградации казахстанской семьи)» [2, 3] айдарымен эксперттерге сауалнама жүргізген. Оның нәтижелеріне дискурс-талдау жасасақ:

Қазақстандықтардың діндарлығының артуы ахуалында қазақ отбасы институтына қатысты сарапшылар Қазақстанда отбасылық құндылықтардың трансформациясы жүріп жатқанын айтады. Заң ғылымдарының докторы Халида Әжіғұлова кез келген дін қоғам үшін маңызды рухани-өнегелік нұсқаулар беретінін айтады. Алайда діни ережелерге түсіндірме берудің әртүрлілігіне байланысты бірқатар мәселелер туындайды. Себебі дәстүрлі діндер бірнеше жүзжылдықтар бұрын басқа тарихи ахуалда қалыптасқан, замануи адамға жекелеген ережелерді түсіну қиын. Дұрыс түсіндірме беру маңызды, ол жақсылық пен мейірімділікке негізделуі тиіс. Сауатсыз сарапшылар мен діни көшбасшылар өздерінің көзқарастарын таңу мақсатында діни нормаларды өзінше талдауы мүмкін. Құранның кез келген ережелері қазіргі қоғамдық құрылым мен зайырлы құқықтық мемлекет қағидаттарын ескере отырып түсіндірілуі тиіс. Бұл әсіресе көп әйел алу, гендерлік теңдік және отбасындағы әйелдердің мәртебесі мәселелеріне қатысты.

Беделді ғылыми зерттеулерді талдаған сарапшы діни құқық тұрғысынан көп әйел алу туралы мынадай ұстанымды білдіреді: Құран көп әйел алуды талап етпейді, ерекше

жағдайларда және белгілі бір шарттарды қатаң сақтай отырып бірнеше әйелмен некеде болуға тек рұқсат береді. Тарихи тұрғыдан ислам мәдениеті көп әйел алуға рұқсат беру арқылы жесірлер мен жетімдерді қорғауға мүмкіндік берді, өйткені ерте заманда тиімді мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесі болмаған. Ал жалпы, исламда моногамиялық үлгі отбасы институтының қолайлы түрі болып табылады. Заңгер ХХІ ғасырда әйел өмір сүруі үшін ер адамның қолдауын қажет етпейтінін, өзін-өзі асыру және дамыту үшін барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалғанын атап көрсетеді.

Сондай-ақ Халида Әжіғұлова Қазақстанда полигамиялық неке үшін қылмыстық жауапкершілік жоқ болса, Орталық Азияның басқа елдерінде – Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстанда, заң жүзінде, бұл қылмыс ретінде қарастырылатынына да назар аударады. Әйелдерге қатысты кемсітушілікті негіздеу үшін исламның немесе басқа діндердің догмаларына сілтеме жасауға жол берілмеуі тиіс, құқықтық мемлекеттің негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен өзге де заңдарын сақтау болып табылады.

Тәуелсіз зерттеуші Ғалымбек Жүсіпбек халықтың діндарлығының артуы отбасы институтына оң және теріс салдары бар деп есептейді. Алкоголь мен нашақорлық сияқты тұрмыстық агрессияның негізгі себептері болып саналатын фактілер азаяды. Сонымен қатар, діни құндылықтар адамдарға рухани нұсқаулар мен белгілі бір өмір сүрудің мағынасын береді, бұл оларды саналы болуға итермелейді. Алайда кейбір түсіндірмелер гендерлік теңсіздікке шақырып, адам құқықтарының әмбебаптығын жоққа шығаруы мүмкін. Өйткені, Ғалымбек Жүсіпбектің айтуынша, консервативтік діни дискурстың үш негізі бар – дәстүрлі маскулинділік, гендерлік қарама-қайшылық және ар-намыспен байланысты патриархалдық доктрина. Сондықтан адам құқығы немесе

инклюзивті қоғам дамуы жағдайында халықтың діндарлығы қайда апаратынын зерттеу маңызды.

Оның пікірінше, «исламдар көп». Мысал ретінде реформаторлық мұсылмандық теология туралы айтады, ол «макасыд» философиясына негізделеді және әділеттілік пен адам қадір-қасиетін бәріне бірдей деп тануды, адам құқықтары туралы заманауи идеяларға сәйкес патриархалдық көзқарастарды қайта қарау мен өзгертуді білдіреді. Дін әлеуметтік құрылым ретінде әртүрлі кезеңдерде өмір сүрген белгілі бір тұлғалардың ғасырлар бойы түсіндірмелер жасауының нәтижесі болып табылады. Осыған орай киелі жазбаларды әртүрлі талдаған көптеген ағымдар бар. Алайда, тарихта билеуші билік институттарына тиімді болған ағымдар басымдыққа ие болды. Осы тұрғыда мемлекеттің үрдістерді анықтауға және бағыт-бағдар беруге толық мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, әрбір қазақстандық үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыру және білім мен медицинаның сапалы және қолжетімді жүйесін дамыту қажет.

Назарбаев университетінің профессоры Элен Тибо 1998 жылы елорданы көшірумен тұспа-тұс келген көп әйел алуды қылмыссыздандыру бойынша зерттеу жүргізген шәкіртінің жұмысы туралы пікір білдірді. Мұндай шешімді Алматыдағы заңды отбасыларын тастап, елордаға көшкенде жаңа заңсыз отбасын құрған шенеуніктер лобби жасаған болуы мүмкін деген тұжырым жасайды. Дәл осы кезеңде тіпті көп әйел алуды заңдастыру әрекеті де болғанымен, оған рұқсат етілмеді. Осыған байланысты қарама-қайшы жағдай туындады – қазақстандық заңнамаға сәйкес бір некеден артық тіркеу қарастырылмаған және мұсылмандық «никях» рәсімі арқылы қосымша неке қиюға ешбір тыйым салынбайды. Бұл жағдай Қазақстанда полигамия қылмыс болып есептелмей, кең етек жаюына әсер етті.

Профессор мұндай одақтарды тек діндарлар ғана

емес, болашақта ресми некелік байланыс пен заңды жауапкершіліктен қашатын ер адамдар да құратынын атап өтті. Әйелдер «екінші әйел» мәртебесіне келесі себептер бойынша келіседі: экономикалық себептер бойынша; олар өздерінің сүйікті адамының көңілдегі рөлінде болғысы келмейді; күйеуіне және оның туыстарына қызмет етуді қаламау, келіп-кетіп жүретін жарды іздейді; ана атануға деген құштарлық – күйеусіз бала сүйуден гөрі заңсыз болса да некеде босану басқалардың алдында ұят емес. Ғалым бұл мәселеде мемлекеттің бейтарап ұстанымда болуы тиімді деп есептейді, мұны адами қарым-қатынастың интимдік саласына араласпаумен түсіндіруге болады. Өйткені көп әйел алуға тыйым салу діндарлар мен қоғамдағы беделі жоғары адамдардың наразылығын тудыруы мүмкін, ал бұл процесті оңтайландыру және әйелдер құқығын қорғау үшін полигамиялық некелерді заңды түрде тіркеу елдің зайырлы негіздеріне нұқсан келтіру қаупін тудыруы мүмкін.

Жаһанданумен, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруімен және әйелдер арасындағы білім деңгейін арттырумен байланысты заманауи шарттар шарифат нормаларын түсіндіруде жаңа көзқарастарды талап етеді. Әйелдердің білім алу және қоғамдық өмірге қатысу құқығы, жұбайын таңдау еркіндігі және отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғану сияқты мәселелер қазіргі ислам дінтанушылары мен ғалымдарының белсенді пікірталас нысанына айналууда. Олар бір жағынан шарифаттың негізгі қағидаларына берік болса, екінші жағынан заманауи жағдайларға бейімделетін жаңа көзқарастар мен «пәтуалар» – діни тұжырымдар жасауда.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған (Грант АР19676979*

*«Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»).*

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Ализаде А.А. Тааддуд аз-завджат // Исламский энциклопедический словарь. – М. : Ансар, 2007. – С. 730.

2 Прикрываясь Кораном... Как религия способствует деградации казахстанской семьи // <https://qmonitor.kz/society/4466>

3 Алтайқызы А. Дискурс-анализ казахстанского сегмента онлайн-платформ в контексте формирования массового религиозно-го сознания // Сборник материалов Международной научно-практической конференции: Социальная модернизация в Казахстане: возможности и перспективы. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2023. – С. 254-268.

***Қасабекова Еңлік Құралғазықызы***

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, PhD докторант*

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ**

Қазақ халқының рухани әлеміндегі гендерлік теңдік мәселесі әуел бастан келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Әйел теңдігі мәселесі әлемдік деңгейдегі көтеріліп отырған өткір мәселе. Гендерлік теңдік қазақ қоғамында тарихи дәстүрлер мен қазіргі заман деңгейінде қалыптасқан күрделі ұғым. Әйелдердің қоғамдағы рөлі, отбасы мен қоғамдағы орнын анықтайтын мәдениет, фольклор, дін мен саясаттың әсері маңызды. Гендерлік теңдікті дамыту үшін білім мен ақпараттық науқандар ауадай қажет.

Қазақ халқының гендерлік теңдік мәселесіне көзқарасы тарихи контексте өзгеріп отырды. Дәстүрлі қоғамда әйелдер отбасының тірегі ретінде маңызды рөл атқарды, бірақ олар көбіне қоғамдық-саяси өмірден алыстады. Оның тарихи аспектісіне назар аударайық:

1. Жалпы алғанда әйелдердің дәстүрлі рөлдеріне әулеттік мәселелермен айналысып, балаларды тәрбиеледі, бірақ қоғамдық өмірде ерлерге қарағанда шектеулі құқықтарға ие болды.

2. Азаматтық құқықтар мәселесіне келсек, Кеңес Үкіметі кезеңінде әйелдерге көп құқықтар берілді, бірақ олар көбіне формальды сипатта болды.

3. Қазіргі кезеңді білім алу менмен жұмыспен қамтылумен сипатталады. Бүгінгі күні әйелдер білім алуда және кәсіби салада белсенділік танытуда, бірақ гендерлік

стереотиптер мен дискриминация әлі де сақталып отыр.

Жалпы гендерлік теңдік тұрғысында қоғамдық пікірге келсек, гендерлік теңдік мәселесі қоғамда қызу талқылануда. Көптеген ұйымдар мен белсенділер әйелдердің құқықтарын қорғауға, гендерлік теңдікті насихаттауға жұмыс істейді. Мәдени ықпал тұрғысынан қазақ фольклорында әйелдер бейнесі, олардың күш-қуаты мен даналығы да көп кездеседі. Бұл әйелдердің қоғамдағы маңызды рөлін көрсетеді. Дін мен мәдениеттің әйелдердің өміріндегі рөліне тоқталсақ, дін мен мәдени дәстүрлер гендерлік рөлдерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, бұл да теңдіктің қалыптасуына кедергі келтіретін фактор болуы мүмкін.

Бүгінгі таңда гендерлік теңдік мәселесі қазақ қоғамында даму үстінде, бірақ толық теңдікке жету үшін әлі де көп жұмыс атқару қажет. Білім, ақпарат және мәдени өзгерістер бұл үдерістерді жеделдетуге жәрдемдеседі.

Қазақ халқының әйелдер теңдігі мәселесіне маңыздылық беруі мен оның рөлін 1925 жылдан бастап жарық көре бастаған «Әйел теңдігі» — қазақ әйелдеріне арналған қоғамдық-саяси журналдан аңғаруға болады.

Ол бастапқы кезде, 1925 жылы. 5 мамырда өлкелік партия комитетінің жанындағы әйелдер бөлімінің газеті ретінде «Теңдік» деген атпен Орынбор қаласында шыққан. Редакторы — Соня Есова. Журналды шығару жұмысына Ш.Қожахметов, Р. Сүгіров, Сәбит Мұқанұлы Мұқанов белсене қатысқан. Кей нөмірлеріне (мысалы, 1925 жылы N3) редактор ретінде Бейімбет Майлин қол қойған. Мақсаты — Қазақстан автономиялы республикасы ОАК-нің 1920 жылы қабылдаған қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тиым салу туралы декретін бұқараға түсіндіру, әйелдердің қоғамдық өмірге араласуын насихаттау болды. 7 нөмірі жарық көрген соң, 1926 жылы шілде айынан «Теңдік» газеті журналға айналып, «Әйел теңдігі» аталды [1].



Жоғарыда айтылғандай, әйел теңдігі мәселесі әлемдік қордалы мәселелер тізбегінде. Әлем елдеріндегі миллиардтаған әйелдер мен ер адамдар мүгедектігіне, этникалық шығу тегіне, байырғы немесе тайпалық ұлт өкілі болуына, діни сеніміне, нәсіліне, жынысына немесе жыныстық бағдарына, гендерлік сәйкестігіне, саяси көзқарасына тағы да басқа себептерге байланысты қоғам өлшеп берген белгілі бір жұмыс түрімен ғана айналысуға мәжбүр болып отыр. Тіпті кейбіреулері жұмысқа орналасу, білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізе алмай жатқан жайлары бар. Әйелдер, мигранттар сияқты белгілі бір азшылық топтардың қоғамда дискриминацияға ұшырауы олардың арасында жұмысқа жегілу, саудалану немесе зорлық-зомбылық факторларының артуына алып келеді. Сондай-ақ осындай азшылық топтар арасындағы дискриминация жұмыссыздықты көбейтіп отыр. Оның салдарынан табыссыз қалған ата-аналар күнкөру үшін балаларын қара жұмысқа жегіп қоюы жиі көрініс табады. Демек кедейліктің басты себебі – осы әлеуметтік дискриминация. Ол – адамдардың әлеуетін жойып, әлеуметтік шиеленістер мен теңсіздікті арттырады. Өкінішке орай қоғамда осындай теңсіздік мәселелері орын алып отырған жайы бар. Бүгінде дүниежүзі көлемінде еңбек саласындағы белең алған дискриминация – гендерлік теңсіздік. Жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне қолжетімділік, жалақы, әлеуметтік қорғалу дәрежесі және кәсіптік сегрегация жағынан жұмыс орындарының саны мен сапасында айтарлықтай гендерлік алшақтық көрініс тауып отыр. Әйелдердің жұмыссыз қалу ықтималдығы ер адамдарға қарағанда жоғары, ал жұмыссыздық мәселесі, әсіресе, жас әйелдер арасында өзекті болып отыр.

2023 жылғы БҰҰ мәліметі бойынша, жер бетіндегі 195 мемлекеттің 36-сында ғана әйелдер мемлекет және үкімет басшылары лауазымын атқарады. Оның 19-ы үкімет

басшылығына тағайындалса, 17-сі мемлекет басшысы. Бүгінгі мақалада маңызды саяси шешімдер қабылдауда әйелдер үлесінің аз болуының себептері, бүгінгі күні олардың жоғары лауазымдарды атқаруына кедергі келтіретін факторлар және саясатта гендерлік теңдік орнатудың маңыздылығы туралы айтатын боламыз.

Жоғарыда айтылған дерекке сәйкес, бұл – әлем тарихындағы саясатқа әйелдер қатсуының ең жоғарғы көрсеткіш болып есептеліп отыр. Әйелдер әлем халқының шамамен 50%-ын құрайды (Statistics Times дерегі), демек ерлер үлесімен шамалас. Осындай жағдайда 151 мемлекеттің (монархиялық жүйедегі елдерді есепке алмағанда) 134-ін ер адамдар басқарып отыруынан (БҰҰ дерегі) көп мемлекеттерде әлі де әйел азаматтарының саяси өмірдегі рөлі төмендетіліп, өміріне тікелей әсер ететін саяси шешімдерге қатыса алмай дискриминацияға ұшырап отырғандығын айта аламыз. Сондай-ақ әйелдер үлесінің қазіргі көрсеткіші олардың басшысылық лауазымдарға айтарлықтай аз ұсынылатындығын, министрлер кабинетінің басым бөлігін әлі де ер адамдар құрайтынын, сондай-ақ экономика, қорғаныс және энергетика сияқты негізгі бағыттарға тек ер адамдарды тағайындау жалғасып келе жатқандығын байқатады. Осындай ашық, дамыған қоғам заманында бұл деректер әйелдердің мемлекет пен үкімет басшыларының арасында азшылық топ болып қала беретіндігінің көрсеткіші [2].

Қазақ халқының рухани әлеміндегі әйелдердің орны өте маңызды. Олар отбасының ұйытқысы, мәдениеттің сақтаушысы және қоғамның дамуына үлес қосушы ретінде қызмет етеді. Әйелдер шаруашылықты жүргізу, тәрбиелеу және дәстүрлерді сақтау арқылы ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтады. Әу баста гендерлік теңдік дегенде үрке қараған қазақ қоғамы қазір бұған үйренісе бастады.

Бүгінде саясат сахнасында жүрген әйелдердің қарасы көп. Ал енді сол әйел қауымы құқықтық сауатты ма?! Осыдан бірер жыл бұрын бірқатар сала мамандары «елде әйелдерден гөрі, ер азаматтар құқықтық сауатты» деген пікір білдірген-ді. Ал қазір ресми деректерге жүгінсек, елдегі әйел қауымының құқықтық сауаты өсе бастағанын байқаймыз. «Аналитик» талдау және сараптау орталығы мамандарының берген деректеріне көз жүгіртсек, соңғы үш жылда қазақстандық әйелдердің заң аясында сауаты өсе бастағанын аңғарамыз. Гендерлік теңдікке қол жеткізу мүмкін бе деген қордалы сұраққа жауап іздеп көрсек. Қазақстанда әйелдер құқықтарын қорғау мен гендерлік теңдікті насихаттайтын көптеген ұйымдар жұмыс істейді. Әйел адамдардың білім алу және жұмыс істеу құқықтары бойынша мәдениет және білім саласындағы әйелдер гендерлік теңдік мәселесі туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруы маңызды.

Әлеуметтанушы Аймара Тілеукинаның айтуынша, біздің әйелдердің көбі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраса да заңнан гөрі, дәстүрге көбірек жүгінеді. Осыдан барып елімізде әйелдердің құқы аяққа тапталып жатады. Әйелдердің бірқатары күйеуінің ұрып соққанына төзіп, бірнеше жыл жүреді. Заңға жүгініп, өзін қорғайтындары некен-саяқ. «Әсіресе ауылдық жердегі әйелдер соққыға жығылып жатса, ауылдың үлкендері барып басу айтып, оларды қайта ымыраластырып жатады. Әйелдердің арасында заңгерге жүгіну, ақыл-кеңес алу дегенді білмейтіндер басым», – дейді маман. А.Тілеукинаның пайымдауынша, гендерлік теңдікті, отбасы құндылығын насихаттауда ауылдағы әйелдердің құқы ескерілуі тиіс. Ауылда арнайы орталықтар ашылып, әйелдерге кеңестер беруге, заңдық тұрғыда көмектер көрсетуге ұмтылғаны жөн. Еңбекақы теңдігі де ойлантуы қажет. Бұдан бөлек, мамандар еңбекақы төлейтін кезде де өз құқығын талап ете алмайтын

әйелдер барын мысал етті. Бұл мәселе де гендерлік теңдік тақырыбының әлсіз тұсы. Мысалы, қазір экономикалық белсенді халықтың 48,5 пайызы әйелдер. Соның ішінде олардың 31,2 пайызы ер азаматтарға қарағанда төмен жалақы алады. «Негізінде жалақыдағы ең аз гендерлік алшақтық Люксембургте тіркелген, онда бұл көрсеткіш шамамен 1 пайыз. Бізге нақ осындай тәсілді ұстанбасақта, гендерлік теңдік жайын қозғағанда еңбекақы теңдігі де сырт қалмауы тиіс», – дейді әлеуметтанушы. Бұл ретте «Аналитик» талдау және сараптау орталығының деректеріне сүйенсек, Қазақстанда әйелдердің ерлерден 25-27 пайызға аз табыс табатынын байқаймыз және бұл соңғы үш жылда тұрақты үрдіс болып қалыптасқан. Ranking.kz агенттігінің мәліметінше де, 2023 жылы елдегі ер адамдардың жалақысы әйелдерге қарағанда 22 пайызға жоғары болған. Абзалында, біз бәсекеге қабілетті ел болу үшін де гендерлік саясатты нықтауымыз қажет. Ал мамандар гендерлік теңдік жетілуі үшін алдымен осы үш мәселені жетілдіргеніміз жөн екенін айтып отыр [3].

Жалпы қазақ қоғамындағы әйел теңдігі мәселесі маңыздылыққа ие болуының басты себептерінің қазақ отбасындағы әйелдің ана ретінде құрметтеу, отбасының ұйытқысы ретінде қарауы, от анасы ретінде әспеттеуінде деуге болады. Атадан балаға келе жатқан жазылмаған заңдар аясындағы дәстүрмен беріліп келе жатқан аталмыш үрдістердің қаймағы бұзыла қоймады. Десе де, аналардың жылауы, қыздардың қасіреті, әйелдердің құқықтарының тапталуы кездесіп жататыны күпия емес. Қоғамдағы қордалы әрі түйіткілді мәселелердің бірі. Адамзат баласына ортақ мәселелердің қазақ қоғамында болуы шартты құбылыс. Қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесі күрделі, бірақ қазіргі қоғамда өзгерістер орын алуда. Әйелдердің құқықтарын қорғау мен теңдікті қамтамасыз ету үшін көп

жұмыс істелуде. Әйелдер теңдігін сақтау үшін кешенді тәсілдер қажет. Білім, құқықтық қорғау, қоғамдық пікір мен экономикалық мүмкіндіктерді дамыту арқылы теңдікті қамтамасыз етуге болады.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған (Грант АР19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»).*

### **Пайдаланған әдебиеттер**

- 1 Әйел теңдігі. [Электронды ресурс] URL (ulagat.com)
- 2 Қарлыған Сайлауова. Гендерлік теңдік. Дәстүр және құқықтық сауаттылық [Электронды ресурс] URL (zhasalash.kz)
- 3 Аяжан Қабылқанова. Гендерлік теңдік. Өлем және Қазақстан саясатындағы әйелдер рөлі [Электронды ресурс] URL ruh.kz

## **Қасымхан Құрманбек**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
PhD докторанты, РМК «Ғылым Ордасы» Орталық ғылыми  
кітапханасы Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық  
әдебиеттің кітапхана мұражай бөлімінің қызметкері*

### **ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ: ТҮРКІ-ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ**

Әйел теңдігі – бұл адам құқықтары мен әлеуметтік әділеттілік саласында маңызды орын алатын мәселе. Ғасырлар бойы қоғамдағы әйелдер мен еркектердің рөлдері әлеуметтік, мәдени және экономикалық тұрғыдан әртүрлілікке ие болды. Әйел теңдігі мәселесі тек әлеуметтік мәселелерді ғана емес, сонымен қатар экономикалық дамуды, білім беру жүйесін және саяси құрылымдарды да қамтиды. Қоғамның өркениетті деңгейін анықтауда әйелдердің әлеуметтік өмірдегі орны маңызды. Ең қарапайым әлеуметтік өмірден бастап бүгінгі күнге дейінгі әйел теңдігі құқықтары қоғамның адам құқықтарына деген көзқарасын түсінуге көмектеседі. Ер адамдар (топ ретінде) саяси билік пен моральдық беделдің негізгі тасымалдаушылары болып табылатын Патриархат үстемдік еткен ежелгі өркениеттерде қыздарды өлтіру, өмір бойы біреудің қамқорлығында өмір сүру немесе ат қоюға лайық деп табылмау сияқты жағдайлар гендерлік кемсітушіліктің ауқымын көрсететін ауыр мысалдар болып табылады. Ислам келерден алдығы, әйел балалары тірідей көму өлтіру һәм өлтірген кезде өлтіруші еш уақытта өлтіргені үшін жазаланбау тіпті бой жеткен қыз баланы тұрмысқа берерде алдымен өз аймағындағы

оншақты еркекке беріп, соңында отбасына әкеліп күтіп, қыз бала босанғаннан кейін баланың түрі кімге ұқсаған болса сол адамға тұрмысқа берумен қатар күйеуі әйелді қалаған кезде талақ ете алатын жағдайлар жиі кездескен. Ислам дінінің келуімен әйел мен еркек арасындағы құқықтар мен міндеттердің өзара теңдігіне баса назар аударады.

Исламның негізгі қайнар көздері болған – Құран мен Пайғамбардың (с.а.с.) хадистері – әйелдердің әлеуметтік, саяси және экономикалық рөлдерін анықтауда маңызды үлес қосады. Көптеген ғұламалар әйелдердің құқықтары мен міндеттерін қарастырғанда, әйелдердің құқығы Ислам дінінде биік мәртебеге ие екенін анықтаған. Осы кезеңде әйел теңдігі: түркі-ислам қоғамындағы орны қандай болды? деген мәселе түркілердің өркениет тарихындағы орнын айқындайтын маңызды шара болмақ.

Әйелдердің құқықтары үшін күрес ежелден бері жалғасып келеді. Арысы Адам ата мен Хауа анадан бастау алған адамзат қоғамы еш уақытта бұл мәселеден тысқары болмаған. Адам мен Хауа туралы мифтің мәніне үңілсек Хауа ана Адам ата тең деңгейде жәннатқа кіргізілуі олардың құқықтарының құдай алдында тең дәрежеде екендігі аңғарылады. Алайда адамзаттың ата жауы болған ібілістің Хауа анаға азғыру салып «Адам ата сені жақсы көрмейді, сенің бұл жаннатта мәңгілік қалуыңды қаламайды» деп алдап, «Егер оның сені жақсы көруін һәм онымен осы жәннатта мәңгілік бірге болуды қаласаң мынау тиым салынған жемісті өзің же де, оған да жегіз» деп тыйым салынған ағаштың жемісін жегізу арқылы дүние тіршілігіне түсірілуге мәжбүр болған Адам мен Хауа ортасындағы ібілістің азғыруы ер мен әйел, ұл мен қыз, жамағат пен қауым, тайпалар мен ұлттар, ұлыстар арасында бір-бірін кемсіту сөздер, таптық көз-қарастар осы уақытқа дейін жалғасын табуда. Негізі ер

мен әйел, ұл мен қыз, еркек-ұрғашы, мырза мен ханым деген атаулар тек жыныстан айырмашылықты анықтайтын мәннен туындайтын сөздер ғана еді. Міне, осындай таптық кемсіту санатында ежелгі түрік қоғамы туралы, әсіресе батыстықтар дайындаған көптеген еңбектерде түркілердің көшпелі болғандығына негізделген әртүрлі тұжырымдар жасалған: көшпелілігіне байланысты алғашқы ұлы өркениеттерге қатыса алмаған түріктер, әсіресе, батыстықтар дайындаған. адамзаттың дамуына үлес қоспаған дөрекі қауым. Олар жабайы отбасылық топтарға ұйымдасқан көшпелі малшылар. Көшпелілер, оның ішінде түркілер тумысынан өркениетті қасиеттерге ие емес, бар нәрсені ғана тұтынады және бұл тұрғыда өмірді жеңілдететін жаңалақтарға тосқауыл қояды. Олар әскери күштерімен бір жерді басып алса да, олар сол елде интеррегнум бастайды және бейберекетсіздік жасаудан басқа ештеңе істемейді. Оларды адасқан адамдар тобы деп сипаттайды һәм оларда ешқандай сенім жүйесі жоқ. Олардың мемлекеттік ұйымы жоқ және заңның не екенін білмейді, өз ережелерімен өмір сүргенді ұнатады [1] деген сияқты және осыған ұқсас тұжырымдар арқылы көне түркілерді анықтауға тырысқан ойшылдардың қателескені бүгінде белгілі болуда.

Исламға дейінгі түрік қоғамы жартылай көшпелі шаруашылық жүйесі негізінен мал шаруашылығына негізделген. Алғашқы кезеңде тайпа болып өмір сүрген түркілер мемлекеттердің пайда болуымен ұлт бола бастады. Олар өркениет тарихына үлкен үлес қосты, өйткені олар жылқыны қолға үйретті және темірді алғаш пайдаланған қауымдардың бірі болды. Атты әскерлерінің арқасында олар өмір сүрген географиялық аймақтарда көп қиындықсыз саяси басымдық орната алды. Өздерін өркениет орталығы санайтын қытайлықтардан еуропалықтарға дейін һәм Ат-



лант мұхитына дейін көптеген қауымдастықтар, ұлттар мен ұлыстар түрік армиясы жүйесін үлгі етіп атта жасақтармен әскери құрылымдарын қайта құрды. Исламға дейінгі кезеңдегі түркілердегі отбасы құрылымы мен әйелдің жағдайы туралы бүгінге дейін көптеген зерттеулер жүргізіліп, бұл мәселе жан-жақты талқыланды [2].

Ислам дінінің келуімен түркі және ислам мәдениеттері ұзақ уақыт бойы өзара байланысып, бір-біріне ықпал еткендіктен, олардың әйелге деген көзқарастары осы екі мәдениеттің түйісінде дамыған. Ежелгі түркі қоғамында түркі халықтарының тарихына көз жүгіртсек, әйелдер қоғамда маңызды орынға ие болған. Өйткені тарих бетінде үңілсек түркі халықтарында әйелдер тек үй шаруасымен ғана шектелмей керісінше маңызды саяси ортаға араласып өз рөл атқарып, батырлар мен ел басшыларының серіктестері ретінде көрінген. Көптеген тарихи деректерге сүйенсек, әйелдер хандық билікке қатысқан және билеуші ретіндегі әйелдер (ханымдар) өздеріне тән ерік-жігер мен ақыл-парасатпен белгілі болған. Күлтегін жазбаларындағы түркі әйелдерінің саяси ықпалы мен беделін көрсететін кеңестерге қатысып, ел ішіндегі маңызды шешімдерге зор ықпалдарын тигізген ханымдар соның дәлелі. Ислам діні түркі әлеміне келгеннен кейін, араб мәдениетімен бірге түркі қоғамына өз әсерін тигізді. Әсіресе Исламның негізгі қайнары көзі болған Құран кітабы Исламның алғашқы кезеңінде әйелдерге құқықтар беріліп, олардың қадір-қасиеті сақталды. Алла-Тағаланың әмірі болып саналатын Құран аяттарында әйелдерге деген Әділеттілік пен құрметті алдыңғы қатарға қойып былай дейді;

يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ مِنْ نَفْسٍ وَاحِدَةٍ وَخَلَقَ مِنْهَا زَوْجَهَا وَبَثَّ مِنْهُمَا رِجَالًا كَثِيرًا وَنِسَاءً وَاتَّقُوا اللَّهَ الَّذِي تَسَاءَلُونَ بِهِ وَالْأَرْحَامَ إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلَيْكُمْ رَقِيبًا

Уа, адамдар! Бәріңді бір жаннан (бір кісіден) жаратқан һәм одан жұбын жаратып, ол екеуінен көптеген ерлер мен әйелдерді өрбітіп, жер бетіне таратқан Раббыларыңа қарсы келуден сақтаныңдар. «Алла үшін деп», атын атап, бір-біріңе өтініш айтысқан Аллаға қарсы келіп, асы болудан һәм туыстық байланысты үзуден (яғни ата-ана мен туған-туыстың ақысын аяқ асты етуден) сақтаныңдар. Шүбәсіз, Алла – сендерді әрдайым көріп, бақылап тұрушы [3]. Деу арқылы адамзаттың Адам ата мен Хауа анадан бірдей жаратылғаны айтылады. Яғни барлық адамдардың жаратылысы мен қадірі тең. Сонымен қатар, Құранда;

هُنَّ لِبَاسٍ لَّكُمْ وَأَنْتُمْ لِبَاسٍ لَّهُنَّ

Олар сендер үшін (сендерді бүркейтін, күнәдан тыятын, жан мен тән рақатына бөлейтін һәм көрікті қылатын) киім (іспетті), сендер де олар үшін дәл сондай киім (секілдісіңдер) [4] деп еркек пен әйелдердің бір-бірінің серігі, бір бүтіннің екі жартысы екендігі баса айтылған. Яғни әйелдер ерлермен бірдей қадірге ие, олар да адамның нәсілінен жаратылған толық құқығы бар жаратылыс деп баяндайды. Сонымен бірге шарифатта исламдағы әйелдердің мұрагерлік құқығы, білім алуға құқығы, өз меншігіне ие болуға құқығы, сондай-ақ некеге тұру және ажырасу құқықтары ерекше атап көрсетілген әсіресе әйелдердің мұрагерлік мәселесі нақты айқындалады, әйелдерге өз үлесін талап етуге құқығы бар екендігі анық айтылған. Бұл ислам дініндегі әйелдердің экономикалық және құқықтық жағынан теңдігіне мысал бола алады.

Ислам дінінің екінші негізгі ұстанымы болған Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) хадистерінде де әйелдердің құқықтары мен олардың қоғамдағы орны туралы көптеген насихаттар берілген. Ол өзінің өмір сүрген қоғамындағы әйелдердің жағдайын жақсартуға және оларды әділеттілікке баулуға ерекше мән берген. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) «Сендердің

ең жақсысыңдар – әйелдеріңе жақсы қарым-қатынас жасағандарың» деп айтуы сондай-ақ сендердің жақсыларың отбасыларыңа жақсы болғандарың, сендердің ең жақсыларың мен өйткені мен отбасыммен жақсымын» [5] деген. Бұл оның әйелдерге деген көзқарасының әділетті және мейірімді болғанын көрсетеді. Сонымен қатар Исламда әйелдерге білім алу өте маңызды саналады. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) «Білім алу әрбір мұсылман ер және әйелге парыз» [6] деген хадисі әйелдерге деген исламның әділдік көзқарасын айқындай түседі. Осылайша, әйелдер білім алып, қоғамда белсенді рөл атқаруға құқығы бар екені исламда бекітілген. Демек білім алу және беру әйелдердің әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарады. Гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін зайырлы қоғамда мұсылман емес қыз балалардың құқығы қалай сақталған болса мұсылман қыздарға да шарифат аясында сапалы білім алуға тең мүмкіндік беру маңызды. Алайда кейбір елдерде мұсылман қыз балалардың мектепке бару мүмкіндігі шектеулі. Бұл гендерлік алшақтықтың сақталуына ықпал етеді және экономикалық дамуға кері әсерін тигізеді.

Ортағасырлық мұсылман қоғамдарында, соның ішінде түркілердің Ислам дінін қабылдауымен бірге қалыптасқан мемлекеттерде, әйелдерге қатысты көзқарастар біраз өзгерістерге ұшырады. Мысалы, әйелдер білімге қол жеткізіп, ғалым, ақын, философ болып танылды мысалы, Ахмет Ясауи дәуірінде әйелдер рухани өмірдің маңызды бөлігіне айналып, тіпті діни ілімдерде де экономикалық бағыттарда да білім алды. Өйткені исламда әйелдер ерлермен бірдей экономикалық құқықтарға ие. Олар исламдағы өз құқығын қорғауға, мүлікке ие болуға, оны басқаруға, сауда-саттық жасауға толық құқылы. Ислам шарифат шеңберінде әйелдерге жұмыс істеуге тыйым салмайды, керісінше, олардың экономикалық және қаржылық тәуелсіздігін сақтауды құптайды. Әйелдердің отбасы ішіндегі

және одан тысқары қоғамдағы рөлі де исламда ерекше мәнге ие. Мысалы, әйелдер өз отбасының тыныштығы мен берекесіне жауапты, бірақ бұл міндет ерлерге тең дәрежеде жүктеледі. Екі жақтың да міндеттері Құран мен хадистерде үйлесімді түрде айқындалған. Сонымен қатар саяси және қоғамдық салада жұмыс істеуге тыйым салынбаған. Көптеген ислам тарихшылары мен ғалымдары ерте кезеңдерде әйелдердің қоғамда белсенді рөл атқарғанын дәлелдейді. Хадиша анамыз саудагер болса, Айша анамыз Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ең жақын кеңесшілерінің бірі болумен қатар сахабаларға діни ілімдерді үйреткен сонымен қатар пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) дүниеден өткеннен кейін пәтуа берген. Міне осылайша, ислам мемлекеттерінде әйелдерге саяси рөл атқаруға, басшылық лауазымдарда болуға рұқсат берілген. Ислам тарихында, әсіресе алғашқы кезеңдерде, әйелдердің қоғамдағы белсенділігі айқын көрінеді.

Түркі жұртының қара шаңырағы болған қазақ қоғамында да әйелдерге құрметпен қарау дәстүрі сақталған. Қазақ хандығы кезеңінде ханымдар мемлекет басқаруда ерлермен тең дәрежеде кеңесші рөлін атқарды, мысалы, әйгілі тұлға «Тұмар ханым» немесе «Әбілқайыр ханның жұбайы Бопай ханым». Бұл әйелдер саяси шешімдерге араласқан, әскери істерде де белсенді рөл ойнаған. Қазіргі кезде түркі және ислам мәдениеттерінің елдерінде әйелдерге берілген құқықтар түрлі жолдармен дамып келеді. Мұнда басты факторлар ретінде: құқықтық реформалар, XX ғасырда көптеген түркі және мұсылман елдерінде әйелдерге тең құқықтар беруді заңнамалық тұрғыда жүзеге асыру басталды. Оған әйелдердің білім алу, жұмыс істеу, саясатқа араласу құқығын қамтамасыз ететін заңдар жатады. Қазіргі уақытта гендерлік теңдікке баса назар аударылып, Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан сияқты елдерде әйелдер саясатта, бизнесте, ғылымда, спортта үлкен жетістіктерге жетіп отыр.

Қорыта айтқанда, әйел теңдігі – бұл жаһандық қоғамның маңызды мәселелерінің бірі. Әлеуметтік, экономикалық және саяси салаларда гендерлік теңдікке қол жеткізу барлық адамдардың әлеуетін толық жүзеге асыруына жағдай жасайды. Әйелдердің құқығы мен теңдігі тек құқықтық нормалар арқылы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік сананы өзгерту арқылы да қамтамасыз етілуі қажет. Түркі мәдениеті мен ислам дінінде әйелдердің құқығы мен теңдігіне үлкен мән беріледі. Қазақи ырым-тиымдар құран-хадистер әйелдерге білім алуға, экономикалық және әлеуметтік салаға араласуға, саяси өмірде белсенді болуға мүмкіндік береді. Алайда, кейбір қоғамдарда исламның бұл қағидалары дәстүрлі немесе мәдени түсініктермен шектелуі мүмкін. Қазақ қоғамында әйел теңдігін толық жүзеге асыру үшін түркілік исламның негізгі көздеріне сүйеніп, мәдени стереотиптерден аулақ болу маңызды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 Qaradawi Y. The Status of Women in Islam. - Islamic Book Trust, 2006.
- 2 Esposito J. L. Women in Muslim Family Law. - Syracuse University Press, 1982.
- 3 Barlas A. Believing Women in Islam: Unreading Patriarchal Interpretations of the Qur'an. - University of Texas Press, 2002.
- 4 Butler J. Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity. – Routledge, 1990.
- 5 Walby S. The Future of Feminism. - Polity Press, 2011.
- 6 World Economic Forum. Global Gender Gap Report, 2020.

**Бурибеков Оңласын**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық  
университетінің PhD докторанты,  
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының ғылыми қызметкері*

**ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТАРИХИ  
КОНТЕКСТЕГІ РӨЛІ**

Феминизм қазақ қоғамында көбінесе «ерлермен дәрежесін теңестіру» сынды жаңсақ пікірмен байланыстырылғанымен, оның шынайы мәні әйелдердің қоғамдағы әділетті қарым-қатынас пен құқықтарын қорғауға бағытталған күресі болып табылады. Бұл қозғалыс әйелдердің тең құқылы болуын, олардың әлеуметтік, саяси және экономикалық салада ерлермен тең дәрежеде өмір сүруін қамтамасыз етуге талпынады. Феминизмнің басты мақсаты – қоғамдағы гендерлік теңсіздікті жою және әйелдерге толық құқықтар мен мүмкіндіктер беру арқылы әділетті, инклюзивті қоғам қалыптастыру.

Түркілер заманынан бастау алған қазақ әйелдері тарихта өзінің даналығымен, қабілетімен ерекшеленіп, әкелеріне, еріне, баласына тірек болып, кез келген жағдайдан дұрыс жол табуға көмектескен. Ислам діні келгенге дейінгі Араб және шығыс елдерімен салыстырғанда, түркі халықтарында әйелдер қоғамда елеулі рөл атқарып, тіпті мемлекет басқарған жағдайлар кездескен. Мысалы ретінде сақтардың патшайымы Томирис пен Дели сұлтанатын басқарған Разия Сұлтанның есімдерін атауға болады. Дереккөздерге сүйенсек, тіпті біздің дәуірімізге дейін «Патшайым Томирис

біздің Отанымызға шабуыл жасаған басқыншы Кир патшаны жеңді» [1, 3–4 б.].

Тарихта 31 жасында Дели сұлтанатының әйел заты арасынан бірінші және жалғыз билеушісі болған Разия Сұлтан [3, б. 62] ел басқарған кезде саяси және мәдени дамуға айтарлықтай үлес қосып, әйелдердің билік құрылымындағы орнын нығайта түсті. Бұл мысалдар түркі қоғамдарындағы әйелдердің саяси және әлеуметтік рөлінің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақ хандығы кезеңдеріне шолу жасар болсақ, VII–VIII ғасырлардағы көшпенділер әлемінде гендерлік дискриминация болмағандығы байқалады, өйткені әйелдер ерлермен тең құқықтарға ие болған. Түркілердің маңызды құндылықтарының бірі – әйелдердің тең дәрежедегі жағдайы, бұл Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде, әсіресе Күлтегінге арналған жазбада айқын көрініс табады. түркілер қоғамында аналарға, апаларға, қыздарға ерекше көңіл бөлініп, оларға қамқорлық көрсетілгені тарихтан белгілі. Оларды құлдыққа түсіру халық пен мемлекеттің болашағына қауіп ретінде бағаланып, олардың бостандығы мен қадір-қасиетін сақтау бүкіл қоғамның өмір сүруі мен гүлденуі үшін өте маңызды. Әйелдерге қарсы жасалған қылмыстар ең ауыр қылмыстардың қатарына жатқызылып, өлім жазасымен жазаланған [12, 132 б.].

Қазақ хандығы тұсынан бергі кезеңде ел билеген Айғаным, қол бастаған Бопай ханымдар, Күнбике, Айбике, Зере аналардың қазақ тарихындағы орны бөлек, сондай-ақ тарихымыздағы өзге де батыр аналарымыз ақыл-парасатымен, қайтпас қайсарлығымен жұрт билеп көсемдік көрсетті, қол бастап жаугершілікті бастан кешті. Осы себепті тарихтағы ұлы аналарымыздың есімі бір рулы ел болып, ұранға айналды. Шежіре жылнамасын тізбектесек руға

айналған аналарымыздың көп екенін қараймыз. Халқымыз көп ру ана есімін ру атына беруге арланбаған. Керісінше рушежіресін сол аналардың құрметіне арнап, бір қауым елге айналған [2].

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында гендерлік саясатты жүзеге асыруда бірқатар жетістіктерге жетті.

Осы кезеңде Қазақстан әйелдердің мәртебесі мен құқықтарына қатысты бірқатар ауқымды және халықаралық келісімдерге қосылды және бекітті. Гендерлік және отбасылық-демографиялық саясаттың тұтас институционалдық жүйесі қалыптасқан, елеулі құқықтық база құрылды. 2017 жылдың қорытындысы бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның (бұдан әрі – ДЭФ) гендерлік айырмашылық индексі бойынша Қазақстан Республикасы 144 елдің ішінде 52-ші орында тұр. «Экономикалық қатысу және әйелдер мүмкіндіктері» көрсеткіші бойынша – 30 орын, «Білім деңгейі» бойынша – 48 орын, «Денсаулық индексі» – 36 орын, «Саяси ілгерілеу» – 93 орын.

2016 жылы жұмыспен қамтылған халықтың ішінде әйелдер саны 4,1 млн адамды немесе 48,1% құрады. Жалдамалы жұмыспен қамтылған әйелдердің жалпы саны 3,1 млн. адам немесе 75,7%, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 1,0 млн. адамды немесе 24,3% құрады. Әйелдер экономиканың барлық салаларында жұмыс істейді, атап айтқанда, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер – 74,5%, білім – 74,0%, қызмет көрсету саласында – 72,9%, қаржы және сақтандыру қызметі – 59,1%, сауда – 59,8%, көркемөнер мен ойын-сауық – 57,4, ауыл шаруашылығы – 44,2%, мемлекеттік басқару – 39,3%.

2009 жылы Қазақстан Республикасында «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің



мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 бұйрығымен Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдамада мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаты – ерлер мен әйелдердің қоғамның барлық салаларында тепе-теңдік құқықтарға, жеңілдіктерге, міндеттер мен мүмкіндіктерге қолжеткізуі, гендерлік кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін еңсеру.

Мемлекеттің гендерлік саясаты бойынша алға қойылған мақсатқа қолжеткізу үшін нақты міндеттер мен мақсатты индикаторлар анықталуы қажет.

Тұжырымдаманы жүзеге асыруда Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясатты жүргізу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

#### *Қазіргі уақыттағы гендерлік саясат*

Дәстүрлі қазақ отбасындағы міндеттердің бөлінуі көшпелі өмір салты мен қоғамның әлеуметтік құрылымына сәйкес келетін ерлер мен әйелдер арасындағы рөлдердің нақты бөлінуіне негізделді. Ер адам, отбасы басшысы ретінде, сыртқы мәселелерге жауап берді: ол отбасын материалдық жағынан қамтамасыз етті, мал шаруашылығымен, туған ауылын қорғаумен айналысты және қоғамдық өмірге қатысты. Әйел өз кезегінде үй шаруашылығында шешуші рөл атқарды: ол тамақ дайындады, балаларды тәрбиеледі, мал бағып, тоқу және киім жасау сияқты қолөнермен айналысты. Сонымен қатар, аналар мен әжелер жас ұрпаққа мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді тәрбиелеуге және беруге айтарлықтай әсер етті. Әйел үйге қамқорлық жасап қана қоймай, отбасылық пештің қамқоршысы болды, оның отбасындағы рөлі құрметтелді және оның пікірі салмақты болды.

Осылайша, қазақ отбасындағы міндеттердің дәстүрлі бөлінуі әрбір тарап отбасының тұрақтылығы мен әл-ауқатына өз үлесін қосқан үйлесімді өзара іс-қимылды көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі қоғамдағы әйелдер мен ер адамдардың отбасы аясындағы рөлі туралы келесі зерттеу нәтижелері айқын көрсетіледі.

БҰҰ Қазақстандағы гендерлік теңдікті және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қоғамдық көзқарасын анықтауға бағытталған әлеуметтік сауалнамасына сәйкес, отбасын басқарушысы кім болуы керек деген сауалға респонденттердің көпшілігі ерлер де, әйелдер де отбасының басшысы ер адам болуы керек деп санаған. Әйелдердің салыстырмалы түрде аз үлесі және ерлердің одан да аз үлесі отбасындағы әйелдер көшбасшылығын жақтайды, ал әйелдердің едәуір бөлігі отбасылық теңдікті жақтап дауыс берген.

Ерлердің төрттен үш бөлігі (76,9%) және әйелдердің жартысынан көбі (54,3%) отбасының басшысы ер адам болуы керек деп санайды. Отбасын екі адам бірдей басқаруы керек деген нұсқаны 18,6% ерлер және 37,7% әйелдер таңдады. 2,3% ерлер мен 6,3% әйелдер отбасын әйел басқаруы керек деп санайды [4, 8 б.].

Гендерлік теңдік Қазақстанның әлеуметтік және саяси дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде тарихи және қазіргі кезеңдерде айрықша мәнге ие. Көшпенділік дәуірінде әйелдер қоғамда ерекше мәртебеге ие болып, қоғамдық және саяси өмірде белсенді рөл атқарған, бұл Томирис, Бопай ханым, Домалақ ана сияқты тарихи тұлғалардың үлгісінде айқын көрініс тапты. Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстанда гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мақсатында заңнамалық және институционалдық шаралар жүзеге асырылып, нәтижесінде әйелдердің білім алуына, еңбекке араласуына

және саяси өмірге қатысуына мүмкіндік берілді. Дегенмен, қазіргі уақытта гендерлік теңсіздік мәселелері әлі де өзекті болып отыр, оның ішінде еңбек нарығында әйелдердің ерлермен салыстырғанда төмен жалақы алуы, олардың әлеуметтік-экономикалық шектеулерге ұшырауы және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың кең таралуы. Осыған байланысты, Қазақстанның тұрақты және инклюзивті дамуы үшін гендерлік теңдікті нығайтуға бағытталған шараларды күшейту, әйелдердің құқықтарын қорғау және олардың қоғамдық-саяси өмірдегі рөлін арттыру шешуші фактор болып табылады.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған (Грант АР19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»).*

### **Пайданылған әдебиеттер**

1 Мәммədova Ғ.А. Anaların fəryadı (Məsləhətçi və redaktor: polkovnik Xaqani Bağırov). - Bakı: Gənclik, 2006. - 508 б.

2 Керім Ш., Жеменей И., Әмірбекова С.К. «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы. – 2024. - №3(11). - 62 б.

3 Кемали М. Насилие над женщиной в семейно-бытовой сфере и его исторические предпосылки // Материалы международной научно-практической конференции: Проблемы борьбы с преступлениями в контексте национальной концепции права, посвященной памяти первого проректора КазГЮУ, д.ю.н., профессора Е. Г. Джакишева. - Алматы: КазГЮУ, 2002. - С. 131–137.

4 Электронды ресурс <https://e-history.kz/kz/news/show/373> (алынған күні 22.09.2024)

5 БҰҰ гендерлік теңдік және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту (UN Women) құрылымының талдамалық есебі. 2024 ж. - 8 б.

*Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы*

*Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Тарих және география» кафедрасының меңгерушісі, PhD*

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі Қазақстандық дінтанудың өзекті мәселелері дінтану ғылымының қарыштап дамуы мен діни мәселелердің өрши түсуімен байланысты. Бұған дейін халық санасында дінге байланысты түрлі формадағы ұстанымдар бәрібір қалып қойды. Қазақ діліне терең діншілдік, діни дәстүрлер мен ғұрыптарға деген сенім мен атеизмге, догмалар мен діни институттарға деген салғырт қараушылық басым. Өзіндік діни дүниетанымның әмбебаптылығы дінге қатысты өзіндік ұстанымдарды сақтап қалған әртүрлі бағыт-бағдардың пайда болуына әсер етті. Бұл Қазақстанның көпұлтты және полиэтникалық ерекше қоғам ретінде болуымен де байланысты.

Қазақстан топырағында, қазақтардың тарихында дінтану ғылымының пайда болуының алғышарттарына байланысты мәселелер жеткілікті. Тіпті дінтану ғылымы тұрмақ мемлекеттік дін болып табылатын исламның өзін дала жұрты жете меңгермеген, түпкілікті ұстанбаған деген пікірлер де айтылып қалып жүр. Өзінің мәдени-тарихи мазмұны тұрғысынан бұл тақырып өте өзекті болып табылады. Халықтың тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең зерттей жатып бұл түйіннің шешімін табу мүмкін емес. Қазақ халқының діни тұрпатын ислам дініне дейінгі кезең және

исламдық кезең деп бөлуге болады. Ислам дінін қабылдағанға дейінгі кезеңде тәңіршілдік сенімі болғаны белгілі.

Түркі тектес халықтардың тарихына көз жүгіртер болсақ діни сана-сезімдері мен болмысы өз алдына зерттеу мен зерделеуді қажет ететін ұшан-теңіз рухани әлем. Халықтың болмысын айшықтайтын руханилықта діни ұстаным жетекші роль атқаратыны әлімсақтан белгілі. Діни сенім белгілі бір этностың әдет-ғұрыпы, салт дәстүрі, тілі секілді рухани қалпын айқындап, ұлттық сана-сезімінің тірегі, ұлтжандылықтың ұйытқысы болып табылады. Діни сенім - адам өмірінде, бүтіндей бір ұлттың ділінде жетекші роль атқаратын дүниетаным.

Түркі халықтары ислам дінін түрлі кезеңде тарихи қажеттіліктерге байланысты өз ырқымен қабылдаған. Ортағасырлық христиан теологы Пьер Абелярдың «Сену үшін - түсінемін» деген қағидасы түркілердің исламды мойындауына сай келер еді. Исламның алғаш түркі көшпелілері арасында, яғни қазақтардың ата-бабаларында таралуы Қарахандар дәуірімен байланысты. Ислам дініндегі жоғарғы жаратушы Аллаһ ұғымы түркі халықтарының рухани сұранысы мен ізденістерін тап басып қанағаттандыра алды. Түркілер негізінен көшпенді өмір салтын ұстанғандықтан ислам дінін толық қабылдау баяу жүрді және алғашқыда төл мәдениет, әдет-ғұрыппен астасып жатты. Ең даланы жайлап, еркін көшіп-қонып жүрген халыққа мешіттер салу, ат үстінде, жорық жолында жүрген жауынгерге исламдағы бес парызды қалтқысыз орындау бірден көндігер іс-әрекет емес еді. Сондықтан кейбір зерттеушілер түркілердің өкілдерін, әсіресе қазақ халқын діни таным мәселесіне келгенде кенжелеп қалған, таза хақ дінді әдет-ғұрыппен шатастырушы деп есептеп келген. Дегенмен ел аралап хақ дінді таратушы сопылар, мүридтер ислам дінін бейбіт жолмен уағыздау арқылы

халықтың санасына сіңіре отырып, дүниетанымына берік орнауына тікелей дәнекер болды. Қазақ жеріне ислам діні сопылық ілімді уағыздаған дәруіштер арқылы енді. Оларды халық әулиеге балады.

Дәстүрге келетін болсақ бұл тарихи қалыптасқан, салыстырмалы түрде тұрақты, атадан балаға берілуші, қайталанып отырушы қоғамдық қатынастар. Дәстүр мен салт ұғымын салыстыра қарастырсақ, екеуі де норма, ережені білдіреді, тек салт дәстүрдің іс жүзінде орындалуын білдіретін ұғым. Дәстүр ұғымы салтқа қарағанда әмбебап ұғым болып табылады.

Қазақ халқының дәстүрлері мен ислам мәдениетін салыстыра қарастырғанда Қазақстан мың жылдан аса ислам әлемінің бір бөлігі ретінде оның сунниттік бағытын ұстанатынын атап өту керек. Мұсылман мәдениетіне қосылу ортағырлық қазақ даласы үшін ғылым мен мәдениеттің жаңа белесіне шығуының себебі болды. Қазақтың рухани мәдениетінің дара тұлғалары Қожа Ахмет Иассауи, Махмұт Қашқари, Бұқар жырау, Абай, Шәкәрім және т.б. ислам дінін ұстанған еді. Ислам діні халық арасында кең таралуының нәтижесінде ахлақтық, адамгершілік ілімдер, ағартушылық, ұлттық идеология секілді руханилық өзіндік ұлттық нақыштармен толықтырылып, халықтың салт-дәстүрімен астаса түсті.

Ислам дінінің қазақ мәдениеті үшін маңызы өте зор болды. Хақ діннің нәтижесінде біркұдайшылық қалыптасты, нақты ережелер біржолдылыққа түсіп, мемлекеттіліктің, ұлт бірлігінің алғышарттарына өз әсерін тигізді.

Дала жұртына енген ислам дінінің негізі сопылық ілім еді. Ортағасыр дәуірінде көшпенді қазақ сопы миссионерлерінің арқасында мұсылман дінін қабылдады десек артық айтпаған болар едік. Сопылық - мұсылмандыққа өту осы бағытта

кездесетін ахлақтық ілім ұстанымдары, ақынжанды, жыр сүйер қауым қазақтың табиғатына жақын ақындық жыр шумақтары арқылы қазақтың рухани сұраныстарын қанағаттандырып, ойынан шыға алды.

Қазақстан топырағындағы діни жағдайды саралап зерттеу үшін түркі мәдениетіндегі бастамаларға жүгінген абзал. Әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұн секілді біртуар ойшылдардың шығармашылығы бұған мысал бола алады. Олардың дінді түсіндіруін мұсылмандық эпистемаға жатқызуға болады. Сонымен бірге әр ойшылдың шығармашылығының өзіндік ерекшеліктері де бар.

Әл-Фараби перипатетикалық философияның өкілі ретінде дінді түсіндіруде философиялық ыңғайға жүгінді. Оның діни сұрақтарға арналған еңбектерін діни философияға жатқызуға болады. Дінге деген негізгі көзқарастарында ол дінді философияға тәуелді етіп көрсетті.

М. Қашғари түрік герменевтикасының негізін салушы ретінде мұсылман теологикасына когнитивті тұрғыдан келді. Оның пайымдаулары түрлі түсініктерді талдау арқылы әртүрлі діни ұғымдарды ашуға бағытталды. Тәңір ұғымын аша отырып, ол тәңіршілдіктің негізін діни жүйе ретінде талдайды. [1, 504 б.]. Тәңіршілдікті зерттеуші Н.Ғ. Аюпов былай деп жазады: «М. Қашғари кәпірлер деп исламды қабылдамаған түркі халықтары мен тайпаларын айтты. Кәпірлердің діни қызметкерлері ұлы Тәңірге табынғандықтан мұнда тәңіршілдіктің элементтері көрінеді. Тәңіршілдікте діни қызметкерлердің бар екендігі жайлы дәлелдер бар. Олар білімді болды, магия және сиқырмен айналысты. М. Қашғари «яда таш» тастың көмегімен жаңбыр шақыратын түрік әулиесі Құлбәке туралы мәліметті мысалға келтіреді» [1, 86 б.]. Бұл талдаудан көргеніміздей, М. Қашғари герменевтикалық әдісті қолдана отырып исламмен салыстыру арқылы тәңіршілдікті ашып көрсетті.

Ахмет Яссауи туралы айтқанда оның шығармашылығының көпқырлылығын байқауға болады. Біреулер оны мұсылман мистицизмінің шеңберінен шықпаған және сопылықтың түріктік бағытын қалаған сопы-мистик ретінде таниды. Басқалар – қарахан дәуірінің бастауында тұрған ғалым-лингвист, түрік ақындық өнерінің формасын қалаған ақын ретінде біледі. Өзгелердің ойынша Ахмет Яссауи әділеттілік арқылы бақытқа жету жолын ашқан мазмұны бойынша адегершілік-этикалық болып табылатын гуманистік ілімнің негізін қалады. Бұл көзқарастардың барлығы әділ деп айтуға болады.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» - теологиялық емес, керісінше философиялық шығармаға жатады. Шығармада өмір мен таным мәселесін діннен жоғары қоятын, даналық пен мемлекет ісі діннен асақ тұратын исламға дейінгі түрік дәстүрі айшықты көрініс тапқан.

Ерте ортағасырлық түрік-мұсылман дәстүрінде діни мәселелерді шешу мен түсіндіруде әртүрлі ыңғайлар орын алды: философиялық, гносеологиялық, теологиялық, әлеуметтанулық, психологиялық. Бұл дәстүрлер түркітілдес халықтардың мәдениетінде исламның позициясының, мұсылман теологиясының күшейе түсуіне қарамастан XIV-XVII ғасырларда да жалғасын тапты.

Түркі әлемімен бірге жалпы адамзаттың тарихында дін саласындағы тарихи-мәдени зерттеулерімен аты шыққан ғұламалар Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Бабырдың немересі Акбар және т.б. болды.

Мұхаммед Бабыр – әлемге әйгілі «Бабыр-наменің» авторы, қоғамдық қайраткер, қолбасы, талантты жазушы, ақын, өнер мен ғылымды бағалаушы ретінде танымал. Өзінің шығармасында Бабыр ислам, суфизм, үндістердің діни көзқарастары жайлы салыстырмалы дінтану саласын-



да үлкен мәнге ие зерттеу материалдарын қалдырды. Оның мұсылман теологиясы сұрақтарынан хабары болғандығы, сенім мәселесімен айналысқандығы жайлы оның кітабынан белгілі. Мысалы, Самарқандты суреттегенде ол былай деп жазады: «Самарқандтың барлық тұрғындары – сүнниттер, заң мен парасатты ұстанушы таза сенім адамдары. Пайғамбардың (Мұхаммед с.ғ.с.) кезінен бастап ешқандай елден Мауреннахрдан шыққандай көп имам шыққан емес. Дін ілімінің ұстаздарының бірі Шейх Абу Мансұр Самарқандқа жақын Матуридтен шыққан. Дін ілімінің ұстаздары екі бағытқа бөлінеді: біріншілерін матуриди, екіншілерін ашария деп атайды; матуридилер өздерінің атауын осы шейх Абу Мансұрға телиді. «Сахих Бухаридың» авторы Қожа Исмаил-и Хартанг та Мауреннахрдан» [2, 70 б.]. Бұдан көретініміз Бабыр өз заманының теологиялық мәселелерінің білгірі болғандығы. Бұлай дейтініміз дінтанудың мәселелерінің бірі ашария мен матуриди бағыттарының салыстырмалы талдауы болып табылады.

Түрік мәдениетіндегі дін жайлы ғылымның қалыптасуы жайлы сұрақта Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасына тоқталуға болады. Шығарманы тарихи ғылымға жатқызуға болады: «Бұл – тарих ғылымының жетістігінің дәлелі болып табылады. Адамдардың барлық топтары бұл ғылымның пайдасын мойындауда бір көзқараста. Адамдардың көпшілігі, тіпті әлмнің барлық тұрғындары бұл ғылымды қолданады – өздерінің ата-бабалары жайлы әңгімелерді жеткізеді, оларды дәлел ретінде келтіреді; әсіресе түркі халықтары істері мен таластарының көпшілігінде өздерінің ата-бабалары жайлы әңгімелерге сүйенеді» [3, 31 б.].

Жыраулардың дінді түсінуі, олардың діни догмаларды түсіндіруі және қарапайым адамдардың санасына жеткізуі

қазақ мәдениетінде діни сананың қалыптасуында негізгі фактор болып қана қойған жоқ, сонымен бірге дінге қатынасты тәрбиелеу болып табылды. Иман-қой, ақыл-қойшы, нәпсі-бөрі деген теңеулерден қасқырға қой бермеу қойшыға байланысты болатыны секілді адамның азғындықтан алыс болып, имандылыққа бет бұруы оның сеніміне емес, ақылына байланысты деген топшылау дұрыс пікірге саяды. Бұл ақындық жолдардағы әркімге түсінікті қағидалар – саналы түрде сенім мәселесіне білімдік тұрғыдан ыңғай жасауға шақырады. Сондықтан жыраулыр дәстүрі қазақстандық дінтанудың қалыптасуының алғышарттары бола алды.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мұндай үрдістерді қазіргі кездегі әсіре діншілдер мойындамайды. Кезіндегі ұлттық үрдістеріміз олардың тарапынан терістеліп, жаңа, жат сарындағы ағымдар көбейе бастады. Әлемдік трансұлттық ұйымдар, халықаралық қаржы нарығы, әлемдік қарым-қатынас жүйесі секілді негізгі мекемелердің барлығына жуығы дамыған, индустриалды және постиндустриалды мемлекеттердің құзырына, олардың қызығушылығы мен мүдделеріне жұмыс жасауда. Оның есесіне постиндустриалды-нарықтық экономикасы шатқаяқтап тұрған, өздерінің діни-басымдылық ұстанымдарының уысында қалған Азия мемлекеттерінің экономикасы төмендеп кеткені шындық. Африка мен Азияның артта қалған мемлекеттерінің бұл үдерісі әлі де болса төмен дәрежеде қала береді деген пайымдаулар бар. Дінді мемлекеттен ажыратпаған мемлекеттердің, атап айтқанда мұсылман мемлекеттерінің (Ауғанстан, Пәкістан, Ирак, Пәлістіна және т.б.) экономикалық хал-ахуалдары төмендеген сайын осы мемлекеттердегі әлеуметтік халықтық көтерілістер, діни бұра тартушылық асқынып келеді. Бір себептер тұрғысынан осы мемлекеттердің артта қалуына Еуропа мемлекеттерінің

бір кездердегі озбырлық, жаулап алушылық іс-әрекеттері залалын тигізсе, сонымен қатар осы мемлекеттердің нарықтық және ғылыми тұралауына осындағы діни фанатизм де себеп болуды екені айқын. Осы діни фундаменталистік ілімдердің әсері осы күндері Қазақстан Республикасына да қатер болып отыр.

Алғашқы рет 1990-жылдардың басында нарықтық-экономикалық реформалардың талабымен елімізде дін еркіндігі мақұлданды. Негізгі діни ілімдерін кеңестік кұрсауда болса да ұстанып, жадынан шығармай келген қазақ халқы бірден ислам дініне сусап қалғанын білдіріп, аяқ асты пайда бола қалған діни ағымдардың қайсысы шын, қайсысы жалған, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін білмей, бірден сенімге ала бастады. Ал, славян тектес ұлттар өздерінің христиандық ілімдерімен қауышып, діни ілімдерін қайта жаңғыртуға ден қойды.. бірақ, атеистік ілімді санаға сіңіріп тастаған кеңестік саясат өз дегенін істеп үлгерген еді. Нешеме жылдар бойы өздерінің бастапқы рухани мәйегінен ажырап қалған халық тұманда адасқан жолаушыдай, жаутаң күй кешіп тұрғанында, дәстүрлі емес дінді таратушы миссионерлер олардың сана сезіміне дендеп кіріп алып, халқымыздың ұғымына жат, табиғатына сәйкес келмейтін діни ағымдарды таратып үлгерді. Демократияны желеу еткен жат ағымдар ойларына келгенін істеп, ұйып отырған елдің ішкі тұрақтылығы мен саяси аренадағы рөліне нұқсан келтіруі әбден мүмкін. Бұған жол беріп қойған жағдайда еліміздің зайырлы ұстанымдарына сызат түсіп, алға қойылған мақсаттарымызды ұлықтау, ұлтық мүдделерімізді айшықтау кедергіге тап болары анық. Жаһандану жағдайында әртүрлі мәдениеттердің кеңістік талғамай, басқа ел аумағына өте беруі қалыпты жағдай. Бірақ, бұл үдеріс мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына, елдің рухани бірлігіне, ұлттың тұтсастығына зала тигізбеуі

тис. Елжандылық, мәдениеттілік, адамгершілік секілді сапарларды нық ұстанған халық қана бұл діни экспансияға тойтарыс беріп, алдына қойған ұлттық мүдделерге серпінді қадам баса алады. Өртүрлі діни ағымдардың, мәдениеттердің өзара сұхбаттасуы, араласуы елдегі тұрақтылыққа, тыныштыққа, мемлекетте жүріп жатқан экономикалық-саяси реформаларға еш кедергі келтірмеуі қажет. Бұл жағдайда діни фанатизм мен діни фундаментализмнің біздің халқымызға жат, кереғар құбылыс, келеңсіздікке алып келер мәселе екенін айтамыз.

Фундаменталистік исламда адамды кәпір мен мұсылманға бөлетін түсінік мықты орнығып, «джихад» пен «кәпір» ұғымдары бірінші орында тұрады. Бұл теріс ағым бойынша Қазақстан территориясындағы славяндық қауым кәпір деп есептелінеді. Ал, «джихад» түсінігі бойынша әлем мұсылмандар және олардың жаулары болып екіге бөлінеді. Бірінші аймаққа ислам елдері жатады. Екінші аймаққа «кәпір патша» басқаратын елдер кіреді. Джихад түсінігі бойынша мұсылман қауымы кәпірлермен ешқандай ымыраға келмейтін жаулық қатынаста болуы тиіс және реті келген жағдайда оларды қуғынға ұшыратып, қантөгуге дейін бару қажет. Бұлардың түсінігінше ежелгі түркінің ұрпағы қазақ халқы да славяндық нәсілге дұшпан деген пікірде болып, қашанда іргесін аулақ салып, шамасы келсе ашықтан-ашық джихад жариялауы тиіс.

Фундаменталистер кейбір ислам елдерінің басшыларын «күпір қылды» деп айыптайды. «Күпір қылды» дегені «кәпірлердің зайырлы заңдары мен құндылықтарын қоғам өміріне енгізді, демократиялық қағидаларды қабылдады» дегені. Ал, негізінде күпір деген – мұсылман бола тұра құдайдың айтқанын істемеу, күмән келтіру. Бірақ, фундаменталистер «күпір» ұғымын өздерінше бұрып қолданады. Кім де кім олардың шарттарымен келіспесе, ол күпір қылған

болып шығады. Олар, әсіресе, халықтық, дәстүрлі исламның ғұрыптарын (зиярат, зікір, тұмар, бата т.б.) дінге сәйкес келмейді деп «күпірге» жатқызады. Олар «джиһад» ұғымын да бұрып, өздерінше ұғады. Негізі «джиһад»-тың төрт түрі бар. Жүректің джиһады, бұл – адамның өз нәпсісімен күресуі. Тілмен жасалатын джиһад – адамдарды күнәдан сақтандырып, Алланың бірлігін насихаттау. Қолмен жасалатын джиһад – қылмыскерлер мен адамгершілік нормаларын бұзған адамдарға жаза қолдану. Қылышпен жасалатын джиһад – имансыздармен, күпір қылғандарды қылыштың жүзімен дінге өткізу. Бұл соғыста өлгендерге мәңгілік жәннат бұйырады. Бірақ, ислам фундаменталистері джихадтың осы соңғы түріне аса қатты мән беріп, оны мұсылманның негізгі әрі нағыз джиһады деп санайды.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз қазақ қоғамы күрделі діни ахуалды басынан кешіруде. Ежелден-ақ Отан қорғап, дін үшін емес елі мен жері үшін жанын пида қылған қазақтың дүниетанымына басқа діндерден гөрі фундаменталистік ислам ұстанған бағыттар, олардың кереғар ілімдері қашанда қарсы келеді. Осыған байланысты әлемдік дінаралық келісімді сақтау, исламдық құндылықтарды жан-жақты насихаттау мақсатында мемлекеттік іс-шаралар жүргізілуде.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Аюпов Н.Г. Религиозная система древних тюрков. – Алматы, 1998. – 223 с.

2 Баласагунский Ю. Благодатное знание. Издание подготовил Иванов С.Н. – М: Наука, 1983. – 455 с.

3 Бабур. Бабур-наме (Записки Бабура). Перевод М.Салье. – Ташкент: Главная редакция энциклопедий, 1992. – 523 б.

### ***Тұмашбай Талғат***

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университетінің аға оқытушы, PhD*

### ***Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы***

*Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық  
институты, «Тарих және география» кафедрасының  
меңгерушісі, PhD*

## **ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНЫҢ ХАРИЗМАЛЫҒЫ**

Дәстүрлі қоғамдарда ана, қыз, әйел ұғымдарының қоғамдық мәртебесі аморфты. Өйткені дәстүрлі діни және тұлғаралық қатынастардағы әйел адамның ролі көптеген жағдайларда отбасы ұйытқысы, тұрмыстық өмірдің субъектісі ретінде ғана пайымдалады. Сондықтан қазіргі заманғы қоғамдық ракурста және оның гендерлік аспектілерін пайымдауда әйелдердің қоғамдық субъектілігін анықтау актуалдығы қоғамдық дискурста шығып отыр. Атап айтқанда, аналарымыздың қыздарымыздың рухани, мәдени және құқықтық мәртебелерінің біртұтастығына қол жеткізу қоғам мен мемлекеттің демократиялығына қарамастан, әрекеттеріміз мен ниеттеріміздегі ойлау мәдениетімізді коррекциялауға да қатысты болады. Себебі, шығыс қоғамдарында, оның ішінде өзім куә болған түркиялық қоғамда, әйел кісіге адам ретінде идентификациялық атауы қолданылмайды. Бұл ер мен әйел өзара әрекеті «адам» атауын, тек ер адамға қатысты қолдану күнделікті өмірде қарапайым этикет ретінде қабылданған. Алайда атаудың санадағы іздері түркілік және исламдық

кодтардың болмыстық деңгейдегі таңбалық қызметімен қатар қоғамдық мәнділігінің әлсіз түйсінілуін анықтайды. Бұл әйелдің ана мәртебесін сезімдік қабылдауларда дұрыс түйсінуді, ал оның қоғамдық мәртебесіне қатысты жасырынуды, кейде әйел заты ұғымындағы мүлік сипатқа ие пайымдаулардың қоғамдық кедергісінің туындауына, әйелдің әлеуметтік, интеллектуалдық, экономикалық, креациялық эффективтілігіне кері ықпалы жасайды. Сондықтан қоғамдық дамудың өзегіне ер адам мен әйел адам тең құқықтық жағдайы, олардың өмірлік қатынастардағы мүдделерінің үйлесімдігі алынуы қажет.

Өмірлік қатынастардағы мүдделер үйлесімділігі шығыс, оның ішінде мұсылмандық ойлауы қалыптасқан қоғамдарда утопиялық көзқарас болғанымен, қоғамның өзін терең құздан құтқаратын, ол қаншалық пафостық сөз саптауы ретінде қабылданғанның өзінде, ана мейірімі, әсемдігі және әлемге ізгілікті шашуы. Алайда қоғамдық дамудың болмысында моралдық, құқықтық және идеялық жауапкершіліктің сақталуы қос субъектінің өзінің репродуктивті, әлеуметтік, саяси қызметін түйсінуімен анықталады. Қоғам біртұтас интеллектуалдық күшке ие болмауы себепті, оның эффективтілік инерциясын анықтайтын әлеуметтік топ, ол ананың даналығы, қазақ қызының харизмалығы.

Қазақ қызының харизмалығы қазіргі қазақстандық қоғамның діни радикалдылыққа, экстремизмге, нигилизмге қарсы иммунитеттік қорғаныс қызметін атқарады. Қазақ қызының табиғатына харизмалық түркілік дүниетанымдық код арқылы енген. Қазақ қызының харизмалығы қоғамдық мінез-құлықтың, тәрбиенің және руханилықтың шарттарындағы еркіндік феноменімен үндес ұғым. Қазақ қызының еркіндік рухы елдігіміздің тұлғалық және қоғамдық болмысында позитивті қызметтер атқарған.

Бұл қазақ қызының өмірлік қатынастардағы мүдделер үйлесімділігіне «үйлесімді» қатысуымен шешілген. Бұл қоғамдық функционалдылықтың алғышарттарын қазақ тарихындағы аналардың жанкештілігі, ерлермен бірдей елдікті қорғауы, шешендігі мен төрді иеленуімен бағаланады. Мұндай құбылысқа қазақ ерінің де үйлесімді кірігуі, оның табиғатының еркіндігін анықтайды. Ер мен әйелдің болмыстық деңгейдегі қарама-қарсылығы пайымдалуына қарағанда, өмірлік, тұрмыстық және қоғамдық теңдігіне, натурфилософиялық пайымауына қарай оң шешемідерін тапқан. Алайда қазақ қоғамы әйелдің мәртебесін анықтауда кіршіксіз, адал, әділ болды депте айта алмаймыз. Себебі қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңдерінде қазақ әйелінің мәртебесіне, оның қауіпсіздігіне қатер төнген уақыттар да жиі орын алған. Бұл ана өміріндегі қауіптің басты жауы, ол бұқаралық саналардағы білімсіздік, қыздың рухани қуатын азайту, оның қоғамдық субъектілігін жоққа шығару секілді идеялардың үстемдігі еді.

Артур Шопенгауэрде адам дүниеде психологиялық және әлеуметтік жаратылысы ерекшелікті, өмір сүрудің ерік-жігерлі, сүйіспеншілігі мен құштарлығының туындысы. Артур Шопенгауэр адамды өзінің жеке тұлғасы, «Мен» танымы арқылы өзгелер үшін әрі объект болып қалыптасатынын негіздейді. Бір индивидті екінші индивид қиялында елестеседе дүние өзінің өмір сүруін тоқтатпайды және өзі мен өзге бір бірін, объектілерді бір деңгейдегі интеллектуалдылықта қабылдайды. Артур Шопенгауэрдің индивид танушы субъект деген концепциясын адамның кеңістікпен уақытта орналасуына, ұрпақ ретінде уақытта жалғастығын сақтауына қатысты да қолдануға болады. Себебі, индивид өзін тану арқылы өзгені танып, бір кеңістікті, қозғалысты түзеді. Бұл шексіз жалғастық кеңістікте орын алып, өз кезегінде екі субъектінің



бірігіп, басқа тектің, ұрпақтың өмір сүруіне қажетті шарттарды түзеді деп санайды. «Индивидті кастрациялау оны ұрпағынан, нәрінен айыру», - дейді [1, 450 б]. Сәйкесінше, бұл адам болмысының екі табиғаты сүйіспеншілік сезімінің қуаты ретінде ұрпағын сақтау инстинктісі ретінде, екіншісі ұрпағын уақыттың кешегі мен бүгінгі, болашақ көрінісінде ұрпағы арқылы сабақтастықты түзіп, өзінің мүдделігін сақтайды. Екінші әдісте адам болмысы өзінің табиғи қасиеттерінен тыс, өмір сүруінің шарты, еркі-жігерінің энергиясы ұлттығын, мемлекеттілігін сақтауымен дәнекерленген. Өйткені, индивидтің шынайы болмысы өз ұрпағын, тегін сақтау үшін барлық қуатын сарқуы болып табылады. Адам ұрпағына деген сүйіспеншіліктің негізінде құрбандыққа баруға тырысады. Өзінің ұрпағы үшін жанқиярлыққа бару қазақ анасының табиғаты, ол ерік-жігердің қуаты қазақ қызының харизмалығына түйінделген.

Артур Шопенгауэр ұрпақтың уақытын мынадай шарттар арқылы анықтайды. Атап айтқанда, біріншіден, адамзат тарихында қаншама ұрпақтар кездескенімен, олардың барлығына бір мінез-құлық және бір индивидуалдық ерік-жігер тән, бірақ әрбір ерік-жігерге танымның өзге мүмкіндігі, өзге дәрежесі, өзге интеллектісі берілген. Дегенмен интеллектінің индивидпен сөнуіне байланысты ата-баба тәжірбиесі әлсірейді; екіншіден, адам тегінің интеллектісі анадан берілген, сондықтан көптеген халықтарда аға мен қарындас арасындағы некеге тыйым салынады; үшіншіден, адам ұрпақ жалғастығын жоғалтып, жануарлар секілді бір ұрпақтың өмірімен шектелетін халықтардың жадында тарихи ақтаңдақтар пайда болып, болашағын анықтауда әлсіздік танытады. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіндегі әйелдің мәртебесіне қатысты ерік-жігерге қатысты танымның өзге мүмкіндігі тарихи санада бірнеше рет өзгеріске түскенімен,

халықтың даналығы өзінің бастапқы түркілік кодын сақтап отыр. Алайда қазіргі қазақстандық қоғамдағы рухани және сенім алаңындағы радикалды күштердің идеологиялық қысымының жастарға, оның ішінде қыздардың өмір сүру стиліне қатысты артуы, оның елдік психикасына кері әсер жасап отыр. Сондықтан да қазіргі қазақ халқының жас ерекшелік, жыныстық және қоғамдық тәрбиесінде түркілік код пен исламдық кодтың семантикалық күресі орын алуда.

Исламдық кодта ұрпақтық сабақтастықтағы қоғамдық дискурста әйел бейнесі идеясының әлсіздігі байқалады. Бұл көзқарас қазақ қоғамының дискурсында да бар құбылыс және қоғамдық болмыстың тарихын зерттегенде әйелдік қайнар көздерді жанама дерек көзі ретінде қабылдаймыз. Алайда ұлттық тарихымыз мен мәдениетімізде ананың ролі, орыны туралы ой-пікірлер көптеп кездеседі. «Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» (М.О. Әуезов). Сонымен бірге ұлттық мұраларымызда Тұмар ханым, Бөрте ханым, Құрманжан датқа, Бопай ханым образдары жеткілікті қарастырылған, бірақ ұрпақтық санасезімде ананың сәулесі көмескі, оның орнын батырлық, әскери рух иеленіп, маскулиндік көзқарастар үстемдігі көрінеді. Әрине, ұрпақ өрбіту ер адамның болмысы арқылы қалыптасады, оны түрік философиясы құт ретінде анықтаған. Алайда қазақ халқының түркілік кодында ұрпақаралық дүниетанымында қыз, әйелдің, ананың қоғамдық мәртебелері нақты білінеді. Мысалы, қыз қуу ұлттық ойыны арқылы қазақ елінің болмысында қыздарға еркіндік беру, құрметтеу менталитеті көрініс береді. Бұл менталитетті дініміз бір, бірақ ұлттық дәстүрлеріміз бөлек халықтар мүлдем түсінбеуі, сана деректері негізінде қабылдамауы мүмкін.

Пікір қайшылығы қазақ қызының харизмалығын анықтаудан туындайды. Қазақ қызы қоғамның бүтіндігінің

символы ма, әлде өмірде тек «дене» ретінде қабылданатын механизмiнiң бөлшектерiме деген сұрақтарға жауап iздеу. Гүлнәр Адаеваның зерттеуiнде, халықтың дүниетанымында қазақ қыздарының романтизмi төмендеп, идеал әйел ана, табысты бизнес леди, саяси лидер ретінде орнығу үстiнде. Ия, саясат афморфты мәнге ие, оның ақиқатын анықтаудың өзiндiк қайшылығы басым. Қазақ қызы қазiргi заманғы саясаттың құрбанына айналып, өзiнiң түпкi идеясын шатастыруы, феминизмнiң тұтқынына да айналуы мүмкiн. Саясаттағы бiр күндiк мүдденi ұлттың мүддесiмен шатастыру тенденциясы да айқындалады. Себебi саясаттың өз мүддесi, өз заңы және қайшылықтары бар. Қазақ халқы «Қызға қырық үйден тыю» деген дiл арқылы «Қызды бiрiге отырып рухани адамгершiлiкке тәрбиелеуде әрбiр адам жауапкершiлiктi сезiнген», - деген пiкiрiн келтiредi [2, 6 б.]. Қазақ қызы ұрпақты уақыттың иiрiмдерi мен соққыларында тағдырыма түскен тауқыметiм деп сақтап қалуға атсалысқан. Сондықтан ұрпақ тәрбиесiнде ер адам мен ана жауапкершiлiгi бiрдей қалыптасуы қажет.

Жалпы дәстүрлi қоғамдарда адамның қоғамдық қатынастармен бiртұтас мәнде орын алады. Қазақ қызының тарихи тұлғалығына, харизмалығына қазақ қоғамының өзi қара дүрсiн күш, бiртұтастық арқылы қауiп төндiредi. Харизмалық дербестiктi, еркiндiктi және креативтiлiктi қалайды. Қазақ қызының да басты мақсаты өзiнiң тұлғалығын сақтау арқылы бүтiндiкке қатысу, бiрақ оның құрбанына айналу емес. Бұл тұлғалық мiнез-құлық, қазiргi заманғы қазақ қызының бейнесi. Демек қазақ қызы дәстүрлi мәдениет пен батыстық мәдениеттi, түркiлiк код пен исламдық кодты синтездеу арқылы жетiстiкке жетедi. Қоғамдық өзара әрекеттерде қыз, ана, әйел мәртебесiне бiржақты қарау, оған тек ер адамдарға қарсылықтың қайнар көзi, воук мәдениеттiң себебi ретiндегi

дүниетанымда ізгілікке, әсемдікке жат құбылыс. Жасы толған қыздарымыздың қоғамдық психозға ұшырауы, осы біржақты көзқарастың салдарлары.

Раушан Абдильдинаның көзқарасынша, «Мұндай дәстүрлі қоғамдарда субъект болып бүтіндік қатысады және жеке индивидтің адамгершілігі осы бүтіндіктің мүдделерімен анықталады» [3, 18 б.] және «Жеке адам өзі арқылы әлдебір бүтіндіктің акциденциясын танытады, тиісінше дәстүрлі мәдениеттегі ұрпақтардың өзара қатынасындағы байланыстар бір жақты шешімін табады, балалар барлық жағдайда ата-аналарын құрметтеуі керек», - [3, 19 б.] деген мазмұнды пікірін білдіреді. Қоғамдағы бүтіндік мәселесі қазіргі заманғы дискурсқа тарихи санада орын алған ескі архетиптерді қайта алып шығып отыр. Атап айтқанда, мұсылмандық дүниетанымға қатысты көп некеліктің құқықтық алаңнан тыс орын алуы, жас қыздардың маһр сұрауы, некедегі әйел адамдардың тұтас тұмшалануы, уақытша неке құбылысы тағы да сол секілді әрекеттердің ашық жарнамалануы. Екінші жағынан, қоғамдағы маскулинистік көзқарастың артуы және оны әйелдің қоғамдық қызметіне қарсы қолдануы жиілеп барады. Күнделікті өмірде ата-анасы діндәр отбасыларда өзінің ұпақтарын өзінің таңдау жолының дұрыстығына діни рәсімдерді қолдану арқылы мәжбүрлеу тенденциясы орын алып отыр. Мемлекеттік институттар зайырлылық қағидасын басшылыққа алып, көп жағдайларды өзінің бақылауынан шығарып алуда. Сондықтан дүниетанымдағы исламдық кодты радикалды күштердің өзінің жеке мүддесіне, идеялық құндылықтарына бұрмалап пайдалануы, болашақ перспективасында қауіпсіздікке қатер төндіреді.

Ұрпақтар сабақтастығы тарихтың жалпы бағытын анықтағанымен, ол категория ретінде өздігінен өзгеріске түспейді. Тарихи дамудың үдерісінде ұрпақтар өткеннен

мұраға қалған шарттардың негізінде өмір сүреді. Себебі ұрпақ қоғамның бөлігінің құрамдас элементі болғанымен, тұтас қоғамның өзін таныта алмайды. Ұрпақтар сабақтастығындағы ауысу үдерісі қоғамдық дамудың тынысын құрады және дәстүрлер мен новациялардың түйісу шекараларын анықтайды. Мысалы, қазақ халқының әдеттегі санасында ұлағатты ұрпақ, ұрпаққа үлгі сөздері арқылы жаңа буындарға тәрбиелік мағынаны сіңдіруге тырысады.

Ұрпақтар сабақтастығы өзінің қоғамдық функционалдығында белгілі бір идеяларды тарату, оның эффективті коммуникациялық құралдарын анықтау және тарихтан мұраға алынған идеялардың үстемдігін орнықтыру қызметтерін атқарады. Бұл шарт бойынша ұрпақтар доминантты, рецессивті түрлерге жіктеледі. Доминантты ұрпақ дәуір рухын өзгертуге және басқаруға ұмтылушы, креативті ойлауы бар, бүлікшіл, жасампаз ұрпақтар. Рецессивті ұрпақ тарихи сабақтастыққа тәуелді, ағыспен бірге қозғалыстағы ұрпақтар.

Қазақстандық ғалым Айгүл Тұрсынбаева сабақтастық категориясын өзгерістің сапалы сипаты, қайтымсыздығы, нақтылығы, мақсаттылығы арасындағы өзара байланысында зерттейді [4, 64 б.]. Қазіргі заманғы уақыт пен өткен уақыт, тарих пен бүгін қоғамдық қатынастарда ұрпақтар сабақтастығы игіліктің, тәжірибенің қайнар көздері, сонымен бірге идеологиялық күрестің де құралына айналады. Шетелдік зерттеуші Питер Харт Бринсон ұрпақтар сабақтастығын тарихи қатысу және бірегейлікті анықтау әдісі ретінде зерттейді. Оның зерттеулерінде «Ұрпақтық сабақтастық пен ауысу өмірлік жол динамикасымен индекстеледі» [5]. Жалпы ұрпақтар сабақтастықтың негізгі индекстері мүмкіндіктің кең диапазоны, демографиялық қозғалыстар, саяси тәртіптің өзгерісі, әлеуметтік қозғалыстар,

мәдени шоктар, соққылар, мәдени мәндегі жылжулар арқылы анықталады. Өйткені ұрпақтық ойлаудың жиынтықталуына түрлі әлеуметтік үдерістер, ұрпақтардың бірізділікті және қатар өмір сүруі, біруақыттылығы, дискурстық формалары, танымдық қызметі өз деңгейінде ықпал жасайды. Себебі ұрпақтық сабақтастықтың әлеуметтік қатынастар мен саяси жүйедегі үйлесімді дамуы жаңа әлеуметтік қозғалыстарды құрады, жаңа субмәдениеттерді негіздейді, коммуникация мен дискурстың жаңа бағыттарын қалыптастырады. Мұндай қоғамдарда дәстүр мен новациялар ішкі қозғалысында қаншалықты бір біріне қарсы бағытталғанымен, сыртқы ұйымдық формаларында прогресс құралына айналады.

Ұрпақтардың сабақтастығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында креативті ұрпақ, болашақ ұрпақ және өскелең ұрпақ ұғымдары енгізілген. Болашақ ұрпақ ұғымы адамның денсаулығын және қаржылық жағдайын жақсарту мақсатында, креативті ұрпақ инновациялық мәдениетті танымал ету, ғылыми техникалық қызметке ынталандыру, табысқа, бәсекеге қабілеттілікке, жасампаздыққа бағдарланған адамдар тобы ретінде қарастырылған. Аталған ұлттық жоспарда «өскелең ұрпақтың тәрбие процессі өз біліміне, салауатты өмірі мен кәсіби жетістіктеріне, өзінің жеріне, ауылына, өңіріне, атажұртына, мәдениеті мен тіліне сүйіспеншілікті, салиқалы көзқарас секілді элементтерді қамтиды», - деп нақтыланған [6]. Қазақстандық қоғамдағы ұрпақтар сабақтастығы үдерісін позитивті және креативті бағытта дамыту қазіргі әлемнің талабы болады.

Ұрпақтар сабақтастығы мен ауысуы үдерісінде қазіргі заманғы уақыт кезеңінің эффектісі ұғымы орныққан. Бұл үдеріс жаңа ұрпақтың қазіргі жаһандық үдерістердің даму тенденцияларын, әлемдік мәдениеттің жетістіктерін игеру

арқылы болашақтың бағдарларын, құндылықтарын ұрпақтық ойлау және пайымдау стратегиясын білдіреді.

Қорыта айтқанда, қазақ қызының түркілік және исламдық кодтағы құндылықтық, болмыстық синтезін жасауда, қазіргі өркениеттің озық моделдерін қолдануымыз қажет. Сонымен бірге қазақстандық қоғамдағы әйел мәртебесін қорғаудың құқықтық тетіктерін күшейту арқылы, ұрпақ салауаттылығы бағытында рухани жұмыстарды жетілдіру қажет. Қазақ қызын діни радикалдану жағдайларынан қорғаудың бірден бір тәсілі қазақ қызының харизмалығын кеңінен насихаттау, ақпараттық жүйелер үшін бейнероликтерді жасау қажет. Ол үшін қазақ халқының тарихындағы батыр қыздармен бірге, қазіргі қазақстандық қоғамдағы әйел қайраткерлердің образдарын кеңінен пайдалану қажет. Яки, дәстүрлі моральды діни құндылықтардағы әлеуметтік санкциялармен шатастырмастан, ғылым, қоғам идеалі тұрғысынан ойлау, іс-әрекеттілік мәдениетін дамыту қажет. Атап айтқанда, бір философия ғылымының өзінде Н.Ж. Байтенова, А.Р. Масалимова, Г.Ж. Нұрышева, А. Құлсариева, Н.Л. Сейтахметова, Г. Қурманғалиева, А.Д. Құрманғалиева, К.А. Медеуова, Р.Н. Иманжүсіп, Г. Адаева, Ә. Өмірбекова, Қ.С. Ермаганбетова т.б. лидер ғалымдар бар.

Мұстафа Шоқайдың зерттеулерінде, халықтың санасын оятатын, оның иммуниеттік санасын қалыптастыратын әлеуметтік топ ретінде зиялы қауымды бөліп көрсетеді [7, 103 б.]. Зиялы қауым халықты ұлт деңгейіне көтеріп, өз мекемелеріне ие, тәуелсіз бір жеке тұлғаға айналдыру сынды негізгі мақсатқа жету үшін интеллигенциямен халық бұқарасы арасындағы ортақ сана қызметін атқарады. Қоғамдық қатынастарда зиялы қауым ортақ сана қызметін атқару арқылы халықтың мәдениетін, білімін, экономикалық ойлауын ғана анықтамайды, олар әрбір дәуірдің рухын идеялық күрестер арқылы бағамдайды.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Шопенгауэр А. Собр. соч.: в 6 т. / пер. с нем. – М.: Республика, 2001. – Т. 2. – 560 с.

2 Қазақ әйелі: өткені, бүгіні, болашағы: дөңгелек үстел материалдарының жиынтығы. / Г.Адаева. – Астана, 2013. – 6 б.

3 Абдильдина Р.М. Проблема взаимоотношения поколений в романе М.Ауэзова «Путь Абая» / Р.Абдильдина. // Әл Фараби әлеуметтік гуманитарлық зерттеулер журналы. – 2020. – № 1 (69). – С. 16-28.

4 Тұрсынбаева А.О., Малдыбек А.Ж. Дәстүрлі дүниетанымдағы мәдени-тарихи сабақтастықтың ролі // Яссауи хабаршысы. – 2019. – №4. – Б. 63-73.

5 Hart-Brinson P. The Mechanisms of Generational Change: Triggers and Processes // file://C:/Users/Admin/Downloads/ASA%20Generational%20Triggers%20withTable1.pdf. 01.08.2023.

6 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту туралы жарлығы: 2021 жылдың 26 ақпанда, №521 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>. 10.12.2023.

7 Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 т. – Алматы: Қайнар, 2007. – Т. 1. – 352 б.



***М.Ж. Спанов***

*Философия ғылымдарының кандидаты, доцент,  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*

***М. Аманбайқызы***

*Гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы,  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*

## **ЯССАУИ ХИКМЕТІНДЕГІ СОПЫЛЫҚ ІЛІМНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Бүгінгі таңда қоғамның рухани тұрғыда жетілуі мен ғылым мен техниканы меңгеру әлемдік деңгейдегі адамзаттың басты мәселесі болып отыр. Жалпы өмірлік тәжірибеге қарасақ жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ. Бұл – тектен тек айтыла салынған жүрек қалауы емес, бүгінгі өркениетті, озық технологиялы, жаһандық ықпалдасудан, керек десеңіз, түрлі қауіп-қатерден қорғану жолы. Осы орайда ұлтымыздың белгілі ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Қасыңнан да, досыңнан да бірдей сақтан», – деген сөзін айтуға болады. Сақтанудың басы – өзіңе қатысты рухани құндылығыңды түгендеп, кейінгіге мұра етіп қалдыру. Әр халық ел болып ғұмыр кешуі үшін жастардың санасына ұлттық құндылықтарын сіңіріп, рухани болмысымен өмір сүруге қалыптастырады. Егер халықтың дәстүрі болмаса қалай дамып, қалай өрістейді? Өткеннің тәлімді тәжірибесін білмей, ілгері даму әрине болмайды. Өткенді

білмей, келешекті меңгеру мүмкін емес. Кез келген халық өзі ұстанған наным-сеніміне қайшы келмейтін дәстүрімен жаңаны жалғап барып қадам жасауы – оның өмір сүруінің алғашқы белесі. Осындай рухани тұтастық жоқ жерде ұлттық дүниетаным дұрыс қалыптаспайды. Ұрпақ сабақтастығы деген халық болып ұйысып өмір сүру мүмкіндігі, жекешілдік емес, ұжымдық, елдік үрдіс болғандықтан ұлттық құндылықтарымызды дін және мәдениетпен үйлестіру және жаңғыртудың маңызы өте зор. Түркі даласының төл перзенті, Қожа Ахмет Яссауи қазақ халқының мәдениеті мен тарихында айырыша орны бар ерекше тұлға. Ислам дінін насихаттаған және сопылық ілімнің көрнекті өкілі. X ғасырдан бастап исламның саяси ілім шеңберіне мемлекет пен саясатты зерттеу – оны нормативтік-құқықтық және этикалық-философиялық тұрғыда қалыптастырады. Нормативтік – құқықтық бағыт мұсылмандық – құқықтық теорияға сүйенеді және басқа ілімдердің ықпалын сезінеді. Философиялық-этикалық бағытта зерттеушілер гректің саяси философиясының дәстүрлеріне сүйенеді және оны мұсылман мемлекеті – Араб халифатының ерекшеліктеріне қарай бейімдеп пайдаланды. Осы дәуірдегі ірі ойшылдардың бірі бүкіл түркі жұртын татулыққа, имандылыққа, ізгілікке, рухани тазалыққа үндеген ұлы әулие атанған Құл Қожа Ахмет Яссауи еді. Яссауиді жан-жақты тану, одан жүйелі түрде үйрену, онымен пікір таластыру және сұхбаттасу, оның философиялық-этикалық ілімін одан әрі дамыту, жастарды оның гуманистік іліміне баулу және оны бүкіл Шығыс мәдениеті шеңберіне ұлы ойшыл ретінде зеріттеу – бұл ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің әлемдік философия классигі, тұлғасы, оның еңбектерінің бүкіл адамзат мәдениетінің рухани санасына қосқан үлесі екенін білдіреді. Ахмет Яссауидың есімін мұсылман әлеміне мәшһүр еткен шығармасы «Диуани хикмет» («Ақыл кітабы») болып табылады.

Яссауидың хикметі адамдық кемелдікке және рухани еркіндікке жетудің ілімі болып табылады. Адамның адамдыққа жетудің оның нәпісіні тізгіндеуде. Бұл қабілетке адам Алланың жәрдемінің арқасында ие болады. Иасауидің Тәңірге «Хикмет берсең ит-нәпісімді ұстасам мен» деп, мінәжәт етуінен де осы ақиқатты көруге болады. Бұл құбылыс сопылық дүниетанымдағы «Сені тануым үшін Сенің нұрыңа мұқтажбын» тұжырымын еске салады. Құранның Бақара сүресінің 269 аятында «Хикметті адамымға ғана беремін» деген. Бұл ақиқат, негізінен Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз үшін айтылған. Сондықтан да Иасауидің ілімінде «хикмет» – Тәңірдің құты немесе сыйы ретінде қарастырылады. Оның «Хикмет айт деп Сухан айтты, қабыл алдым» немесе «менің хикметтерім – инам-и Аллах»(Тәңірдің құты сыйы) деуіде осының айғағы. Қ.А. Иасаудің хәл-хикмет ілімінің ең үлкен жетістігі мен ерекшеліктері 3 мәселе төңірегінде топтасты.

1. Құранда көрсетілген ислам дінінің мәні мен кемел адам идеясын дөп басты;

2. Ислам дінінің мәнін түрік тілінің дүниетанымдық ерекшелігі арқылы ашып көрсетті.

3. Иасауи сол дәуірдегі дәстүрлі түркілік дүниетаным адамның мән, рух, мазмұн іздеп, исламның рухымен толық танысса, табыса алмай жүрген тарихи өтпелі кезеңінде жол көрсетуші кемел ұстаз рөлін атқарды. Иасауи арды «иман-и нұр» арқылы негіздейді. Иман, имандылық Тәңір ұғымымен байланысты. Иман – жүректің тереңінде жасалған хәл.

1. Зат нұры; Сипат нұры; Хақ нұры (топырақ нұры); Бұл жердегі Зат нұры – Алла тағаланың нұры, Сипат нұры да, Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың нұры, Хақ нұры – адамзаттың бұл дүниеле көрген нұры. Бұлар толығымен сопылық дүниетанымдық категориялар. «Кемел адам» тұжырымдамасы – Иасауи ілімінің түпкілікті мұраты.

Адамның мақсаты мен жаратылыс себебі – Хақиқатты тану, Оған қауышу. Бұл мақсаты Иасауи «Хақ болу» деп көрсетеді. Иасауи ойынша, кемел адам болу үшін 4 шарт жүзеге асырылу қажет. Мекен(кенестік) , заман(уақыт), ихуан (бауырмалдық, өзара ынтымақтастық), рабт-и Султан (мемлекет басшысына риясыз берілгендік)

2. Яғни біріншіден шәкірттер ойы бөлінбеу», алаңдамауы және зікірмен айналысуы үшін, ең алдымен, жайлы кеңістік (мекеннен-отан) болу керек.

2-шіден шәкірттер арасында және мемлекетте жұмыссыздық, соғыс және т.б. келеңсіз оқиғалар болмау керек. Яғни, мұндай құбылыстар шәкірттің кемелдену уақытына кесірін тигізеді.

3-ші ден Шәкірттің барлық моральдық-парасаттылық асуларында, мақамдарда, қылуат пен 40 күндік рухани тәрбиелеу, жаттығу мектептерінде 1 саптан табылатын кемелділік жолдарында рухани достардың болуы керек.

4-шіден шәкірттер мемлекет басшысына берілген, адал болулары керек. Иасауи жолында шәкірттіктің соңы, кемел адамның рухани асуларының ақырғы мақсаты – «пақыр жолы» болуы керек. Ахмет Яссауидың «Даналық кітабында» негізінен төрт ғақлия мадақталады:

1. «Шарифат» - ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының негіздері, яғни мұсылмандық жолын қастерлеп, соны тәлім-тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың жалпы адам баласының тәлімі екендігін жырға қосып, ақын адамгершілік тәрбиесінің асқан өнегесін көрсетеді.

2. «Тарифат» - сопылық ой-мақсаттарды насихат-өсиет ету. Яғни жыр өрнектері арқылы ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділеттілікке, тазалыққа, адалдыққа тәрбиелеп, тақуалыққа үйрету.

3. «Мағрифат» - дін жолын танып, оқып-білу, яғни алланың ақ жолын ардақтап, соған ағзым етіп, тағлым алу

– адамгершілік парыз екенін әсерлі сөзбен, айшықты жырмен жеткізіп, ұрпақты ұлағаттылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу: «Ғаріп, пақыр жетімдерді әркім сүйер, риза болар сол пендеге пәруәрдігер» -деп, ақын ғаріп, пақыр, жетім-жесірлерді сүйсең, оларға жақсылық жасасаң, Алла-тағала саған риза болып, ісінді ондайды, мақсатына жеткізеді дейді. Сөйтіп ұстаз ақын оқырманға адамгершілік тәрбиесінің ең түйінді тұжырымдарын жыр арқылы әсерлендіре жеткізеді, Алланың ақ жолы – адамгершіліктің шырағы екенін оқушы мен тыңдаушыға сезіндіре жырлайды.

4. «Хақиқат» - құдайға құлшылық ете білу, яғни бүкіл әлемді жаратушы күдіретті танып-біліп оған табыну, құдайдың күдіретіне сену әрбір мұсылманның парызы екенін сөз күді-ретімен түсіндіріп, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу.

Шыншыл, қамқоршы, мейірман ақын ел өміріндегі шындық пен әділеттілікті іздеп, көп жерде шыншылдыққа қиянаттың қырсығын көріп, мұзданады, көңілі сынады, көзіне жас алады, сөйтеді де ұрпағын «хақиқат дариясынан сусындауға», әділетсіздер мен күресе білуге шақырады, әділдікке, кісілікке, шыншылдыққа тәрбиелейді.

Яссауидің «Диуана хикмет» еңбегі түркі тілінде жазылған рухани және гуманистік бағыттағы кітап деуге болады. Оның хикметтерінің жеке өз басының түркілерге кеңінен танымал болу себебі – ол ұстамдылыққа және өзін-өзі жетілдіруге шақыратын құнды этикалық идеялар көтерді. «Қапалы жанды көрсең, бол оның сен емшісі», «Мен мойынсұнбайтындардың белгісін табуға тырысамын», «Еліктесең – пайғамбарға елікте, жетімдерді ұмытпа» т.б. Оның мейірімділігі, әділеттілігі, өткір ойлылығы, қарапайым қалың бұқараның жанының шындығын түсінбек ынтасы, өзін басқалармен тең ұстаған, көкіректілігі жоқ, ақ пейілді Яссауи даңқын әлемге былайша таратты:

«Мен сопымын» – мақтанасың жер – жерде.

Бірақ оның билігіне шыға алдын ба?

Сопымысың? Қолың неге жетіп

Шын жиналған көз жасы жоқ еді жүзінде».

Ұлы ғұлама ақын, ойшыл өзінің туындысында дін мұсылман қауымына Алланың ақ жолын, ақиқат жолын айтып беруді, ұғындыруды мақсат еткен. Кемеңгер ойшыл бұл жинағында өз уақытының шындығын өмірінің бүкіл болмысын, ғұмырлық тәжірибесін, ізденістері мен құлшыныстарын табу мен тану үшін не істеу керектігін өлеңдік өрнекпен, ғұламалық тереңдікпен, шын мұсылмандық ұғыммен жырлап отырған.

«Диуани хикмет» шығармасында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің үлкен бір саласы – имандылық тәрбиесі. Осы кезге дейінгі педагогикада тәрбиенің сан алуан түрлері сөз болғаны белгілі. Олар ақыл-ой, дене шынықтыру, адамгершілік тәрбиелері. Осынау тәрбие түрлерін ескі сарынмен топтастырмай-ақ, олардың барлығын жинақтап оны имандылық деп білеміз. Оның ойынша адамның имандылығы оның тілегінен, мақсатынан, осыған орай жүріс-тұрысынан, кішіпейілділігінен туындайды. Яссаuidің өзі де сыпайылық танытып, ізгілік көрсетіп, қажет болса жанашырлық жасап жүреді екен. Ол ата-ананды аяла, қарттарды сыйла, әрқашанда ата-бабаның қаны, Алланың жасы тамған туған жерді қорғауға әзір болу керектігін ерекше ескертеді. Қазақ халқының бар өмірі іргелес елдердің басқыншылық әрекеттеріне қарсы күреспен өтті деуге болады. Осы кездегі ел бастаған даналар мен батырларды жастарға үлгі етеді. Өзінің шығармасында олардың өмірлерін кейінгі ұрпаққа өнеге тұтады. Ол халықты имандылыққа шақырып, ынтымаққа, бірлікке, ұл-қыздарын сол қоғамның белсенді адамдары етіп тәрбиелеуге шақырады. Сертке беріктік, досқа

адалдық, мейірімділік, еңбек сүйгіштік, сұлулықты түсіне білу, отансүйгіштік сияқты ізгі мінездерді басқаларға үлгі ету кітабында кең орын алған.

«Кітап ашып, сурәлардың мәнін сұрап,  
Ұққанымша асықтым, әзер шыдап,  
Қол қусырып, ұстазымның сөзін сыйлап,  
Жаутаң қағып, көңілін бағып тұрдым мен де...» .

Осы хикметтердегі тәлімдік ой-пікірлері бүгінгі біз айттып жүрген имандылық тәрбиесімен ерекше қиюласып, ұрпақты жас бесігінен тәрбиелеуге көмектеседі. Қожа Ахмет Яссауидің 2-ші хикметінде:

«Жеті жаста Арыстан баб келді бабам,  
Хақ Мұстафа аманат берді маған,  
Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян,  
Нәпсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де...».

Бұл жолдардағы психологиялық ой-толғаныстары да бүгінгі күнгі жастарымызды тәрбиелеуде көп көмегін тигізетіні белгілі. Оның адамның жас ерекшеліктеріне берген сипаттамалары қазіргі ғылыми қағидалармен ұштасады, әр жастағы адамның көңіл күйі, сезім эмоциялары, түсінік-толғамдары әр түрлі болатындығын дұрыс көрсетеді. Дала ойшылының хикметтерінің бір қатары ғашықтық жайында сөз етеді. Бірақ онда әдеттегідей жігіттің қызға, қыздың жігітке деген сүйіспеншілігі емес, керісінше мәселе ақынның Алла тағалаға деген махаббат, іңкәрлігі туралы. Қожа Ахмет Яссауидің даналық сөздерінің көпшілігінде ұстазы Арыстан баб жиі еске алынады, ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлақ қойып, ой жібере қарауды ұсынады. Менмен, көрсеқызар, кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді, яғни ғұламаның хикметтері толған ғибрат, мәнді де мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы. Қожа Ахмет бір хикметтерінде надандарға сөзінді

қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүние-байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, мәңгілік ештеңе жоқ, дүние жалған ешкімге де опа болған емес, дүниеқоңыздықпен мәңгілік өмір сүргісі келген һарун перғауындар заманындағы Хоман немесе халық сүйіктілері Фархад-Шырын, Ләйлі-Мәжнүн қайда қазір, олар мәңгілік ғұмыр кешкен еді дейді. Ал «Диуани» соңындағы «Мінажаттар» жинақтың сөлі мен нәрі сияқты.

«Менің хикметтерімді дана естісін,  
Сөзімді дос қылып, мақсатына жетсін.  
Қияметте оған жетекші болармын,  
Егер дертті болса, дәрі болармын...», -  
дейді ұлы кемеңгер.

Ахмет Яссауи адам мен қоғам мәселелеріне де айрықша назар аударған. Ол бұқара халыққа үстемдік құрған әмірлердің, бектердің, қазылардың әділетсіз істерін сынайды, бұл дүниенің жалғандылығын айтады. Оның сопылық ілімінің басты мақсаты адам жетілдіру, адам бітіміне тән кейбір жағымсыз әдеттерді сынау. Сондықтан да Яссауи Құдай атынан парасаттылыққа, әділдікке, ізгілікке, тазалыққа үндейді. Оның ілімінде адамгершілік, гуманизм ойлары дін арқылы түсіндіріледі. «Кімде кім жамандық жасаса, ол күнәдан арыла алмайды, кімде-кім жақсылық жасаса, ол Құдайдың сүйіктісі болады». Адам проблемасы, гуманизм, адамның дүниеге қатынасының жалпы формалары бұрынғы және қазіргі философияның зерттеу объектісі, оның болмысы мен ойлауының таңғажайып сырлары, табиғаты мен мәні, өзін-өз тануы, рухани тазаруымен жетілуі, санасының формалары мен деңгейлері барлық заманда ғұлама философ ойшылдарды қатты толғандырған. Адамның практикалық іс-әрекетінің өз адамгершілік, гуманизм, имандылық деңгейлерімен



бағаланылады, оның ішкі дүниесінің негізгі формалары болып, махаббат, үміт және сенім есептеледі. Иmandылық халықтың бай рухани қазынасымен байланысты, әрбір адам осы рухани байлықты жүйелі түрде терең меңгеруі қажет. Бұл біздің де алдымызда тұрған негізгі мақсат. Яссауидің адам және оның имандылығы, адамгершілігі туралы ілімінің маңызы зор. Әрбір адамның ары таза болса, онда оның ісі де нәтижелі, ұлттық тарихымыз да таза болады. Ендеше бұл дүниедегі негізгі әлеуметтік-мәдени байлық-парасатты, иманды іші мен сырты әсем, ылғи ойы мен ісі бірлікті болатын адам. Соның ішінде адамның өзін өзі тануы – ең қиын мәселе. Данышпан Абай айтқандай: «Адам бол!» атты гуманистік идеясы сонау Яссауиден халқымыздың бойына сіңген өзіндік философиясына тән. Осы идея қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында біздер үшін өте маңызды. Құдайды тану негізінен этикалық акт деп атауға болады. Яссауидің қоғамдық-саяси және әлеуметтік дүниетанымының негізінде де этикалық идеялар жатыр. Оның пікірінше, кез-келген саяси және қоғамдық қызмет имандылық, әділеттілік, даналық, мейірімділік т.б. сияқты гуманистік, моральдік-адамгершіліктік принциптерге негізделуі қажет. Яссауидің мораль мен сопылықты біртұтас етіп қарастыру идеясы парсы сопысы Фарид ад-дин Аттаридің «Сопылық» қағидасымен сәйкес келіп тұр. Сонымен біздер сопылықтың негізін қалаған атақты ойшыл Яссауидің дүниетанымы мен философиясы туралы мағлұматтарды жүйелеуге тырыстық. Яссауи өзінің ұзақ жылғы гуманистік бағыттағы өмір жолын түйіндей келіп, бұл өмірде ақиқаттан артық қасиет жоқ деген қорытындыны былай жасайды:

“Қожа Ахмет, басынды елге ие біл,  
Ақиқатты ары таза сүйе біл.  
Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен  
Халық қана дүниеде ие бол...”.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Мырзалы С. Философия. – Алматы: «Бастау», 2010 ж.
2. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 4 том. – Астана, 2005 ж.
3. Кенжетаев Д. Қожа Ахмет Иассауи дүниетанымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008 ж.
4. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Ислам және заман. – Алматы, 2000.
5. Ислам энциклопедиясы. – Алматы, 1995.

*М.Ж. Спанов*

*философия ғылымдарының кандидаты, доцент,  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*

## **ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ КЕМЕЛ БАСШЫ ТАЛАПТАРЫ**

Бірінші басшы мәселесі бірінші басқару мәселесімен сабақтас. Осы ретте көңіл аударатын нәрсе Фарабидің бірінші басқару түсінігін екі мағынада қодануы: біріншіден-бұл дүниелік, екіншіден-тәңірлік. Фараби философия мен дін арақатынасына тоқталғанда, бірінші басқарудың қалада, халықта, мемлекетте етек жаятынын баяндайды. Бірақ әуелі қалалардың пайда болуынан бұрын бірінші басқару орын алу керек. Басқару надандықты ізгілікке айналдырады. Жер бетіндегі басқару бірінші басшы арқылы жүреді. Бұл дүниеге тән түрі. Фарабидің “Азаматтық саясат” еңбегінде басқарудың басқа мағынасын да табамыз. Мұнда бірінші басшы - абсолют. Ол ешнәрсеге мұқтаж емес. Бірінші басшы адамдарды басқарады, оларға білім береді, бірақ сол үшін адамдарға міндетті емес. Екінші жағдайда басқарудың тәңірлік мағынасы басым. Әбу-Насыр жер бетіндегі адаммен іске асырылатын басқару мен Ғаламдағы Алланың жүргізетін билігі арасында үзеңгі жарыспалар жүргізіп отырған. Қазақ данасында ежелгі қытай және грек философиялық ілімдеріндегі қатаң иерархиялық, сатылық, бағыныштылық, тікелей шендестіру байқалмайды. Мысалы, Лао-цзыдың “Дао дэ цзин” ғақлиясының ең басты идеясы “Адам жер заңдарына бағынады. Жер аспан заңдарына бағынады, Аспан дао заңдарына бағынады, ал дао өзіне-өзіне

бағынады” - деген қағида [1, 4 б.]. Фараби түсінігімен бұл қағида мазмұнының арасында қазақ данасының пайдасына шешілетін біршама айырмашылық көрініп-ақ тұр.

“Ізгілікті қала” құру идеясы тек қоғам қала құру идеясына негізделіп қана қоймаған. Ойшыл сондай-ақ адамның білім алуына, бақытқа жетіп кемелденуіне жағдай жасауға тырысады. Фараби “Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздерінде”, “денені емдеуші дәрігер” мен “жанды емдеуші әмірші” деген салыстырмаларды көп жерде тілге тиек етсе, сонымен қатар мемлекет құрылымын әрқашан адам ағзасымен салыстыра суреттейді. Оның ізгілікті қаласы - әрбір бөлшегі өз қызметін бұлжытпай ұқыпты атқаратын тірі ағза денесіне ұқсас. Жалпы “Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері” бірінші басшының қасиеттерін нақтылап толықтыра түсу нәтижесінде жазылғандай әсер қалдырады. Әбу-Насыр сөздеріне жақындатып алсақ, олар мынадай:

1. Жанның да өзіне тән денсаулығы, науқасы болады;
2. Адамның игі қылықтары-ізгілікті қасиеттер;
3. Денені емдеуші-дәрігер, ал жанды емдеуші мемлекет қайраткері.
4. Мемлекет қайраткері бүкіл өмірді емдейді.
5. Материя шындықтағы бар зат негізі.
6. Жанның басты бөлшектері мен күштері: а) нәрлендіру, ә) түйсіндіру, б) елестету, в) ұмтылу, г) ақыл-парасат.
7. Қайырымдылық, әдептілік қайраткердің ең басты қасиеті.
8. Ұстамдылық қайраткердің негізгі қасиеттерінің бірі.
9. Игілікті іс-әрекеттер арқылы, ізгілік және қамқорлық жасайтын басшы ғана зор қадір-қасиетке ие болады да, басқару өнерін әрқашан қолдануға құқылы.
10. Басшы адамда практикалық ақыл-парасат, пайымдағыштық, әдепті ізгілік, айқын ойшылдық, іскерлік зеректік,

шешендік, қиялшылық және де басқа игі қасиеттер болуы қажет.

11. Нағыз әкімде даналық, әділеттілік, батылдық қабілеттер болуы керек.

12. Басшының ақиқатқа негізделген мұрат-мақсаты болуы қажет.

13. Бейқамдылық сәтсіздік серігі болғандықтан, бейқам болмағаны дұрыс.

14. Бақытқа жетудің үш жолын-денсаулық, еңбек, білімді, әрбір адамның өмірлік қағидасына айналдырып, оларды ерінбей, қажымай тәрбиелеуі керек.

“Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері” (Фусул ал-Мадани) Фарабидің саяси философия саласында жазылған еңбектерінің соңғысы деген дерек рас болса, ойшыл бұл шығармасында әлеуметтік жүйесінің негізгі ұғымдарын-Адам, жан, материя, зат, басшы, ізгілік, еркінділікті пайдалана отырып, пікірлерін жинақтай түссе керек.

Дананың әлеуметтік философиясында әсіресе адам мәселесінің аумағы өте кең. Адам-Алланың ең жетілген жаратылысы. Адамның бақыты-Фараби философиясының өзегі. Зерделеп қарасақ, бәрі де адам мүддесі төңірегіндегі сауалдар. Адам өз бақытын тек қауымдасып өмір сүргенде ғана табатын болғандықтан, қаланың болуы шарт. Ізгілікті қала орнату үшін ең кемел адам жоғарыда көрсетілген барлық қасиеттерге ие болуы, Алланың ең сүйікті құлы болуы шарт. Ізгілікті басшы кемелденген адамның ең жоғарғы қызметі - оның “ізгі қоғам” орнатуға дәнекер болуы. Басшының арқасында қаланың ары қарай ізгілікті дамуы іске асады. Адамның дене бітімінде жүрек қандай қызмет атқарса, басшы ізгілікті қаланың “жүрегі” іспеттес. Қала-мемлекет мүшелерінің өзара белгіленген қызмет бөлінісі қала басшысының құзырында. Ол басқару ісін әбден

игеріп, қарамағындағы адамдардың әрқайсысын белгілі бір реттілікпен орналастырып, қабілетіне қарай жұмыспен қамтамасыз етуге міндетті. Ізгі басшы - Бірінші Тұлғадан аян күйінде түскен бақытқа жеткен адам. Бірінші Тұлғадан “бақыт” әрекетшіл ақыл-парасатқа, одан “жүре пайда болған ақылға”, кейін “бәйекшіл” ақылға, соңғысынан “елестету күшіне” не адамның ақыл-парасат күшіне түседі.

Қаланың кез келген тұрғыны өзін үнемі жетілдіріп отырса, ғана ол түпкі мақсатты жүзеге асыруға үлкен үлесін қоса алады. Фараби үшін қоғамдағы әрбір адамның орны ерекше. “Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері” еңбегінде қаржы табуға мүмкіндіктері жоқ, хал-ахуалы нашар адамдарға арнайы қор ашу керек деген нақыл сөзі осының дәлелі. Қала басшысы бір жағынан әркімге сәйкесінше орын бөлуге міндетті болса, екінші жағынан бөлінген орындарға сәйкес қала құрылымын тұрақты ұстап тұруы тиіс. Оған қызметтердің араласып кетпеуін қадағалау ісі де жүктелген.

Фараби философиясы бастан аяқ білімге негізделген. Білім - адамның ең басты игілігінің бірі. Осы себептен басшыға қойылатын басты шарт-білімге құштарлық. Тек білімді басшы ғана қаланы кемелдікке жеткізеді. Білім болмаса, елді надандық жайлап, ол қала күйреп, өз тіршілігін жояды. Адамдық та даналық та жағынан ұлы отырарлықтың текті мұрагері Абай өзінің атақты отыз сегізінші “Қара сөзінде” араб-мұсылман ұғымдарын қолдана отырып, білімнің тура жолға салуға да, иманды болуға да жасайтын қызметін айта келе, білімгер басшының, хакімнің қоғамдағы ерекше рөлін өте дәл көрсетеді. “Адаспай тура іздеген хакимдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің қызығы - осы жақсы хакимдер әр нәрсе дүниеде солардың истихражы (ойлауы) бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі-дүние ісі, ләкин осы хакимдердің жасаған, таратқан істері әддуния

мәзрәгәтул-ахирет (дүние ахиретінің егіні) дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әр бір ғалым хақим емес, әр бір хақим ғалым. Ғалымдардың нақлиясы бірлән мұсылман иман тахлиди болады” [2, 208 б.].

Фараби үшін де Абай үшін де білімділік, арлылықпен тікелей байланысты, ақыл, ғылым, білім азғырылмайтын, өзгермейтін, ар беріктігіне, мінез тұратылығына жетелеуі заңды нәрсе. Фараби мен, аға буын Абайдың саяси этикалық сарындағы ой-пікірлерін қазақ философиясының қайта өрлеу дәуірінің соңғы өкілдерінің бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы адам санасының шынар биігі ұждан мәселесіне дейін көтереді. Ол да Фараби сияқты этиканы ізгілік пен жамандықты ажыратуға негіз болатын ғылым ретінде қабылдады. Ізгілік тіршіліктің мазмұн мағынасының бір сипаты, сол себептен ол материямен болмыспен біте қайнап жатыр. Ал жамандық, болмыс жоқ жерден пайда болады. Адам бұл дүниеде жамандық атаулыны ізгілік жеңгенде ғана ізгі мұратына, игілікті мақсаттарына жетеді. Ендеше, қоғам өмірінде ар біліміне тәрбиелеп, адамдарды жаман әдеттерге қарсы тұра алатындай деңгейге көтеру лазым. Ар, ұждан ұғымының мазмұнын Шәкәрімнің өзі былай деп баяндайды: “Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді. Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс-ұждан. Ұждан дегеніміз, ынсап, әділет, мейірім” [3, 6 б.]. Ұжданды өз өміріне сүйеніш етпеген адамның жүрегін ешқандай ғылым, білім, өнер, заң тазарта алмайды. Адамзатты тұтас бір бауырдай көріп өмірін тек жақсылық жасауға арнаған кісі ғана таза мұсылман санатында бола алады. Шәкәрімнің ұждан туралы ілімі мұсылманшылдық сарындағы адамды рухани тазалыққа, имандылыққа, білімге, еңбекке шақыратын моральдық мәндегі дүние.

“Адамшылық іздесең, бұл жолға түс  
Алдау қылма біреуге қиянат күш!  
Жетілсең де жемтік жеп ел зарлатпа  
Ар-ынсаптың сүйгені - таза жұмыс!” [4, 479 б.].

Адам және кемел адамды тәрбиелеу мәселесі қазақ философиясының гуманистік, экзистенциалдық және ағартушылық сипаттарының айшықты көрінісін береді. Әбу-Насыр ұстамдылық, қайырымдылық деген бір-біріне жақын келетін екі қасиеттің ізгілікті қаланың қалыптасуына әсер ететінін пайымдайды. Ойшыл атап көрсеткендей, “қайырымдылық адамдар жанында берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда қалада теріс қылықтар жойылады”. Ізгілікті қаланың ең бірінші басшысы тағамға, ішімдікке, нәпсі құмарына ұстамды болуы тиіс. Басшының тағы бір басты қасиеттерінің бірі - шындықты сүю. Шындықты үнемі жақтап, жалған нәрседен бойын алшақ ұстау - басшының мызғымас қасиеті. Ер намысын, ел намысын қорғаған, жаны намысқой басшы ғана халықты басқа елдің бодауына жібермей қорғай алады. Мұндай басшылар болатындығын алыстан, сырттан іздемей-ақ, өз тарихымыздан-ақ көреміз. Абылай, Исатай, Махамбет, Кенесары - әр қайсысы шоқтығы биік алыптар.

Осылардың бірі “Махамбеттің айтуынша, ер ел үшін туады. Ел қамын жемеген, қара басының қамын ойлаған адамның адам боп тууынан басқаға келер пайда жоқ. Ел қамқорымын деген адам, елге сөз жүзінде емес іс жүзінде қамқор болсын. Қиялындағы, арманындағы адам емес, ондай жақсы азаматты Махамбет шын ынтасы мен, тілі жеткенше көтере мақтайды. Махамбет тұсындағы ондай мақтаулы, халық қамын ойлағыш, халықтың шын ұлы кім? Әрине, Исатай” [5, 279-280 бб.]. Басшының алдампаз дүниеден өзін жоғары ұстап, байлыққа құнықпағаны дұрыс. Бірінші басшы әлілеттікті жақтап, әділетсіздік көрсеткендерге қарсы



шығатын азамат. Ол өз адамдарынада, бөгделергеде әділетті болып, әділетсіздік көргендердің шыққан шығынын өтеуге міндетті. Басшыны басшы етіп көрсететін тағы бір қасиет-шешім қабылдауда зор табандылық көрсетуі. Бұл мемлекет беріктілігіне, қала тұрғындарының бақытқа жетуіне әсерін тиігізетін шарт. Десе де, он екі қасиеттің бір адам бойынан табыла кетуі сирек кездесетін құбылыс осыны да ескерген дана, аталған қасиеттерге ие адам кездеспеген жағдайда, қаланы екі немесе бірнеше басшының біріккен ұжымдық басқаруына берген. Екінші басшыға бастапқы он екі қасиет емес, соның алтауын ғана шарт етеді: дана болу, заң, ереже, әдет-ғұрыпты білу, өздігінен заң шығара білу, барлық істерде көргендік таныту, сөзбен халықты еліте білу, күш қуаты болып, әскери өнерді білу. Бірінші басшы, не екінші басшы, немесе ұжымдық басқаруға қойылған талаптар түрлерінің ерекшеліктеріне қарамастан, негізгі шарт біреу: ізгілік.

Қорыта айтар болсақ, басшы мәселесін көтергенде, әрине ойшылдар кәсіби философтардың кезкелгені биліктен үміткер болып, ел басқарып кете береді деген пікірден аулақ. Адам тумысынан біткен қабілет негізінде, сондай-ақ жүре келе дарыған білім және тәрбие деңгейінің өсуімен жетіле түседі. Жалпы адам болмысының өзі тумыстық қабілет пен өмірге келгеннен кейінгі оқу, тәрбие арқылы жинақталған біліммен сипатталады. Осы екі қасиетті бір басына сіңірген адам ғана кемелденген, жетілген адам. Жан мен дене бітімі толық, кәміл адам. Фарабидің жетілген адамы барлық күш-қуатын мемлекетке береді. Платонның “Республикасындағы” мемлекет басшысы қоғамдық жұмыстарды, ел басқаруды бақытқа жету жолында кедергі жасайтын мойнына түскен ауыр жүк десе, Фарабидің басшысы мемлекетті басқарудан, кемелдендіруден бойына рахат ләззат алады, себебі ол-көп халықты бақытқа кенелтуші “құдіретті жан”. Адамдар бірлестігі, мейлі қала, мейлі халық, адамзат бірлігі болсын,

кішірейтілген Ғалам суретін көрсетеді. Адамдардың бұл бірлестігі Ғаламда бар ирархиялық тәртіпшен орналасқан. Бақыт мәнін ұғыну Ғаламды түсіну арқылы келеді. Бұл теориялық және практикалық білімді талап етеді. Адамзат ғалам болмысын түсінген соң ғана, бақыт мағынасын игеруге қабілетті болады. Халыққа өмірдегі бар жақсылықты әкелетін Фарабидің ізгілікті қаласының басшысы болу оңай іс емес. Басшылыққа ұмтылған адамның тағы да екі шартқа сәйкестілігі ескеріледі. Біріншіден, ол адамның тумысынан басқаруға бейімділігі, екіншіден, ерекше ерік күшіне негізделген қабілеті. Сондықтан ел басқаруға қабілетті, білімді, дарынды, білікті азаматтарға ел тізгінін ұстатқанымыз абзал деп ойлаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Лао-Цзы. Дао-дэ цзин /Қытай тілінен аударған Ян-Хин-шун. - Алматы: Жеті жарғы; 2003. - 104 б.
2. Абай Құнанбаев. Шығармалар. Екі томдық II том. - Алматы. “Жазушы”, 1968. - 251 б.
3. Шәкәрім. Үш анық. - Алматы “Жазушы”, 1991. - 98 б.
4. Шәкәрім Құдайбердиев Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, кара сөздер. – Алматы: “Жазушы”, 1988. - 560 б.
5. Махамбет әлемі. Ақын тағдыры. Зерттеулер (1927-1946). - Алматы: “Арыс”. - 332 б.
6. Макиавелли Никколо. Патша. - Алматы: “Жеті жарғы”, 2003. - 235 б.
7. Соколов В.В. Философское дело Эразма из “Роттердама // Эразм Роттердамский. Философские произведения. - М., Наука”, 1987. - С. 5-68.
8. Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында // Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы. “Ғылым”, 1975. - 295-372 бб.
9. Платон. Государство. Соч. в 3-х томах. Том 3. Книга четвертая. – М., “Мысль” 1970. - 611 с.

*Мейманхожа Нұрмұхаммед Рысбайұлы*  
*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану*  
*институтының ғылыми қызметкері,*  
*гуманитарлық ғылым магистрі*

**ДІНИ АҒАРТУШЫЛЫҚТАҒЫ КӨРНЕКТІ  
ТҰЛҒАЛАР: МӘШНҮР ЖҮСІП ПЕН ҒҰМАР  
ҚАРАШТЫҢ ПАЙЫМДАРЫ**

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тағдыры мен әлеуметтік-саяси сахнасында көптеген өзгерістер орын алып, рухани пайымдарының қалыптасуына жаңа серпін өзгерістер әсер еткен жағдаяттар болған. Қазақ халқының рухани өміріндегі жаңа өзгерістер отандық зиялы қауым өкілдері мен ағартушы тұлғалардың жарқын идеялары арқылы қарапайым халыққа білім беру барысында танымдық, «ашықтық және прогрессивті» ой-пікірлердің қалыптасуына оң өзгеріске ықпал етуші тұлғалардың қызметтері ерекше орын алады.

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931 жж.) шығармаларындағы прогрессивті пайымдарды зерделеу арқылы діни ағартушылық қырларды анықтау мақсатында бірқатар ой-түйіндері қарастырылады. Ислам дініндегі сенім мәселесіндегі «жаңашылдық пен ашықтық» ұстанымдары аясында мұсылмандық көзқарастардың насихаты үшін бірнеше ой-пайымдарын зерделеу көзделген. Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің «Ықылас сүресі» атты өлеңінде келесідей мәтін кездеседі:

Құранның үшбу сүре нұры дүрлар  
Бұл сөзді тәпсирлерде қылған изһәр.

Үш рет ықыласымен айтса оны,  
Бір Құран оқып шыққан сауабы бар.

Құрмет қып, кім оқыса аузына алып,  
Өлгенде қабірі тұрар раушанданып.  
Қараңғы қабірінде осы сүре  
Жарқырап тұрар дейді шамша жанып.

Көңілі көпірліктен қауіп ойласа,  
«Иманым аман болсын!» - деп ойласа,  
Дүниеден ислам дінмен сапар шегер  
Ауызын мұны оқудан бос қоймаса [1].

Ағартушы тұлғаның «Толқын» атты шығармасында ағартушылық бағыттағы аксиологиялық маңызды ойдің түйіндерінде келесі мәтінде білім алу, еңбектенуге арналған насихаттары жазылған:

Алла адамды жаратты артық зерек,  
Өзгеден ерекше қып оқшау бөлек.  
Ақылыңа сыйғанды алып ұста-дағы,  
Ақылға сыймағанды қылма керек.

«Баяғыда болыпты Адам-ата,  
Мен – адаммын: сол болдым!» - деу зор қате.  
«Оқу бар, молда бар», - деп, алас ұрып,  
Үыз жаста болдық қой көп миқата [2].

М.Ж. Көпейұлының «Тіршілік қамы» өлеңінде тұлғаның мұралық идеялары жастар арасында әлеуметтік белсенділік пен рационалды пайымдарды насихаттауға арналған ұстанымдары қамтылған жазбалары мысалға келтірілген:

Өнерге ғылым-білім кірген жақсы,  
Өткізбе жігіт жасыт байқамастан.  
Білімге ие болсаң шын табарсың,  
Бала қып жұмыртқаны шайқамастан.

Күткен соң іс ақырын бір Құдайдан,  
Алдыңа өзі келер, байламастан.  
Әділдік, туралықта тұрғаннан соң,  
Кеңесте би боларсың сайламастан [3].

Жалпы айтқанда, М.Ж. Көпейұлы аталған шығармаларында дәстүрлі құндылықтарды насихаттау арқылы қарапайым халықты әлеуметтік белсенділікке шақыратын рационалды пайымдары қарастырылады. Жаратушыға сену арқылы әділдік, туралық, зеректік тәрізді сана-сезім мен іс-әрекетті қалыптастыруға үндейтін ой-толғамдары баяндалған.

Ағартушы тұлғаның өмірбаянын зерттеуші Мақсат Тәж-Мұраттың жазғанында, Ғұмар Қараш (1875-1921) - қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданына қарасты Борсы дейтін жерде туып өскен. Арғы тегі – ноғай қазақ, яғни XVI ғасырда ыдыраған Ноғай ұлысынан қалып, Нұралы хан тұсында Кіші жүз құрамына қосылған топтың өкілі [4, 8 б.].

Осы кезге дейін Ғұмардың өмір жолын зерттеушілер ақынның туған жылын әртүрлі айтып келді. Мәселен, ғұмартануда көп еңбек еткен зерттеуші Мұстафа Ысмағұлов өзінің жарияланбаған «Ой төркіндері» монографиясында «Ғұмар Қарашев – 1876-1921 жылдары өмір сүрген көрнекті ақын, публицист, қоғам қайраткері» деген.

Тарих ғылымдарының докторы Н.Д. Нұртазинаның пікірінше Ғұмар Қараштың, әрине, әртүрлі мерзімді баспасөзде еңбектер жариялаған қаламгер болғаны на-

зар аударды. Творчестволық мұрасын алсақ, Ғұмар Қараш 1910-1913 жылдарда Уфа, Қазан, Орынбор қалаларынан «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Өрнек» (Уфа, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Бедел хаж» (Қазан, 1913) аталатын поэзиялық және философиялық алты жинағын жариялайды.

Діни проблемалар тұрғысынан Ғ.Қараштың «Бедел қажы» атты публицистикалық мақаласы қызықты. Бедел хажы хақында шарифат айту үшін «Пидая шарқи», «Фатих-әл-қадир», «Таузих», т.б. кітаптарды қолданды. Исламнан терең хабардар қазақ теологы мақалада қазақ арасында кең тарап кеткен «сыртай қажылық» практикасын орынды сынайды. Бұл тағы Ғ.Қараштың «жаңа молдалар» жағындағы, яғни діни-реформаторлық позициясын анықтайды [5, 5 б.].

Ғ.Қараштың «Замананың адамы» өлеңінде жастар арасында прогрессивті бастамалар мен рационалды пайымды дәріптеуге арналған бірнеше мәтіндер кездеседі:

Заман азған шағында  
Түрлі де, түрлі күй болды,

Алақандай қағаз жолына  
Дін-дүниесін сарп етіп,  
Адамдығын қашырды.

Әй жігіттер, жігіттер,  
Адамдық деген ақ жолды  
Алға сала жүріңіз.  
Адамға лайық асыл сөз  
Құлаққа ала жүріңіз.  
Мынау бес күн тірлікте  
Бірлік ете көріңіз [6].

Ғ. Қараштың «Неден қорқам?» өлеңінде әлеумет арасында еңбек етуді және белсенді өмір қағидаттарын ұстануды үндейді, мәселен:

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,  
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам.  
Күлімдеп кіріп, ішкі сырынды алып,  
Құрылған

Сүзіліп, сопысынып дінді сатқан,  
Таңқы мұрт, таспа қара сұрдан қорқам.

Бұлғақтап құр білімсіз, ағымға еріп,

Білгенді еліктеген зырдан қорқам [7], деген пайымдарында ғұлама-ақын өзінің көзқарастары арқылы қоғамдағы әділеттілік, шынайылық, ар-ожданлық тәрізді асыл құндылықтарды жастарға насихаттағаны анық байқалады.

Қорытындап айтқанда, қазақ халқының аталған көрікті тұлғаларының шығармаларында ағартушылыққа арналған ой-толғамдары қарастырылып, «заман мен тұлға» арналары арқылы зерделеу барысында бірқатар пайымдар қорытындыланды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Ғұмар Қараш әлеуметтік қызметтерінде халық арасында ағартушылық жұмыс жүргізу барысында ислам дініндегі қасиетті мәтіндерге (Құран сүрелері мен діни өсиеттерге) сілтеме жүргізу тәсілдерімен, дәстүрлі танымдағы мысалдар арқылы «ашықтық пен жаңашылдық» ұстанымдарды дәріптеген. Сонымен қатар, діни себептер арқылы білім алудан алшақтауды сынға алған, діни сенімнің негізгі қағидаларын түсіндіру барысында рационалды сананы жаңғыртуға бағытталған ұстанымдары мен бірге, адал еңбек жасауға үндейтін көптеген насихаттары кездеседі.

*Мақала № BR 20280977 «Жаһандық трансформация жағдайында қазақстандық қоғамда әділдік мазмұнына және оны іске асыруға заманауи тұжырымдамалық тәсілдер» атты іргелі ғылыми жобасы аясында дайындалды.*

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2013, 2 том. - 8-9 б.

2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2013, 2 том. - 23 б.

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалар жинағы. Бірінші кітап/Құрастырып баспаға дайындаған Ж. Салтықова. – Алматы, 2023. – 185 б.

4 Мақсат Тәж-Мұрат. Тұрлаусыз тұлға, тауқыметті тағдыр: Ағартушы- Ғұмар Қараштың туғанына 130 жыл толуына орай// Қазақ әдебиеті. - N31(283) 4.08.2006. - 8-9 б.

5 Нұртазина Н.Д., Божбанова Б.Н. Қазақстан тарихындағы діни көшбасшы тұлғасы: Ғұмар Қараш.

6 Ғұмар Қараш туралы тың деректер // <https://www.lat.egemen.kz/article/171961-ghumar-qarash-turaly-tynh-derekter>

7 <https://bilim-all.kz/olen/4912-Neden-qorqam->



*Махамедова Балжан Жақыпбайқызы*  
*Ш.Мұртаза атындағы №30 мектеп-гимназиясының*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

## **С. БАҚБЕРГЕНОВТЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ РУХАНИ МАҢЫЗЫ**

Әдебиет ордасында көркем туындыларына әртүрлі тарихи кезең өкілдерін, ұлттық өмірдің шындығын арқау етіп, сол ақиқаттың бейнесін көркем суреттеген талантты қаламгерлердің бірі – С.Бақбергенов. Жазушы әйел-ана тақырыбына арналған шығармаларының қай-қайсысында болмасын әр дәуірдің тарихи шындығы бар поэтикалық көріністерін қамти отырып, тарихта болған әйел-ананың бейнесін шынайы да табиғи деңгейде баяндайды.

Қазақ прозасына 60-жылдардағы қуатты толқын легінде келіп, 80-жылдары үлкен күшке айналған С.Бақбергенов әңгімелеріндегі әйел-ана келбетін даралау сипатына үңілеміз.

Ұлан-байтақ қазақ даласында ғұмыр кешкен он үш әйелдің сан қилы тағдырлары суреттелетін көрнекті жазушы Сәуірбек Бақбергеновтың «Бөрте- Шыңғысханның жұбайы» атты повестер мен әңгімелер жинағы 1993 жылы «Жазушы» баспасынан жарыққа шықты. Кітапқа енген шығармалардың бірі - «Бөрте - Шыңғысханның жұбайы» [1]. Шығармада аты әлемге әйгілі Шыңғысханның анасы Дөлен, жұбайы Бөрте, сондай-ақ Шыңғысханның бетіне түкірген қара кемпір аталғанмен Ақтоты, оның келіні Күлше бейнелері шебер сомдалған.

Шығарманың алғашқы беттерінде автор «Есіктен ұзын бойлы, ат жақты, әдемі емес, сүйкімді ақ сарылау қыз бала

кірді» деп портретін беретін Бөрте – негізгі кейіпкерлердің бірі. Бөрте бойында табылып жататын ерекше қасиеттер - қазақ қызына тән ибалылық, сыпайылық, сонымен қоса ата-бабасының дәстүр салтына деген сыйластық, ой тереңдігі, ақылдылық. Бұл повестің бастапқы сәттеріндегі Теміршынның атастырып қойған жарын іздеп Мәңкеле қарияның ауылына барған сапарын суреттеуден-ақ айқын көрінеді.

Шығарманың өн бойында Бөрте бейнесі ширығып, дами-ды. Келін болып түскен сәттерінде ыстық аналық құшағын айқара ашқан Оөленге жатырқамай, өз анасындай қарауы Бөрте бейнесін тереңірек аша түседі. Жаңадан түскен жас келінді бөтенсімей аналық құшағын ашып, мейірімін төгіп «Міне, келінжан, Бөртежан, Есукей атты батырдан қалған қара шаңырақ, бар дүниелік осы. Шаңырақ қаусап ортасына түскелі тұрғанда, түндік ыстық пен суықтан, жауын-шашын, өкпек желден жидіп, іріп-шіріп кетуге сәл қалғанда оған иненің бірі боп сен келдің. Бас панамыз, ұшқан, енді ұшатын ұямыз да осы. Енді ойлаймын, мен көрген түс ып-рас боп, шынға шықса бұл шаңырақ бүтінділмейді, бұл түндік жаңарады. Тәңірім, осы тесік-тесік құрымдай түндіктен үйге сәуле түсірген. Ол сәуле, күн нұры, түнде түскен күн қуаты, түндіктен түсіп, жабықты жақтаулап, ақыры келіп менің бауырыма кірген. Мен оянып кеттім. Бүгін сол сәуледей, түндіктен түскен күн нұрындай болып сен келдің. Содан да сенің атың Бөрте болса да, сені мен Күнім, Күнкелін деймін!» деген ана сөзінің астарын, ана жүрегін түсінген ақылды Бөрте «Түсіңіз аспандағы айдай алтын боп, төбедегі күндей күміс боп, осы қара шаңырақтан салдырап етегіңізге төгілсін. Жабықтан көрінген сәулелер сәби болып, айналаңыз немере мен шөбере толсын, Өзіңіз солардың қызығын көріп, ұзақ өмір жасаңыз! – деп алақанын аспанға қарата жаяды [1, 41 б.].

Бөрте жүрегінің тазалығы, келін болып түскен босағаға деген таза ниеті аяулы ана Оөлөнді елжіретіп, тіптен сасқалақтап та тастайды. Үнсіз ұғысып тұрған келін мен ененің жайына қарап өзінің анасын келмей жатып баурап алған Бөртеге қарап Теміршын да таң қалады.

Шындығында «сеземін де білемін, жүрек деген тегін емес, бәрін ұғады, білдіреді. Сен бе, сен Бөрте осы шаңырақтың бағы мен базары, орта қазық, жел бақаны, тіреушісі болуға жаралған жансың» деген қарт ананың сөзі бекер болмайды. Бөрте келін болып түскен соң Есугейден қалған қара шаңырақ бірден жаңарып, жамалып кетпесе де, кедей үйінің түтіні бұрынғыдай емес, түзу шыға бастайды. Ең алдымен Теміршын әкеден қалған ерге отырып, атқа мінді. Бөрте құрсағынан шыққан төрт ұлдан бірнеше ұрпақ тарайды. Бөрте шығарма бойында құдай қосқан жары қатыгез болсын, зұлым болсын табиғат жасаған заңнан айнымай оған шын берілген жар, ұрпағын өсіруші ана болып көрінеді.

Бөрте бойына тән қасиеттер - өжеттік пен досқа адал, жауға қатал бір беткейлік шығармада жақсы көрініс тапқан. Күйеуінің барлық іс әрекеттеріне ол үнемі қосыла бермейді. Оған мына бір эпизод дәлел болады:

- Жақсылыққа жақсылық демеуші ме еді. Әкеңмен дос-жаран болған, кезінде өзіңе қысылғанда қол ұшын берген қарт адамды өлтіргенің не? - деген тікелей сауалға ол алғашында жауап бере алмай отырып қалады.

Бөрте - бауыр еті баласының жолында еш тайсалмайтын, балаларының тілеуін тілеп отыратын ана. Ана жүрегі еш алдамайды. Балаларына келе жатқан жақсылық пен жамандықты да ең бірінші сезіп білетінде ана. Мына бір көрініске назар аударайық: «Бір қызығы екі-үш айға созылған күнде кеңестің бірінде-бірінде «Хорезмге шабамыз, сөйтіп кек аламыз» деп айтушы табылмады. Бәрі де: «Хорезм үлкен ел, сонау Искен-

дер Зұлқайнарыннан бастап, одан соң Қар мен Дарилармен үнемі соғысып келе жатқан ел. Ондағы қарудың бәрі болаттан жасалған. Басына болат қалпақ, кеудесіне болат сауыт киеді. Оны шабу қиын. Енді ғана ел болған Монғолды құртып аламыз, - делінді. - Әлігі жалғыз көзді дәу Искендердің беті – қашып бара жатып, артына қарап атқан садақ оғын дәл тигізетін сақтардан ғана қайтқан. Мұның үстіне олардың мінген аттарының өзі ұшқыр, алысқа шабатын арғымақтар. Жылқы мен түйе терісінен, жүннен шекпен киген біз сынды сарбаз жоқ онда. Соғыстың сауыт-сайманы оларда мықты». Дегенмен, тоқсан күнге созылған кеңестің соңында, алғаш мәрте, бірінші боп, сөзді Шыңғыстың Бөртеден туған тұңғышы Жошы сөйледі. Жиырмаға әлі жете қоймаған баласының сөзі Шыңғысқа бәрінен қатты әсер етіп еді:

- Кек алмаймыз. Жаулап аламыз. Бағындырамыз. Бас игіземіз. Ең бас қаласы Хорезмді, Үргенішті алатын мен. Ал атағы, әке, сенікі болады. Баста сарбаздарыңды! – деді ол. Жорық басталып кетті. Жошы сөзін Шыңғысхан әйелі Бөртеге айтқанда: «Бала сөзін даналық десең өзің білесің. Бірақ мен оның өзіне тартқан ұл екенін, әкесі сенен бұрынырақ сезгенмін. Жошы жолы – үлкен жол. Ол әлі ұзаққа баратын өз жолына түскен жоқ. Хорезмге шабасың ба, жоқ па, ол еркек сенің ісің. Менің білетінім – Жошы ғана емес. Шағатай, Үкітай, Төлені де ұзақ жол күтіп тұр. Ол қайда баратын, не қылған жол екенін білмесем де, ұзақ, сапарын түсімде көргенмін: Алтайды өрген төрт күшік жолбарыс боп, Хан тауының, Шыңғыстаудың сені хан көтерген биігіне өрмелеп, басына шығып, одан басқа бір бөтен, белгісіз биіктерге көтерілді. Көзім талғанша оларға ұзақ қарадым. Мерт болар ме екен деп күдіктене, үреймен қарадым. Бірақ, күшіктерім құламады, мертікпеді. Қайта есейіп, өсіп, алыстап, көз ұшында сағымдай бұлдырап кетіп бара жатты. Мен қолымды көтеріп, айқайымнан оянсам түсім екен...» [1, 56 б.].

Бөрте көрген түс осылай еді. Бұл қайткенде де ана, сол күшіктерді дүниеге әкелген пенденің түсі еді-ау! Бұл Есукей шаңырағынан үт боп кірген әйел түсі, ана түсі еді. Қаламгер бұл шығармада адам баласының шындықты санамен бейнелеу барысында тікелей қатыспайтын психикалық құбылыстардың бірі түс көру, осыған байланысты түрлі мезеттер сынды көркем әдістерді пайдаланып, шығарманың тереңдігін танытқысы келген сияқты. Иә, бұл көркем әдістәсілдер шығарма тартымдылығын арттырып, әрине, ең бастысы көркемдік-идеялық сипатын тереңдетеді. Осы көркем туындыны оқи отырып, ондағы ақиқатты көріністерге соншалықты тебіренесіз, шығарма ойының күрделі қырлары елітпей әкетпей қоймайды. Бас қаһарманмен қосылып, өткен уақыт әлеміне сүңгіп шықпасыңызға амалыңыз тағы жоқ. Бұл қаламгер шеберлігінің нәтижесі.

Ана – баласының тілеуқоры. Қасында жүрсін мейлі, қиянда жүрсін ана жүрегі үнемі баласының қасынан табылады. Ұзақ сапарға аттанар алдында алыстан қарап тұрған шешесін көріп, бала кезі есіне түскендей жүгіре басып қасына келіп, «Апатайым!» деп шешесін құшақтап бауырына басып, «-Әкем айтқан шығар, өзім ойлап тапқан ұзақ сапарға аттанып барамын. Ақ батаңды бер, апатай, балаңа!» - деген Жошыға «-Айналайын, Жошыжан, жорытқанда жолың болып, атаң, тағаң Менлекенің аруағы қолдасын. Күндіз адассаң күн, түнде адассаң ай сенің жол сілтейтін бастаушының болсын! Мені де ұмытпа! Қысылған жерде ақ сүтін берген анаң, менің атымды аузыңа ал!» – деп баласын қайта құшақтап, бауырына басып, маңдайынан сипап, басындағы қалпағын алып, орайынан, нақ төбесінен сүйіп батасын берген Бөртенің жүрегі, тұла бойы балаларым деп соғып тұрады. Бұл қайткенде де ананың баласына деген ықыласы, тілегі, бәрінен бұрын ақ батасы еді.

Шығарма бойына әр беріп тұратын келесі негізгі кейіпкерлердің бірі - Оөлен кемпір. Оөлен шығармада ер мінезді де қайратты әйел бейнесінде суреттеледі. Баласы жалғыз келмей екеу болып оралғанына қуанғаны сонша Оөленге Есукей тіріліп келгендей болады. «Өлгенім тірілді, өшкенім қайтты. О, тәңірім бар екенсің! Көзімнің жасын, көңілдің наласын көріпсің, біліпсің, есіркепсің, есіңе апсың. Бәсе-ау, бәсе, түс көрім едім. Түбімде, мына жыртық үйдің тесік түндігінен күн сәулесі түсіп, қойныма келіп еді-ау». Сол сәуле сен екенсің ғой, Бөрте! Сол сәуле сен екеуің екен ғой. Түсім аян болды. Қараша үйім сәулеге, нұрға толды. Әлі ме, әлі сол сәуле, сол нұр, қара шаңырақтан талай-талай түседі. Немере сүйем. Бауырым балаға толады. О, тәңірім, көк аспан тілегімді бердің бе! Бәсе, бәсе деймін-ау. Көз жасым қорғасындай ауыр, алтындай таза еді-ау! Оны көрген екен, тәңірім!» деп ағынан жарыла қуанады.

Шығармада өжет мінезімен көзге түсетін кейіпкер – Күлше. Шығармада Күлше бейнесі өте жақсы тұлғаланған, адамгершілік қасиеттердің жаршысы бола алатын, адал жар, мейірімді ана кейпінде суреттелетін бейне. Амандоспен көзқарасы, дүниетанымы бір, рухани жан-дүниелері үндесетін Күлше алыста болса да жарының қиналысын жақсы сезінеді. Қосағының жаны қиналып басына іс түскенде жау қолына тастап кете алмайды. Ел басына түскен зобалаңға мойымай көтерген тазалық, адалдық, шыдамдылықтың жоғары символы ретінде көрінеді. Күлше - сабырлы, ақылды да төзімді әйел. Автор Күлшенің көзқарасын, сезімін арқау ете отырып ұлттық болмыстағы рухани тереңдіктегі қазақ әйелінің образын көркемдеуге тырысады. Күлше дүниеге кіршіксіз таза көңілмен қарайтын әйел адам. Ол қазақы тәрбиеде тәрбиеленіп, ененің қасиетін бойны сіңірген қазақтың қарапайым келіні. Үлкенді сыйлап, ата-ене көрген, соларды

жан-тәнімен жақсы көретін қазақ келінін сомдаған автор, сонымен бірге оның жар алдында инабаттылықты бойына сіңірген образын оқырманға нанымды жеткізеді. Адал, нәзік жанды Күлшеге жарының тұтқынға түсуі сезімтал жанына өте ауыр тиеді. Өзінің жарының жанында жүргені жарына аз да болса сүйеніш екендігін жете түсінген ол жау қолынан қорықпай қарсы жүреді. Бұл оның жарына адал берілген жан иесі екендігін айқын аңғартады. Оның жазықсыз жарына қол ұшын берер пенденің әйтеуір табылатынына деген сенімі, болашақтан күтетін үлкен үміті – барша адам баласын өз көңіліне салып өлшейтін риясыз мөлдірлігін паш етеді. Отағасының осылай тағдыр тәлкегіне шырмалуы отбасына қанша қиыншылық әкелсе де, оны өмірлік жарымен бірге көтерісе біледі. Осындай қиын-қыстау кезеңдегі оның бар қаруы – аналық мейірімі. Басқа қолынан келер еш қайраны жоқ Күлше ең болмағанда ерінің ұрпағын көбейтуді ойлайды. Қысталаң шақта жолдас, серік болған Бөрте Күлшені шын түсініп, барынша аяйды. Оған көмектесуді борышым деп сезініп, өз жарын алдауға дейін барады. Әйтсе де, өмір атты телегей теңізде адамгершілік рухын жоғары ұстай білген әйел бейнесі – автордың әдебиетке енгізген ерен еңбегі, жетістігі.

Шығармада автор образ толғамдарын, оның аузынан шығатын әрбір сөздерін өз мақсатына ерекше пайымдылықпен пайдалана білген. Жазушы кейіпкерлерін психологиялық ой-толғаныстар арқылы шығармалық тартыстар барысында, бүкіл болмысын, жан-дүниесін шынайы көрсетуге тырысқан.

Автор осындай жандардың шынайы келбеті мен жан-дүниесін ашуда көркемдік компоненттерді сәттілікпен қолдануға қадамдар жасайды. Диалог кейіпкер адамгершілік әлемін ашуда және жағымсыз бейне сомдауда, болмысын танытуда ерекше орын алады. Автор пайдаланған көркемдік деталь шығарманың бар ақиқатын аша түседі. Қаламгер

шығармасына негіз болған тақырыпты, идеяны халықтың ортасынан алып, психологиялық мәнді шығарманы қоғамдық жағдайларға сәйкестендіруі туындының эстетикалық мәнін аша түседі. Жазушы өзі өмір сүрген уақыт тынысымен ілесіп, проблемалық мәселе көтеріп отыр. Қаламгер күнделікті өмірдің сан қилы жағдайлар мен тағдырлардың жан сезімін толқытып, поэтикалық ізденістер барысында эстетикалық тәрбиелік мәнін терең түсінуге шақыратын әңгімелері классикалық шығармаларының кірпіші десек те болады. Заман шындығын көркемдік шындыққа айналдыру үшін жазушы терең ізденіс пен ауқымды мәселелерге тоқталады. Сол себепті қаламгер көркем туынды жазғанда материалдың мол қамтылуына арқа сүйейді. Бірақ сол уақыт тынысын көркем шындыққа айналдыруда бір тақырыптың өзі алуан түрлі сипатқа ие болуы мүмкін. Бұл қаламгердің сол шындықты өз көзқарасы, ой тұрғысынан эстетикалық дәрежеде жеткізе білуінде.

Әдебиет – өнер түрлерінің ішіндегі ең асылы. Өйткені, айнала қоршаған ортаны, қоғамдағы сан алуан өзгерістерді, адамның сыртқы бейнесін, ішкі әлемін әдебиеттей әрі нақты, әрі терең ашатын өнер дүниесі жоқ.

Кез-келген сөз зергері секілді С. Бакбергенов те өз шығармашылығында өмір шындығын ой-елегінен өткізіп, творчестволық көрігінде қорытып, көркем суретке айналдырады. Осы жолда, таудай таланты мен шынайы шеберлігін, дарынын сарқа жұмсап, жан-тәнімен беріле еңбек етіп, терең ізденіске барады. Көркемдікті әдеби шығарманың төл ерекшелігі мен дара сапалық көрсеткіші десек, ол суреткердің өмірді тани білуі, кейіпкер келбетін шебер бейнелеуі және ой-сезім мен жан-толғанысын әсерлі суреттеп, негізгі идеясын жеткізудегі қабілет-қарымына байланысты жасалады.



Қорыта айтқанда, біз өз жұмысымызда белгілі қаламгер С.Бақбергеновтың шығармаларындағы әйел-ана бейнесіне талдау жасап, өзіндік мәнерін, соны ерекшеліктерін таразылап-тануға ұмтылды. Бұл – бүгінгі күн үшін өте өзекті. Өйткені, бүгінгі қоғамда ананың қадірі қашып, ұрпақтың сана-сезімі өзгеріске түсуде. Қазақ әдебиетінде тұлғаланған Оөлен ананың, Бөрте мен Күлше секілді батыр мен ханның адал жары болумен қатар, ақылдылығымен тәнті еткен әйелдер образын жан-жақты талдап, тәрбиелік маңызын ашып көрсету – келелі міндет деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

Бақбергенов С. Бөрте – Шыңғысханның жұбайы. – Алматы, 1993.

*Исаева Мейрамкул Ибадуллаевна,*  
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институты, ғылыми қызметкер, PhD

*Ешпанова Дина Далабаевна,*  
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институты, жетекші ғылыми қызметкері, доцент, философия  
ғылымдарының кандидаты

## **ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ҚОҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ**

Қазіргі қоғамда гендерлік қорғаудың құқықтық механизмдері – гендерлік теңдікті қамтамасыз етуде, гендерлік қатынастарына қарамастан азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған заңнамалық базаның ажырамас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік саясаттағы гендерлік теңдікті іске асыру тетіктері – бұл мемлекет тарапынан алған саяси тәсілдер мен стратегиялар болып табылады. Бұл тетіктер көбінесе ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктеріне қатысты құқықтық нормаларды қамтиды. Қоғам өкілдерінің нәсіл, сынып, жас, мүгедектік және жыныс, тіл, дін сияқты ерекшеліктеріне қатысты теңсіздік пен кемсіту формаларымен күресудің заңды механизмдерінің қызметін талап етеді.

Ғылымда қоғам мүшелерінің, яғни дамның рөлі мен мәртебесін анықтау және түсіну үшін әртүрлі тұжырымдамалар бар. Осы теориялар шеңберінде әйелдер мен ерлердің гендерлік айырмашылықтары олардың мәдени ерекшеліктеріне, жасына, мәртебесіне, экономикалық табы-

сына қарай айырмашылықтар айқындалатын түрлі пікірлер менжіктеулер бар. Гендер ұғымы қоғам өкілдерін биологиялық және әлеуметтік нормалар тұрғысынан жіктеуге көмектеседі, ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтар мүдделер мен құндылықтардың айырмашылығын көрсетеді [1, 97 б.].

Ғылыми әдебиеттерде түрлі аспектіде қарастырылған теңдік ұғымының кең тараған екі түрі бар: абсолютті теңдік және салыстырмалы теңдік. Барлық адамдар үшін заң ережелерін тең қолдану абсолютті теңдіктің нәтижесі болып табылады. Ал, салыстырмалы теңдік болса бір лауазымда тұрған адамдардың бірдей заң ережелеріне бағынуын айтады [2, 5 б.].

Гендерлік теңдік дегеніміз – заң алдында ерлер мен әйелдердің тең болуы және әр түрлі мүдделерінің, қажеттіліктердің, жоспарлау, шешім қабылдау және іске асыру процестерінің теңдігі. Гендерлік теңдікке: саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа салалардағы әйелдер мен ерлердің теңдігі негізінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын мойындау кіреді. Гендерлік теңдік ұғымымен қатар гендерлік теңсіздік ұғымы да маңызды. Гендерлік теңсіздік ерлер мен әйелдерге әлеуметтену барысында әртүрлі рөлдерді жүктеу арқылы пайда болады. Гендерлік міндеттер, ерлер мен әйелдерге қатысты рөлдер және мінез-құлық тарихи процеске, географиялық территориялар мен мәдениеттерге сәйкес өзгеруі мүмкін. Тарих бойынша адам ұғымын ашуда: жасы, жынысы, мәртебесі, экономикалық күші және нәсілі секілді әр түрлі санаттарға жіктелген. Осы жіктеулердің бірі – адам өмірі үшін маңызды функциясы бар және оның мінез-құлқы мен өмір сүру деңгейін анықтайтын гендерлік құбылыстардағы «әйелдер» және «ерлер» ұғымдары. Гендер тұжырымдамасы қоғамның, топтардың, таптардың, қоғамның әлеуметтік-мәдени байланыстарының бірлігін көрсететін макро және микро құрылымдарды түсінуге мүмкіндік береді [1, 98-101 б.].

Мемлекеттің міндеті гендерлік саясатты жүзеге асыратын өкілді орган құру ғана емес, сонымен қатар, азаматтарға нәсіл, ұлт және басқа да дискриминациялық факторларсыз тең құқықтар мен мүмкіндіктер беру. Гендерлік саясат – заманауи қоғамдарда мемлекеттік саясаттың жүзеге асырып отырған негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Демократиялық қоғамның шарттарының бірі болып саналатын гендерлік саясаттың мақсаты – гендерлік теңдікті қаматасыз ету болып табылады. Жалпы, гендерлік теңдік – еркек пен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін тең деңгейде жүзеге асыруы дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарында барық азаматтардың заң алдында теңдігі баяндалады.

Еіміздің Конституциясының 1 бабының 1 тармағында:

«1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», деп мемлекеттің ең басты қазынасы адам және оның құқықтары ең маңызды құндылықтары деп баяндайды. Бұл маңызды құндылықтардың бірі де азаматтардың заң алдында теңдігі.

ҚР азаматтарының заң алдында теңдігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында:

«1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды», деп ҚР Конституциясында кемсітушіліктің барлық түрлерінен қорғауға кепілдік береді [3].

Елімізде гендерлік теңдікті жүзеге асыруда құқықтық нормалармен қатар гендерлік саясатты жүзеге асұрға бағыттал-

ған стратегиялық бағдарлама да бар. Қазақстандағы гендерлік саясатты жүзеге асыруды реттейтін бағдарламалық құжат «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» 2005 жылы 29 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің №1677 жарлығымен қабылданды. Бұл құжатта гендерлік саясаттың негізгі он бағыты көрсетілген:

- Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету;
- Қоғамдық-саяси өмірде гендерлік теңдікке қол жеткізу;
- Экономикада гендерлік теңдікке қол жеткізу;
- Гендерлік білім;
- Құқықтық және гендерлік ағарту ісі;
- Ерлер мен әйелдердің репродуктивтік денсаулығын нығайту;
- Қоғамда жынысқа байланысты зорлықзомбылыққа жол бермеу;
- Отбасында гендерлік теңдікке қол жеткізу;
- Отбасын нығайту және отбасындағы тәрбиенің рөлін күшейту;
- Гендерлік-сезімтал қоғамдық сананы жетілдіру [4].

Бұл стратегиялық бағдарлама еліміздегі гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталғанымен бұл қызметтердің толық жүзеге асуын қамтамасыз ететін механизмдер нақтыланбағандығын айтуға болады.

Әлемдік аренадағы едердің қатысуымен бекітілген көптеген халықаралық екіжақты немесе көпжақты келісімшарттар гендерлік теңсіздікті жоюға бағытталған. 1948 жылы БҰҰ шешімі қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 2-бабында барлық адамдардың нәсілдік, түс, жыныс, тіл, дін және т.б. айырмашылықтарына қарамастан тең екедігі баяндалған:

«2 бап. Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс» [5].

БҰҰ-ның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактының (1966) 3-бабында Келісімге қатысушы мемлекеттер азаматтарға осы Келісімде көрсетілген гендерлік теңдік және саяси құқықтарды жүзеге асыруға тең құқықты беруге міндеттеген:

«3-бап. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер, осы Пактіде көзделген барлық азаматтық және саяси құқықтарды пайдалану құқығы ерлер мен әйелдерге тең болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді» [6].

БҰҰ-ның Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактының (1967) 3-бабында:

«3-бап. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер Пактіде көзделген барлық экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды ерлер мен әйелдердің тең пайдалануы құқығын қамтамасыз етуге міндеттенеді», деп «гендерлік теңдік» құқығы қарастырылған [7].

1950 жылы Еуропа Кеңесінің Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенциясының (ECHR) 14-бабында адамдардың жынысына қатысты және басқа себептер негізінде теңсіздікті жоюға арналған міндеттемелер бар [2, 15 б.]

Гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық ұйымдардың қабылдаған халықаралық конвенциялары мен ұсыныстары келесідей:

- Соғыс уақытында бейбіт тұрғындарды қорғау туралы Женева Конвенциясының (IV) I және II тиісті қосымша хаттамалары (1949 ж.)

- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы және оның қосымша хаттамалары (1989 ж.)

- Халықаралық қылмыстық соттың Рим Конвенциясы (1998 ж.)

- Еуропа Кеңесінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау туралы конвенциясы (2002 ж.)

- БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы (2006 ж.)

- Еуропа Кеңесінің Балаларды жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғау туралы конвенциясы (2007)

- Еуропа Кеңесінің Гендерлік теңдік стандарттары мен механизмдері жөніндегі Ұсынысы R (2007) №17.

- Еуропа Кеңесінің Қақтығыстардың алдын алу, шешу және бейбітшілікті орнатудағы әйелдер мен ерлердің рөлі туралы ұсынысы R (2010 ж.) № 10 [2, 14 б.].

Гендерлік теңдік мәселелеріндегі ең алғашқы дамыған мемлекеттер – Швеция, Финляндия, Норвегия болып саналады. Бұл мемлекеттердегі гендерлік теңдік саяси өмірдің ерекше тарихи дамуымен негізделген. Мысалы, бұл Финляндияда (1917), Норвегияда (1913) және Швеция (1919) және әйелдер сайлау құқығының алғашқыларының бірі болды. Әйелдердің белсенді сайлауға қатысуы нәтижесінде гендерлік теңдіктің орындалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік механизмнің ағышарттарын қалыптастырды. Бұл елдердегі гендерлік теңдік мәселелері басқа мемлекеттерге әсер ететін идеология болып табылды [8, 155 б.].

Қорытындылай келе, жаһандану процесінде демократиялық дамуды көздейтін елдер адам құқықтарын қорғау стандарттарын бекітуге ерекше мән береді. Сәйкесінше, бұл елдер Конституцияларында, заңдарында және нормативтік-құқықтық құжаттарында адам құқықтарының қорғалуына басымдылық береді. Адам құқықтарын қорғаудағы ең маңызды принциптердің бірі – заң алдындағы теңдік бо-

лып табылады. Конституциямызда теңдік ұғымы адам құқықтарының басты негіздерінің бірі және әр түрлі жыныс, нәсіл, дін немесе әеуметтік топ өкілі болған айырмашылықтарына қарамастан, барлық адамдар тең деп көрсетілген. Гендерлік теңдікті қорғаудағы құқықтық тетіктердің қызметі қоғамдағы өзгерістер динамикасын ескере отырып жүргізуі тиіс. Осылайша, гендерлік қорғаудың құқықтық тетіктері гендерлік теңдікке және әділ қоғамға қол жеткізуде қажетті құрал ретінде демократиялық органы дамытуға негіз болып табылады.

*Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған (AP14871282 «Қазақстандағы этносаяси демография және биполярлық қоғамның трансформация-сы»)*

### Пайдаланылған әдебиеттер

1 İbrahim Akkaş. Cinsiyet ve toplumsal cinsiyet kavramları çerçevesinde ortaya çıkan toplumsal cinsiyet ayrımcılığı, Kev Akademi Dergisi, İcoae, Özel Sayısı, 2019. – Ss. 97-118

2 Veysel Dinler. Toplumsal cinsiyet eşitliği ve hukuk. – Ss. 1-16.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

4 Өскембаева М.Ә. Резвушкина Т.А. Бейсенова А.А. 2017 жыл Қазіргі Қазақстандағы әйелдер мен ерлерге қатысты саясат. – Бб. 8-45. // <https://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/13621.pdf>

5 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>

6 Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті, (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан) // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0500000091\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0500000091_)



7 Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт, Біріккен Ұлттар Ұйымы, 1967 // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087_)

8 Шиндина А.В. Вопросы реализации конституционного принципа равенства в гендерном аспекте (на примере формирования представительных органов власти) // Вестник Сургутского государственного университета. – 2021. – № 2. – С. 152–158 // <https://cyberleninka.ru/article/n/voprosy-realizatsii-konstitutsionnogo-principa-ravenstva-v-gendernom-aspekte-na-primere-formirovaniya-predstavitelnyh-organov>

Жазбалар үшін

Жазбалар үшін

*Ғылыми басылым*

**ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ  
ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК**

Республикалық дөңгелек үстел материалдар жинағы

Сборник материалов республиканского круглого стола

**ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО  
В КАЗАХСКОЙ ТРАДИЦИИ И ИСЛАМЕ**

Мұқабаның дизайны: *Б. Леспек*

Беттеу: *Ж. Рахметова*

ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану  
және дінтану институты» ШЖҚ РМК

Басуға 21.11.2024 ж. қол қойылды.  
Таралымы 500 дана. Пішімі 60x84 1/16.  
Шартты баспа табағы: 8,75.

ЖК «ИМПУЛЬС» баспасында басылып шығарылды.  
Қаскелең қ., ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл көшесі, 35 үй.